



**2015**  
жылдық есеп





<b>ҚЫЗМЕТТІҢ ҚЫСҚАША НӘТИЖЕЛЕРІ</b>	2	<b>КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ</b>	42
Есеп туралы	3	Акционерлік капитал құрылымы	43
Компания профилі	3	Акционерлердің жалпы жиналысының нәтижелері	43
2009–2015 жылдардағы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Шекті тарифтер бағдарламасы аясындағы нәтижелері	4	Дивидендтер туралы ақпарат	43
2013–2015 жылдардағы қызметтің негізгі көрсеткіштері	5	Ұйымдық құрылым	44
Қызмет ету географиясы	6	Директорлар кеңесі	46
Жылдың негізгі оқиғалары	7	Директорлар кеңесінің құрамы	46
Басым міндеттерді жүзеге асыру нәтижелері	8	Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер	49
2020 жылға дейінгі Инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру перспективалары	9	Директорлар кеңесі қызметінің нәтижелері	50
		Атқарушы орган	50
		Ішкі бақылау және аудит	51
		Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп	52
		Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері	52
<b>БАСШЫЛЫҚ ҮНДЕУІ</b>		<b>ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ</b>	54
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі	11	Қызметке айтарлықтай ықпал ететін тәуекелдерге талдау	55
Бас директор үндеуі	13		
<b>КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ</b>	14	<b>ТҰРАҚТЫ ДАМУ</b>	58
Тарихы	15	Елеулі аспектілер мен шекаралар	60
Бизнес-модель	16	Мүдделі тараптармен өзара қызмет	61
Негізгі өндірістік сипаттамалар	16	Экологиялық саясат	62
Компания құрылымы	17	Ақпараттық саясат	69
Еншілес ұйымдар	18	Кадрлық және әлеуметтік саясат	70
Даму стратегиясы	20	Кәсіподақ ұйымдарымен өзара қызмет	74
Рейтингтер	21	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	74
		Корпоративтік оқиғалар	78
<b>НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ</b>	22	Қайырымдылық және демеушілік	79
Экономикаға шолу	23		
Энергетика саласына шолу	25	<b>ЕСЕПТІҢ GRI G4 НҰСҚАУЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІК КЕСТЕСІ</b>	80
<b>ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ</b>	32	<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК</b>	86
2009–2015 жылдары Шекті тарифтер бағдарламасы қызмет еткен кезеңдегі инвестициялық бағдарламалардың жүзеге асуы	33	<b>ГЛОССАРИЙ</b>	94
2015 жылғы қызмет нәтижелері	34	<b>ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ</b>	95
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер	37	<b>БАЙЛАНЫС</b>	96
2016 жылға негізгі мақсаттар мен міндеттер	41		

## ҚЫЗМЕТТІҢ ҚЫСҚАША НӘТИЖЕЛЕРІ

«СЕВКАЭНЕРГО» АҚ басым міндеттері – Компанияның қарқынды дамуына негіз болатын басты жабдықтарды жаңғырту және қайта құру бойынша шаралар болып табылады. Компания кәсіпорындары 2015 жылы инвестициялық бағдарлама аясында 8,0 млрд теңгенің шараларын атқарды. Оның ішінде «СЕВКАЭНЕРГО» АҚ-нда өндіріс жобаларына 2015 жылы 6,5 млрд теңге бағытталды.



### 2015 ЖЫЛЫ



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдан «Шекті тарифтерді қолдану туралы» қаулысына негізделген мемлекеттік бағдарламасының әрекет ету мерзімі аяқталды. Бағдарлама электр энергиясы өндірісі тарифі құрамына инвестициялық құрамдас бөлігін қосуға мүмкіндік беріп, ол қазақстандық энергетикалық кәсіпорындарда жаңа қондырғыларды өндіру және жаңғырту жобаларын жүзеге асыруға капиталдың ағылуына негіз болды. Бұл бағдарлама бойынша «СЕВКАЭНЕРГО» АҚ инвестиция көлемі 2009–2015 жылдары 30,7 млрд теңгені құрады.


**СЕВКАЭНЕРГО**


### ЕСЕП ТУРАЛЫ

«СЕВКАЭНЕРГО» АҚ 2013 жылдан бастап жыл сайынғы тәртіпте Жылдық есебін шығарады. Бұған дейінгі 2014 жылғы есеп 2015 жылы тамызда жарияланған болатын.

Компанияның бұл Есебі «СЕВКАЭНЕРГО» АҚ және оның еншілес кәсіпорындарының қызметі туралы ақпаратты ұсынады. Құжат бірінші рет GRI G4 нұсқаулығына сәйкес әзірленген Тұрақты даму туралы Есепті қамтиды. Электр энергетикасы саласына арналған GRI G4 қосымшасы мен ақпаратты жария етудің негізгі нұсқасы қолданылды. Есептіліктің стандартты элементтері мен көрсеткіштер жарияланған кесте «Есептің GRI G4 нұсқаулығына сәйкестік кестесі» бөлімінде орналасқан.

### КОМПАНИЯ ПРОФИЛІ

«СЕВКАЭНЕРГО» Акционерлік қоғамы – Солтүстік Қазақстан облысының электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және өткізумен айналысатын кәсіпорындарын қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания болып табылады. Кәсіпорын «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ («ОАЭК» АҚ) компаниялар тобына кіреді. «СЕВКАЭНЕРГО» АҚ өндіріс, экология, денсаулық және әлеуметтік саланы қорғау бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс жүргізеді және әлемдік жетекші тәжірибелерді белсенді түрде қолданысқа енгізеді.

### МИССИЯ

Компанияның міндеті - Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарының өмір сапасын арттыру және облысты экономикалық тұрғыдан дамытуға жағдай жасау. Бұл мақсатқа Солтүстік Қазақстан облысындағы және Петропавл қаласындағы тұрғындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, бюджеттік және коммерциялық ұйымдарды энергиямен қамсыздандыру және олардың тіршілік етуін қамтамасыз ету бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы қол жеткізіледі.


Көрсетілетін қызмет сапасын қамтамасыз ету барысында барлық техникалық талаптарды сақтай отырып, энергиямен қамсыздандыру сенімділігі әрі үздіксіздігі және тұтынушыларға қызмет көрсетудің жоғары деңгейі көзделеді.

Тиімділіктің негізі – Компания қызметкерлері болып табылады. Олардың жоғары кәсібилігі, командада жұмыс істеу қабілеті және нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлануы алға дамуды қамтамасыз етеді.



2009–2015 ЖЫЛДАРДАҒЫ «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ШЕКТІ ТАРИФТЕР БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

ИНВЕСТИЦИЯЛАР (млрд теңге)



30,7 млрд теңге инвестицияланды


174 МВт енгізілді және жаңартылды

Орнатылған қуат өсімі 26%


Электр энергиясы өсімі 18,2%

Күл шығарылымдары 75% қысқарды

ҚУАТТЫЛЫҚТАРДЫҢ ЕНГІЗІЛУ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛУЫ (МВт)




ӨНДІРІСТІК ҚУАТТЫЛЫҚТАР ҚҰРЫЛЫМЫ (МВт)




63,7% Жаңғыртылмағандар 36,3% Жаңартылғандар


ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ӨНДІРІСІ (млн кВт·с)



ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ ӨНДІРІСІ (мың Гкал)




ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР КОНЦЕНТРАЦИЯСЫ



2013–2015 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР



ЭНЕРГИЯ ӨНДІРІСІ




АКТИВТЕР





ҚЫЗМЕТ ЕТУ ГЕОГРАФИЯСЫ



ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

Энергия тұтынушылар саны

**ЭЛЕКТР  
ЖЫЛУ**



Электр және жылу энергиясын өндіру



Электр энергиясын тарату



Жылу энергиясын тарату



Электр және жылу энергиясын өткізу

ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

**2015 жылғы қыркүйекте** «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда №1 К-63-90 жаңа турбоагрегаты пайдалануға берілді, ол жыл ішінде 500 млн кВт-с-тан астам электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Жаңа турбина станцияның орнатылған қуатын 21 МВт-қа, иеліктегі қуатын 63 МВт-қа арттырды. Станцияның энергетикалық қондырғысының жиынтық қуаты 455 МВт құрады.

**2015 жылы** ТА-7 қуатын 24 МВт-қа (100 МВт-қа дейін) арттыруға мүмкіндік берген №7 Т-76-90/2,5 турбоагрегатын қайта құру жүргізілді. Станция энергетикалық қондырғысының жиынтық қуаты қайта маркалаудан кейін 479 МВт құрады.

**2015 жылы** Петропавлда «Нұрлы Жол» бағдарламасы және мемлекеттік бюджетті игеру аясында «Петропавл жылу желілері» ЖШС жылумен қамту жүйесін жаңғырту жобасын жүзеге асыру басталды. ОЖТП-дан қолданыстағы №3 жылу магистраліне дейінгі учаскеде, сондай-ақ, «Жас Өркен» шағын ауданының инфрақұрылымының инженерлік-коммуникациялық түрлі учаскелерінде №1 2Ду1020 мм жылу магистралінің құрылысы жүргізілді. ППУ құбырлары көмегімен 28,16 км желі салынды. Сонымен бірге мемлекеттік бюджет қаражатына 2015 жылы 11 км жылу желісіне бір құбырлы орындауда жұмыстар атқарылды.

**2015 жылы желтоқсанда** «Петропавл жылу желілері» ЖШС-не 50 жыл толды. Бүгінде ол – тұрмыстық сектордың 68 мың абонентін және облыс орталығының өнеркәсіптік, бюджеттік, коммерциялық және өзге кәсіпорындарының 2 мыңнан астам абонентін жылумен қамтитын заманауи кәсіпорын болып табылады.

**2015 жылы мамырда** «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдық құрметіне орай Жеңіс скверін ашты. Шара аясында «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығының аумағында Ұлы Жеңіс құрметіне мемориалды тақта орнатылды.

**2015 жылы желтоқсанда** Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында 320 орындық «Алақай» балабақшасы салтанатты түрде ашылды. Әлеуметтік нысан құрылысы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның қатысуымен жүргізілді. Мектепалды нысан құрылысын «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ («ОАОЭК» АҚ) қаржыландырды.





## БАСЫМ МІНДЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ басым міндеттері – Компанияның қарқынды дамуына негіз болатын басты жабдықтарды жаңғырту және қайта құру бойынша шаралар болып табылады.

### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Компания кәсіпорындарында 2015 жылы инвестициялық бағдарлама аясында 8,0 млрд теңгенің шаралары атқарылды. Оның ішінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндіріс жобаларына 2015 жылы 6,5 млрд теңге бағытталды.

2015 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдан «Шекті тарифтерді қолдану туралы» қаулысына негізделген мемлекеттік бағдарламасының әрекет ету мерзімі аяқталды. Бағдарлама электр энергиясы өндірісі тарифі құрамына инвестициялық құрамдас бөлігін қосуға мүмкіндік беріп, ол қазақстандық энергетикалық кәсіпорындарда жаңа қондырғыларды ендіру және жаңғырту жобаларын жүзеге асыруға капиталдың ағылуына негіз болды. Бұл бағдарлама бойынша «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ инвестиция көлемі 2009–2015 жылдары 30,7 млрд теңгені құрады.

### ЖАҢА ҚОНДЫРҒЫНЫ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ

Жоспарға сәйкес, 2015 жылдың қыркүйегінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда толықтай ауыстырудан кейін №1 турбоагрегат пайдалануға берілді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде орнатылған электр қуаты 455 МВт құрады. Жаңа турбоагрегатты пайдалануға беру станция жұмысының сенімділігі мен үнемділігін арттырып, өндіріс қондырғыларының тозуын 14%-ға азайтты. Жобаға 5,3 млрд теңге инвестиция салынды.

Сондай-ақ, Петропавл 2-ЖЭО-нда №7 турбоагрегатты қайта құру жұмыстары атқарылып, ол турбинаның 3 МВт көлеміндегі қуатын шектеуді жойып, отынның бөлшек шығындарын қысқартты және турбинаны жасаушы зауытта қайта маркалаудан кейін 2016 жылдың қаңтарына станцияның орнатылған электр қуатын 479 МВт-қа дейін арттырды. Турбоагрегатты қайта құруға 2015 жылы 641,47 млн теңге бағытталды.

2015 жылы электр қуатын 33-тен 95 МВт-қа арттыру мақсатымен Петропавл 2-ЖЭО-ның №5 турбоагрегатын жаңғырту жұмыстарын атқару жалғасын тапты. Сондай-ақ, станцияда бу өнімділігін 50 т/с-қа арттыру мақсатымен №12 қазандық агрегатты жаңғыртуға кірісті, ол станция жұмысының сенімділігі мен үнемділігін арттырады. №5 турбоагрегатты және №12 қазандық агрегатты іске қосу 2016 жылға жоспарланған.

### ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК НЫСАНДАРДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ

2015 жылы «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ қаржыландыру көлемі 1,6 млрд теңге инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырды (нақты орындалуы – 1,4 млрд теңге).

Инвестициялық бағдарлама шараларының қатарында 10–0,4 кВ қысымды 45,757 км әуе және кабельді электр беру желілерін қайта құру бойынша жобалар іске асырылды. Жүзеге асқан жобалар қатарында – Петропавл қаласы мен Қызылжар ауданының Бескөл ауылында 25,3 км 0,4 кВ әуе желілерін «жалаңаш» сымнан ӨОС 4 (өздігінен берілетін оқшаулағыш сым) маркалы сымға ауыстырып қайта құру, сондай-ақ, Петропавл қаласы, Бескөл ауылы, Соколовка, Петерфельд селоларында төмен деңгейлі ЭКЕАЖ (электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі) 4158 есептеу

нүктесін, сонымен бірге облыс шағын станцияларында жоғарғы деңгейлі ЭКЕАЖ 17 есептеу нүктелерін орнату бар. Сондай-ақ, есептік жылы кәсіпорын Еуропа Қайта құру және Даму Банкімен (ЕҚДБ) берілген 448,35 млн теңге көлеміндегі несиелі қаражатын игерді. Аталған жоба аясында Петропавл қаласында ЭКЕАЖ жүйесіне қосылған 7166 есеп түйіні орнатылып, 263,93 млн теңгеге 46,136 км 0,4 кВ әуе желілері өздігінен берілетін оқшаулағыш сымға ауыстырылды.

### ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІН ҚАЙТА ҚҰРУ

2015 жылы «Петропавл жылу желілері» ЖШС капиталдық салымдар жоспары және Еуропа Қайта құру және Даму Банкі (ЕҚДБ) аясында 122 млн теңгені игерді. Кәсіпорын 5,078 км құбыр желісінің қаптамасын қалпына келтіру жұмыстарын атқарды.



## 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2009–2020 жылдарға арналған жоспарланған инвестиция көлемі 99 млрд теңгені құрайды. Инвестициялық бағдарлама аясында үш бағыт бойынша шаралар жүзеге асырылады:

- өндірісті арттыру;
- беру кезіндегі электр және жылу шығындарын қоса алғандағы энергия үнемдеу;
- өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту.

Инвестициялық бағдарламаны орындау нәтижесінде өндіріс станциясы (Петропавл 2-ЖЭО) қондырғысының тозу деңгейі 2020 жылға қарай 89,2%-дан

62,5%-ға төмендейді, толықтай жаңартылған өндірістік активтер 36,84% құрайды, электр энергиясы бойынша орнатылған қуат 42,37% (380-нен 541 МВт-қа) артса, жылу энергиясы бойынша 16,99% (858,9-дан 713 Гкал-ға) азаяды (орнатылған жылу қуатының азаюы теплофикациялық турбинаның конденсатты (ТА-1) турбинаға ауыстырылуымен байланысты). Зиянды шығырылымдар 69,2%-ға азаяды. Компания нормативтен тыс шығындардан толықтай құтылады.



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

**Құрметті акционерлер мен серіктестер!**

Есептік жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық бағыттар бойынша жұмыстарды жалғастырды. Бұл бірінші кезекте тұрақтылықтың өсімі мен қатысу аймағындағы энергия өндіру, тасымалдау және өткізу саласындағы өндірістік қарқынды арттыруға бағытталған қолданыстағы активтерді жаңғырту, қайта құру, техникалық қайта жарақтандыру және жаңалау бойынша шаралар болып табылады. 2015 жылы энергетика нарығының әрбір субъектіне инвестициялық бағдарлама әзірлеп, жүзеге асыруға міндеттер бекіту есебінен салаға инвестиция көлемін арттыруға мүмкіндік берген мемлекеттік шекті тарифтер бағдарламасының әрекет ету мерзімі аяқталды. Бұл бағдарлама бойынша «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның инвестиция көлемі 2009–2015 жылдар аралығында 30,7 млрд теңгені құрады.

2015 жылы Компания дамуына 8,0 млрд теңге салынды. Инвестициялық жобаларды жоспарлы түрде жүзеге асыру аясында энергетикалық кешеннің кәсіпорындарында ең жетекші технологиялар ендіріліп, заманауи энергия және ресурс үнемдеуші қондырғылар орнатылуып, автоматтық жүйелер қолданысқа енгізілуде. Компанияның жаңаланған активтері өндірістік және экономикалық көрсеткіштердің өсуіне кепілдік беріп, тозу пайызын төмендетіп, энергия шығындарын қысқартады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындарында энергокешеннің негізгі жабдықтарын жаңарту мақсатында 2020 жылға дейінгі ұзақмерзімді инвестициялық бағдарлама жоспарланған. Инвестициялардың жалпы сомасы 39,5 млрд теңгені құрайды.

Өндірісті білікті қызметкерлермен қамтамасыз ету тұрғысынан қарағанда, маңызды оқиға ретінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда енгізілген білім беру

жобаларын қолдау және дамыту бағдарламасын атауға болады. Оның мақсатты тобы – жұмысшы жастар мен салалық оқу орындарының студенттері болып табылады. Жоба Компания кәсіпорындарында студенттерге ақы төленетін тәжірибе, жазғы каникул кезінде жұмыспен қамту, сонымен қатар, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ұйымдастырған ғылыми жұмыстар конкурсының жеңімпаз студенттеріне атаулы корпоративтік стипендиялар беруді қарастырады.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның қатысуымен 2015 жылы Петропавл қаласында «Алақай» балабақшасы ашылды.

2016 жыл – Петропавл 2-ЖЭО тарихындағы мерейтойлық жыл. 55 жыл ішінде станция ұжымы алдына қойылған міндеттерді абыроймен атқарып, ел солтүстігіндегі энергетиканың негізін қалаушылардың ісін жалғастырып келеді. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бүгінде – бірінші кезекте өз тұтынушыларының жайлылығы мен әл-ауқатына мән беретін Солтүстік Қазақстанның ірі энергетикалық компаниясы болып табылады. Жауапкершілік және көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасы, кәсібилік пен шеберлік деңгейін тұрақты түрде арттыру, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылу – солтүстік қазақстандық энергетиктердің ең басты принципі болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-н алдағы уақытта тек ең биік нәтижелер мен алға қойылған міндеттердің сәтті орындалуы күтіп тұрғанына сенімдімін.

**ЕРКІН АДАМИЯҰЛЫ ӘМІРХАНОВ,  
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ  
ТӨРАҒАСЫ**



## БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ

**Құрметті серіктестер мен әріптестер!**

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бүгінде электр және жылу энергиясы нарығындағы заманауи, қарқынды дамып келе жатқан компания. Ол өңірдің және Петропавл қаласының ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарына, сондай-ақ қатардағы солтүстік қазақстандық тұтынушыларға сапалы қызмет көрсетеді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2015 жылы энергетикалық кешеннің өндірістік және экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған қондырғыларды жаңғырту мен қайта құру, жөндеу бойынша жоспарланған шараларды сәтті аяқтады.

Есептік жылы Петропавл 2-ЖЭО 2 809 млн кВт-с электр энергиясын өндірсе, бұл 2014 жылғы деңгейден 2,7% жоғары. 2016 жылдың 1 қаңтарына станцияның орнатылған электр қуаты 479 МВт құрайды. Осылайша, 2014 жылмен салыстырғанда, жылу электр орталығының қуат өсімі 45 МВт немесе бүгінгі күнгі жалпы орнатылған қуаттың 10,4%-ын құрайды. Мұндай нәтижелерге №1 турбоагрегатты толықтай жаңартып, қуатын 21 МВт-қа арттырған соң, сондай-ақ, №7 турбоагрегатты қайта құрып, қуатын 24 МВт-қа арттырған соң қол жеткізілді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ саясаты өндірістік көрсеткіштермен қатар, экологиялық көрсеткіштерді де жақсартуға мүмкіндік беретін, ал бастысы – тозған қондырғыларды қысқарту есебінен техникалық шығындарды айтарлықтай төмендетуге септесетін жетекші энерготиімді технологияларды қолданысқа енгізуге бағытталған.

Қазіргі таңда Петропавл 2-ЖЭО-нда №5 турбоагрегатты толықтай демонтаждаудан кейін жаңа турбина салу құрылысы және №12 қазандық агрегатты қайта құру жұмыстары жүріп жатыр. Жаңа нысандарды жұмысқа қосу станцияның орнатылған қуатын 2016 жылдың аяғында 541 МВт-қа (12,9%) арттыруға мүмкіндік береді. 2016 жылға жоспарланған электр энергиясы өндірісінің көлемі 3 233 млн кВт-с (өсім – 15,1%) құрайды.

Есептік жылы электр желілерінің қондырғыларын жаңарту бойынша инвестициялық бағдарламаны орындау аясында 10–0,4 кВ қысымды 92 км электр беру желілері қайта құрылып, жылу желілерінің 13,6 км құбыр желісіне жоспарлы жөндеу жұмыстары жасалды. Аталған шаралар Компания желілеріндегі электр және жылу шығындарын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ әлеуметтік жауапкершілікті компания болып табылады, ол еңбек ресурстары мен қоғамның әлеуметтік инфрақұрылымының дамуына үлкен үлес қосуда.

2016 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ алға қойылған мақсаттарға сәйкес, даму шараларын жалғастыратын болады. Бұл ретте тұрғындарды сапалы әрі үздіксіз энергиямен қамтамасыз ету Компанияның басым бағыты болып келген және қала береді. Компанияның инвестициялық және әлеуметтік бағдарламаларын жүзеге асыру қатысу аймағындағы, сонымен бірге тұтас Қазақстан Республикасындағы энергетика саласының дамуына зор үлесін қосады.

**ЛЕОНИД ВИКТОРОВИЧ ЛАРИЧЕВ,  
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ**



## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – Солтүстік Қазақстан облысындағы электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және өткізумен айналысатын кәсіпорындарының басын қосатын вертикалды түрде біріктірілген компания болып табылады. Кәсіпорын «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ («ОАЭК» АҚ) компаниялар тобына кіреді.




### «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ –




Солтүстік Қазақстан облысының ірі энергетикалық компаниясы. Компания өз қызметін ауыр климаттық жағдайда жүзеге асыратынына қарамастан, шағын компанияның қарқындылығы мен икемділігін ірі холдингтік топтың сенімді де тұрақты жұмысымен сәйкестендіре алады. Энергетикалық кешеннің кәсіпорындарында инвестициялық жобаларды жоспарлы түрде жүзеге асыру барысында ең жетекші технологиялар ендіріліп, энергия және ресурс үнемдеуші заманауи қондырғылар орнатылып, автоматтандырылған жүйелер іске қосылуда. Жаңартылған активтер Компанияға өндірістік және экономикалық көрсеткіштердің өсіміне, қондырғылардың тозу үлесінің төмендеуіне және энергия шығындарының қысқаруына кепілдік береді




## ТАРИХЫ



БИЗНЕС-МОДЕЛЬ



КОМПАНИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ



НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК СИПАТТАМАЛАР

Орнатылған қуат

Орнатылған электр қуаты, МВт	479
Орнатылған жылу қуаты, Гкал/с	678

Тұтынушылар саны

Электр энергиясы	Жылу энергиясы
161 196	70 561

Электр беру желілерінің ұзындығы, км

ЭБЖ түрлері	Ұзындығы, км
220 кВ	84,8
110 кВ	1 327,1
35 кВ	2 852,5
6–10 кВ	4 574,3
0,4 кВ	4 601,3
<b>Барлығы</b>	<b>13 440,0</b>

Жылу желілерінің ұзындығы, км

«Петропавл жылу желілері» ЖШС	233,3
-------------------------------	-------

Шағын станциялардың түрлері бойынша саны

Шағын станциялар түрлері	Саны, бірлік
220 кВ	4
110 кВ	38
35 кВ	121
6–10 кВ	2 293
<b>Барлығы</b>	<b>2 456</b>

## ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

«СЕВКАЗЭНЕРГО» Компаниясы вертикалды түрде біріктірілген құрылымға ие, оған Солтүстік Қазақстан облысының өндіруші, тасымалдаушы және өткізуші кәсіпорындары кіреді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ құрамына келесі кәсіпорындар енеді:

- Петропавл 2-ЖЭО;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ (Солтүстік Қазақстан облысының, Петропавл қаласының электр желілері);
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС (Петропавл қаласының жылу желілері);
- «Севказэнергосбыт» ЖШС.

Қазіргі уақытта «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның орнатылған жиынтық электрлік қуаты 479 МВт, орнатылған жиынтық жылу қуаты 678 Гкал/с құрайды. Электр энергиясын беру желілерінің жалпы ұзындығы – 13 440 км, жылу энергиясын беру желілерінің жалпы ұзындығы – 233,3 км. Компания электр энергиясымен Солтүстік Қазақстан облысының 161 196 тұтынушысын, жылумен Петропавл қаласының 70 561 тұтынушысын қамтамасыз етеді.

### ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО

Петропавл 2-ЖЭО қызметінің негізгі түрі электр және жылу энергиясын өндіру болып табылады. 2014 жылғы жағдай бойынша станцияның орнатылған қуаты электр энергиясы бойынша 479 МВт-ты, жылу энергиясы бойынша 678 Гкал/с-ты құрайды, қолда бар қуат электр энергиясы бойынша 444 МВт-ты, жылу энергиясы бойынша 598 Гкал/с-ты құрайды.

Станцияның негізгі цехтері: отын-көлік цехі, қазандық, турбиналық, электрлік, химиялық цех. Қосалқы цехтер: жылу автоматикасы және өлшеулер цехі, жөндеу-механикалық цехі, оттегі станциясы, жөндеу-құрылыс учаскесі.

Сонымен қатар «2711», «2721» және ӘЖ-110 кВ «Сибирь» сияқты ӘЖ-220кВ әуе желілері бойынша Қазақстан Республикасының энергия жүйесімен станция қатар жұмыс істейді, алты байланыс трансформаторлы 35/110/220 кВ ашық бөлістіру құрылысы бар. Оңтүстік Орал темір жолының Петропавл бөлімшесіне, «Қазақстан темір жолы» РМК-на және басқа да тұтынушыларға электр энергиясын беру «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ және «KEGOC» ААҚ желілері арқылы жүзеге асырылады.

Жылу энергиясын беру келесі жылу магистральдері арқылы жүзеге асырылады: ДУ-1000 «Город», ДУ-1000 «Север», ДУ-600 «СВПЗ».

КСН маркалы Екібастұз бассейнінің көмірі Компанияда пайдаланылатын отынның негізгі түрі болып табылады, ал тұтандыру отыны ретінде М-100 маркалы мазут қолданылады.

### «СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ТАРАТУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «СҚ ЭТК» АҚ) энергоберуші ұйым болып табылады және өз қызметін табиғи монополиялар саласында жүргізіп, электр энергиясын электр желілері арқылы беру мен тарату қызметтерін реттейді. Қызмет көрсететін аумағы – 45 мың км<sup>2</sup>, елді мекендер саны – 399, оның ішінде 4 қала.

«СҚ ЭТК» АҚ Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысының 8 ауданы: Аққайың, Есіл, Мамлют, М. Жұмабаев, Жамбыл, Қызылжар, Тимирязев және Шал ақын аудандары тұтынушыларына электр энергиясын беру қызметін жүзеге асырады.

Компания Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік бөлігінде орналасқан және акционерлік қоғамның балансына жататын қысымы 0,4–220 кВ электр желілеріне қызмет көрсетеді.

«СҚ ЭТК» АҚ құрамына 8 электр желілік аудан (Мағжан Жұмабаев АЭЖ, Қызылжар АЭЖ, Мамлют АЭЖ, Аққайың АЭЖ, Шал ақын АЭЖ, Есіл АЭЖ, Жамбыл АЭЖ, Тимирязев АЭЖ), оның ішінде 4 ЖӨБ (Сokolovskaya ЖӨБ, Возвышенская ЖӨБ, Корнеевская ЖӨБ, Благовещенская ЖӨБ), Магистральді желілер мен шағын станциялардың оңтүстік учаскесі (МЖМШ-СОУ), Қалалық электр желілері басқармасы (ҚЭЖБ) кіреді, бұл Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы аумағының ауылдық әкімшілік аудандарының санына сәйкес келеді.

«СҚ ЭТК» АҚ тұтынушыларының қызметтерге қол жетімділік деңгейін арттыру мақсатында 2012 жылы қыркүйекте Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы ашылды, мұнда төмендегі қызмет түрлері көрсетіледі:

- Жер учаскелері мен сервитуттарды мақұлдау;
- Электр және жылумен қамтуға қосылу үшін техникалық шарттарды беру;
- Электр желісіне қосу/ажырату;
- Есептегіштерді пломбалау;
- Өзге консультативті-оперативті қызметтер.

### «ПЕТРОПАВЛ ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ» ЖШС

«Петропавл жылу желілері» ЖШС (бұдан әрі – «ПЖЖ» ЖШС) негізгі қызметі – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО-нда өндірілетін жылу энергиясын беру мен тарату, жылу желілерін техникалық дұрыс жағдайда ұстап тұру, Петропавл қаласын тұрақты жылумен қамтамасыз ету болып табылады. Бұдан бөлек, кәсіпорын қаланың магистральді және тарату желілерін жаңарту жұмыстарын жүргізіп, жылумен қамту сапасының заманауи талаптарына жауап беретін жаңа энерготімді технологияларды іздеу мен енгізуді үздіксіз жүзеге асырады.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС балансындағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы 233,3 км құрайды, оның ішінде тарату желілерінің ұзындығы – 148,7 км, ал магистральді желілердің ұзындығы – 84,6 км.

2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жылу желілері жабдықтарының тозу деңгейі 71,81% құраса, оның ішінде магистральді жылу желілері бойынша – 84,19%, тарату желілері бойынша – 58%.

Кәсіпорын балансында 52 сорғы станциясы бар, оның 5-уі магистральді және 46-сы абоненттік станциялар және ОЖТП (Орталық жылу тарату пункті) бар.

Сорғы станцияларының жиынтық орнатылған (жобалық) қуаты, жылу пункттерін қоса алғанда, 12 129,4 кВт·с құрайды.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде жылу энергиясын беру мен таратуға арналған қондырғыларды пайдалану мен техникалық қызмет көрсету, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік бойынша арнайы қызметтері бар.

### «СЕВКАЗЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

«Севказэнергосбыт» ЖШС – Петропавл қаласының және Солтүстік Қазақстан облысының тұтынушыларына электр және жылу энергиясын беруді қамтамасыз ететін энергиямен қамсыздандырушы ұйым.

Тұрғындардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін көлемде энергия ресурстарын сенімді түрде әрі үздіксіз жеткізу серіктестік қызметінің негізгі бағыты болып табылады. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынушыларының жалпы саны электр энергиясы бойынша 161 196 және жылу энергиясы бойынша 70 561-ді құрады.

Облыс орталығында тұрғындарға қызмет көрсететін, төлемдерді қабылдаумен айналысатын 3 пункт, облыстың аудандық орталықтарында 12 пункт жұмыс істейді. Банктармен төлемдерді қабылдау жөнінде, сондай-ақ, 10 банктің терминалдары мен интернет-порталдары арқылы қызмет көрсету жөнінде шарттар жасалды. 2013 жылдың желтоқсанынан бастап тұтынушыларға қызмет көрсететін «Сервис орталығы» жұмыс істейді. Жаңа заманауи орталық компания клиенттеріне қызмет көрсету сапасы мен оперативтілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Абоненттердің арасында энергияны үнемдеу идеясын үгіттеу мақсатында «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынылатын электр энергиясы бойынша тәулікті тарифтік аймақтау жүйесін іске асырады және тұрғындарға энергияны есепке алу аспаптарын орнату қажеттілігі туралы түсіндіруге бағытталған кең ауқымды жұмыстар жүргізеді.

#### Орташа босату тарифтері

(ҚҚС/Гкал қоса алғанда теңге)

	01.01.2013	01.10.2013	01.07.2014	01.07.2015
Жылу энергиясы	3 096,02	3 374,54	3 364,13	3 374,54

(кВт·с/Гкал қоса алғанда теңге)

	01.01.2013	01.01.2014	01.01.2015	01.04.2015	01.07.2015
Электр энергиясы	11,272	12,557	13,824	13,779	13,858

## ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

### КӨРІНІС

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – Солтүстік Қазақстан облысындағы жалғыз энергетикалық компания.

Компания өзінің қызметін ең күрделі климат жағдайларында жүзеге асырады және бұл ретте қызмет қарқындылығы мен ірі холдингтік топқа тән тұрақтылық пен сенімділікке ие шағын компанияның икемділігін сәтті үйлестіреді.

Компанияның қызметкерлер командасы биік мақсаттарды бағындырып жүрген кәсіби мамандардан құралған. Компания клиенттермен және жеткізушілермен серіктестік қатынастарды құрмет пен өзара жауапкершіліктің негізінде орнатады.

### СТРАТЕГИЯ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаты – аймақтың экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін Солтүстік Қазақстан облысының энергетикалық жүйесінің теңдестірілген және тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жетекші энергетикалық компанияны құру. Бұл ретте Компания өзінің қызметінде өндіріс, экология, денсаулық сақтау салаларында және әлеуметтік салада халықаралық стандарттарға қол жеткізуге ұмтылады.

### «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ



#### Тиімділік

Өндірістің техникалық деңгейін көтеру және негізгі өндірістік қорлар мен инфрақұрылымды жаңарту арқылы өндірістік тиімділікті арттыру



#### Басқару

Кадрлық құрамды өндірістік сектор мен кәсіпорынды басқаруда жаңа тиімді технологияларға үздіксіз үйрету арқылы үздік басқару стандарттарын енгізу



#### Инновация

Инновациялық бағыттарды салмақты түрде дамыту арқылы перспективалы жобаларды енгізу

### АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН КОМПАНИЯ КЕЛЕСІ МІНДЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ:



инвестициялық бағдарламалар жүргізу, апаттылық қауіп-қатерлерін төмендету және жұмыссыз тұрып қалуға жол бермеу үшін электр өндіретін нысандардағы **жабдықтарды жаңғырту**



энергияны өндіру және тасымалдау кезінде үнемдеуші және **энергиялық тұрғыдан тиімді технологияларды** енгізу



жылу және электр энергиясы бірліктерін өндіруге жұмсалатын **меншікті шығындарды төмендету**



экология саласы бойынша халықаралық, республикалық және салаішілік нормативті және заңнама құжаттарының **та-лаптарына сәйкестік**



қызметкерлердің денсаулығын қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік салалары және жарақаттануды төмендету бойынша **та-лаптарды күшейту**



қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оларды **үздіксіз оқыту**



кәсіпорындарды басқарудың **автоматтандырылған жүйесін енгізу**

## РЕЙТИНГТЕР

Халықаралық Fitch Ratings рейтинг агенттігі 2015 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на («ОАЭК» АҚ еншілес кәсіпорны) Шетелдік валютадағы компания дефолтының ұзақмерзімді «**BB-**» рейтингін («РДЭ») берді. Ұзақмерзімді рейтинг бойынша болжам – «тұрақты».



## НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ

Солтүстік қазақстан облысы энергетика нарығында Компания электр энергиясын жеткізу бойынша 85% және Петропавл қаласы бойынша жылу энергиясын жеткізу бойынша 100% үлеске ие. Қазақстан Республикасы электр энергия өндірісі нарығының жалпы көлеміндегі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үлесі – 3%.



### 2015 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША



Солтүстік Қазақстан облысында өндірілетін электр энергиясы көлемі өңірдің тұтыну көлемінен асып түседі, сондықтан да «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Қазақстан Республикасының көтерме нарығына электр энергиясын жеткізуші болып табылады.

### ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ

Республика экономикасы 2015 жылы халықаралық нарықтағы жалғасын тапқан дағдарыстық сыртқы негативті әсердің ықпалында болды. Экономикалық өсімнің қарқынына ел экспортының негізі болып табылатын энерготасымалдағыштар мен өнеркәсіптік металдардың әлемдік бағасына конъюнктураның нашарлауы, мұнай өндірісінің физикалық көлемінің қысқаруы, сондай-ақ, Қазақстанның сауда көлемі жөнінен екінші серіктесі – Ресей Федерациясы экономикасының төмен өсу қарқыны айтарлықтай ықпал етті.

Соңғы он жылда Қазақстанның өсу қарқыны бірінші рет орташа дүниежүзілік көрсеткіштен төмен болды. Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, республика ЖІӨ өсімі 1,2% (ЖІӨ физикалық көлемінің индексі – 101,2%, дефлятор – 98,9%) құраса, Дүниежүзілік банктің есебінше, Қазақстан ЖІӨ 0,9%-ға артқан.

2015 жылы ұлттық экономиканың өсуіне қозғаушы күш – қызмет көрсету саласы болды, бұл сала шынайы секторға қарағанда сенімді өсу динамикасын көрсетті. ЖІӨ құрамында сервистік сала, көтерме және бөлшек сауданы, тасымалды, қаржылық қызмет және басқаларды қоса алғанда, 57,7%, тауар өндіріс – 35,7%, өнеркәсіп өндірісі 12,9% үлеске ие тау өндірісі секторын қоса алғанда 24,8%, электрмен қамту 1,7% үлеске ие.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика жөніндегі комитеттің мәліметінше, өнеркәсіптік өндіріс көлемі 1,5%-ға төмендеді. Негативті көрсеткіш

тау-кен өндіруші сектордағы өндірістің 2,5%-ға қысқаруы, өңдеу өнеркәсібі өсімінің 0,2% баяулауы, сондай-ақ, энергетикалық (-1,6%), сумен қамту, кәріз құбыры, қалдық суларды жинау мен бөлу (-8,9%) секторларындағы құлдыраумен байланысты.

Өңдеу өнеркәсібінде өндірістің жедел құлдырауы мына салаларда байқалды: машина құрылысы (-29,6%), металл өнімдер өндірісі (-3,3%) және мұнай өнімдері өндірісі (-3,2%). Сектордың оң көрсеткіштер аумағында қалуына металлургия өндіріс көлемінің 14,4% өсуі мүмкіндік берді, бұл түсті металл өндірісінің 23,6% артуы арқасында орын алды.

Экономика бойынша инвестициялық белсенділік жоғары болған жоқ: 2014 жыл нәтижесіндегі 4,2% өсімнің орнына, 2015 жылы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 3,7%-ға артты. Капиталды шығындардың негізгі көзі дәстүрлі түрде компанияның өзіндік қаражаты болып табылады, оның жалпы құрылымдағы үлесі – 58,1%.

#### АҚША-КРЕДИТТІК САЯСАТ


2015 жылы Қазақстан монетарлы саясатының негізі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады: айырбас курсы еркін айналымға ауыстыру жүргізілді, инфляциялық таргеттеуді енгізу басталды, экономиканы долларсыздандыру саясаты бастау алды. Осылайша, жылды шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады.

2015 жылғы 20 тамызға дейінгі бірінші кезең теңге/АҚШ доллары айырбас курсы бір доллар – 185–190 теңге мәнінде сақтап тұруға арналған ҚР Ұлттық банкінің валюталық нарықтағы айтарлықтай интервенциясымен сипатталады. Бұл 2014 жылдан бері валюталық бағамы айтарлықтай төмендеген биржалық тауар экспорттаушыларға үлкен қысым көрсетті.

20 тамыздан жыл аяғына дейінгі екінші кезең ұлттық валютаның еркін айналым курсы енгізумен, сондай-ақ, валюталық таргеттеуден инфляциялық таргеттеуге көшумен сипатталады. Валюталық нарықта волатильдіктің жедел өсімі орын алды: теңге курсының АҚШ долларына шаққандағы бағамының құлдырауы 54% құрады: тамыздағы 185 теңге/АҚШ доллары курсы желтоқсанда 344 теңге/АҚШ доллары курсына жетті. 2015 жылғы желтоқсандағы шетелдік валютадағы депозиттер үлесі 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 56-дан 69%-ға артып, валютада деноминацияланған кредиттер

#### Жалпы өнеркәсіп және электр энергетикасындағы өндіріс динамикасы, %


Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті



салмағы 29-дан 34%-ға көбейді. Ақша нарығында 2015 жылы теңге ликвидтілігінің дефициті байқалды, экономиканы монетизациялау деңгейі төменгі мандердің біріне ие.

**Теңге өтімділігінің көлемі және экономикаға теңге кредиттері бойынша мөлшерлеме, (%; оң баған)**

Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі



**ТҰТЫНУ НАРЫҒЫ**


Тұтыну нарығы үшін 2015 жыл соңғы он жылдықтағы ең ауыр жылдардың бірі болды. 6–8%-дық мақсатты дәліз жағдайында және еркін курсқа өткеннен кейін де өзгермеген теңгенің жедел әлсіреуінен кейін, инфляция 2015 жыл қорытындысы бойынша 13,6% құрады. Бұл – 2007 жылдан бергі ауқымы бойынша екінші үлкен инфляция.

Тұрғындардың ақшалай табысы 0,7%-ға артқан кезде, бөлшек тауар айналымы 0,4%-ға қысқарды. Бұл ретте жұмыспен қамтылғандар саны бар болғаны 0,3%-ға артқан.

Халықтың тұтынушылық белсенділігін жеке тұлғаларды несиелендірудің төмен деңгейі ұстап

**Бөлшек тауар айналымы және халықтың нақты ақша табысының динамикасы, %**

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті




тұрған. 2015 жылдың желтоқсанына тұрғындар 4,16 трлн теңге көлемінде несие алған, бұл 2014 жылғы желтоқсандағы көрсеткіштен 3,7%-ға артық. Салыстырып қарағанда, 2011–2014 жылдары жеке тұлғалардың несие көлемінің орташа жылдық өсімі 18%-ды құрады.

Электр энергиясы бағасының өсімі 8,3% құрады, бұл инфляциядан 5,2%-ға төмен. Жалпы, электр

**Инфляция және электр энергетикасы бағасының динамикасы, %**

Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі



Тұтынушылық баға индексі — Электр энергетикасы бағасы

энергиясының 2015 жылғы қымбаттау қарқыны 2007 жылдан бергі бірқалыпты мәнге ие болды. Соңғы екі жылда бұл көрсеткіш тұтынушылық баға индексінен төмен болып келеді.

**2016 ЖЫЛҒА БОЛЖАМ**


Халықаралық валюта қоры 2015 жылы қазанда Қазақстан экономикасының 2016 жылғы өсімін 2,4% деңгейінде болжады. 2015 жыл соңында Дүниежүзілік банктің болжамы 1,1% деңгейінде болды. Moody's рейтинг агенттігінің есебінде 2016 жылдың басында 1 пайыздық өсім болжанды.

Дүниежүзілік банк сарапшыларының пікірінше, қазақстандық экономиканың баяулауына мұнай бағасының төмендеуі мен Ресей Федерациясындағы рецессиядан туындаған сыртқы және ішкі сұраныстың төмен өсімі әсер етеді. Ішкі нарыққа қосымша қысымды айырбас курсының волатильдігі жасайды. Мұнайдың төмен бағасына байланысты Қазақстанның егемендік рейтингі мен корпоративті несиелер рейтингінің 2016 жылы әлсіреуі, сондай-ақ, дамушы нарықтардан капиталдың кері қайтуы нақты нарықтағы, сондай-ақ, қызмет көрсету саласындағы қазақстандық алыс-берістің қымбаттауына әкеледі.

Экономика өсімі қарқынының жеделдеуі 2017–2018 жылдарда орын алады деп болжануда. ҚР

**Қазақстан ЖІӨ өсіміне болжамдар, %**

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті



Ұлттық экономика министрлігінің ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының 2016–2020 жылдардағы даму болжамына (2016 жылғы наурыздағы редакциясы)

сәйкес, Қазақстан ЖІӨ өсімі тәуелді әлемдік экономика дамуының үш сценарийі қарастырылуда. Оптимистік сценарий бойынша, АҚШ пен Еуроаумақтағы бұрынғыға қарағанда, динамикалық өсім әлемдік ЖІӨ-ге әсер етіп, ол 2016–2017 жылдары 4%-ға дейін көтеріледі, бұл ретте Brent баррелінің құны 40 АҚШ долларын құрайды. Базалық сценарийде әлемдік ХВҚ өсу қарқыны – 3,7%, Brent құны барреліне – 30 доллар. Пессимистік сценарий бойынша, әлемдік экономика 3%-ға өсіп, Brent құны барреліне – 20 доллар шамасында болады.

Болжамда көрсетілген ЖІӨ динамикасы (базалық сценарий) 2016 жылы – 0,5%, бұл ретте долларлық мәнде ел экономикасы 186,6 млрд-тан 122,7 млрд-қа қысқарады. Өнеркәсіп 2%-ға қысқарса, тау-кен өндірісіндегі құлдырау -5%-ға дейін ерекше болмақ, өңдеу секторындағы өндіріс көлемі 1,4% өсіп, ал электрмен қамту 0,3%-ға төмендейді. Құрылыс секторындағы өсім бірқалыпты болады – 2015 жылғы 4,3%-дан кейін 2,5%. Жұмыссыздық 5% деңгейінде қалады.

**ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНА ШОЛУ**

Энергетика – кәсіпорындар, тұрғындар және мемлекеттік органдардың электр және жылу энергетикасына деген қажеттіліктерін толықтай және уақытылы қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан экономикасының стратегиялық секторы. Қазақстан энергетикасының құрамына электр және жылу энергиясын өндіру (генерация), беру, тарату және қамту кіреді.

Электр энергиясының негізгі тұтынушысы – өнеркәсіптік кәсіпорындар (60%), оның ішінде тау-металлургиялық кешен болып табылады.

**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ**


Қазақстан электр энергиясын 111 электр станциясы (жалпы орнатылған қуаты 21 307 МВт, иеліктегі қуаты – 17 503 МВт) өндіреді. Бұл сектор қатысушыларын келесіше құрылымдауға болады.

Бірінші топ – жылу электр станциялары (ЖЭС, оның ішінде газотурбиналық жылу-электр станциялары – ГЖЭС). ЖЭС үлесіне ҚР-да өндірілетін электр

энергиясының 89%-ы тиесілі. Көмір ЖЭС-ы – 80%, ГЖЭС – 9%.

**Қазақстандағы электр энергиясы өндірісі, млрд кВт-с**

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті




Елдің ірі электр станциялары – «ЕЭК» АҚ ЭС, Екібастұз 1-МАЭС («Самұрық-Энерго» АҚ), Екібастұз 2-МАЭС («Самұрық-Энерго» және «ИНТЕР РАО БЭС» АҚ), Топар МАЭС («Kazakhstan Energy» ЖШС), Жамбыл МАЭС – ірі қуаттылықтағы бірнеше энергоблоктары бар көмір жылу-электр станциялары (ЖЭС) ҚР барлық электр энергиясының 40–50%-ын өндіреді. Бұл кәсіпорындар, сондай-ақ, көтерме электр энергиясы нарығының негізгі жеткізушілері де болып табылады. Екібастұз 1-МАЭС және Екібастұз 2-МАЭС Ресей Федерациясына электр энергиясы экспортын қамтамасыз етеді.

Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Ақтөбе облыстары сынды тау-металлургия кластерлері шоғырланған аймақтарда электр және жылу энергиясын қатар өндіретін өнеркәсіптік мақсаттағы электр станциялары да ЖЭС құрамына кіреді. Бұл топқа үлкен және орта қуаттылықты 1–2 энергоблоқты көмір ЖЭС-тері жатады, олардың қатарында Қарағанды 3-ЖЭО («Қарағанды Энергоорталық» ЖШС), қарағандылық БАС ЖЭО және 2-ЖЭО («АрселорМиттал Теміртау» АҚ), Балқаш және Жезқазған ЖЭО («Kazakhstan Energy» ЖШС), Павлодар 1-ЖЭО («Қазақстан алюминии» АҚ), «ССГПО» АҚ Рудный ЖЭО, «Қазхром» АЗФ ЖЭО бар, тиісінше, бұл станциялар вертикалды түрде біріктірілген тау-металлургиялық холдингтердің бөлігі болып табылады.

ЖЭС-ке электр және жылу энергиясын қатар өндіретін, бірінші кезекте белгілі ірі компаниялар, ШОБ және тұрғындарға қызмет ететін станциялар жатады. Топ «ОАЭК» АҚ-на (Павлодар 2-ЖЭО, Павлодар 3-ЖЭО, Петропавл 2-ЖЭО, Екібастұз ЖЭО), «Астана-Энергия» АҚ-на (Астана 1-ЖЭО, Астана 2-ЖЭО), Қазақстандағы AES компаниялар тобына (Өскемен ЖЭО, Согра ЖЭО) және басқалар кіреді.


### Қазақстан БЭЖ-не электр энергиясы ағынының сальдосы, млн кВт·с

Дереккөз: ЭҚНҚО



### 2015 жылғы өндіріс бойынша Қазақстанның он ірі энергия өндіруші компаниясы, млрд кВт·с

Дереккөз: ЭҚНҚО



Газотурбиналық жылу электр станциялары (ҚР-да олар – орта қуаттылықты станциялар) өнеркәсіптік кәсіпорындар (мұнай-газ орындары) мен жақын маңдағы елді мекендердің электр энергиясымен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл топқа Жаңажол ГЖЭС, «Теңізшевройл» ГЖЭС, Ақшабұлақ ГЖЭС жатады.

Екінші топ – республика энергожүйесіндегі қысымды реттеу үшін (тұтынудың ең жоғарғы нүктелерін жабу) қолданылатын су электр станциялары (СЭС). Олардың ірілері – Бұқтырма СЭС, AES Өскемен СЭС, AES Шүлбі СЭС және Мойнақ СЭС. Олардың үлесіне электр энергия өндірісінің 11%-ы тиеді.

Үшінші топ – жел электр станциялары мен күн электр станциялары. Мұндай өндіріс көздерінің дамуы энергобаланстағы көмірсутекті энергия көздерін азайту бойынша мемлекеттік стратегияның бір элементі болып табылады. Бұл тізімде Ерейментау ЖЭС, Қордай ЖЭС, Қапшағай КЭС, «К-1» ЖЭС бар. Станция қуат айтарлықтай төмен (ең ірісі – Ерейментау ЖЭС жобалық қуаты – 45 МВт) ЖЭС және КЭС үлесі әзірге жалпы өндірістің 0,12%-ын құрайды.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің мәліметінше, 2015 жыл


қорытындысы бойынша ҚР барлық станциялары 91,07 млрд кВт·с энергия өндірсе, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 3,7%-ға төмен (94,64 млрд кВт·с). Өндірістің қысқаруы ел ішіндегі тұтынудың оңтайландырылуымен, сондай-ақ, сыртқа электр энергиясын экспорттау көлемінің қысқаруымен байланысты.

Электр энергиясы өндіріс көлемін Екібастұз 1-МАЭС және 2-МАЭС, «ЕЭК» АҚ ЭС сынды ірі өндіріс кәсіпорындары қысқартты. «Kazakhstan Energy» ЖШС МАЭС, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «Қарағанды-Энергоорталық» ЖШС, «Алматы Электр Станциялары» АҚ-нда өндіріс артты.

Бұл ретте энергия өндірісінің аймақтық құрылымында өзгеріс орын алған жоқ. Елдегі ең ірі Екібастұз 1-МАЭС және 2-МАЭС, сондай-ақ, Ақсу ЭС және павлодарлық үш ЖЭО шоғырланған Павлодар облысы электр энергиясының 40%-ын өндіреді. Қарағанды облысына 17% келсе, Шығыс Қазақстан облысының ЖЭС және СЭС-тері 10%, Алматы облысы мен Алматы қаласының электр станциялары 7% энергия өндіреді. Қалған 10 аймақта электр энергиясының 30%-дан азы өндіріледі.

### Қазақстан өңірлері бойынша энергия өндірісі құрылымы, %

Дереккөздер: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті, ЭҚНҚО



**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ,  
ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚАМТУ**

ҚР бірыңғай электр энергетикалық жүйесін көрші елдердің ұлттық энергожүйелерімен, сондай-ақ ҚР аймақтық желілерімен қосатын магистральдық желілер, Қазақстан энергетикалық нарығының жүйелі операторы – «KEGOC» АҚ-ның (90%-ы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі) меншігінде. KEGOC иелігінде жалпы ұзындығы 24979 км 0,4–1150 кВ қысымды 355 әуе электр беру желілері бар. Бұдан бөлек, жүйелік оператор балансында трансформаторының орнатылған қуаты 36 244,55 МВА 35–1150 кВ қысымды 77 электр шағын станциясы бар.

Тарату секторастына 0,4–220 кВ қысымды аймақтық деңгейдегі электр желілерін қадағалайтын

**2015 жылы Қазақстанда электр энергиясын өндіру және тұтыну, млрд кВт·с**

Дереккөз: ЭҚНҚО



20 аймақтық энергетикалық компания (ЭТК) және 150 шағын беру компаниясы жатады. ЭТК мемлекеттік, сонымен бірге жеке меншікте де бар. Бөлшек тұтынушыларды электр энергиясымен қамту 200-ден астам энергиямен қамтушы ұйымдар тарапынан жүзеге асырылады.

Тұтынудың жоғарғы нүктесі күзгі-қысқы мерзімге сәйкес келеді. 2015 жыл қорытындысы бойынша қаңтар-ақпан және қыркүйек-желтоқсан аралығында барлық электр энергиясының 52,8%-ы өндірілген, тұтынылған үлесі – 53,6%. Тұтынудың ең жоғарғы нүктесі желтоқсанда тіркелген – 9,32 млрд кВт·с, ал төменгі нүкте маусымда 6,68 млрд кВт·с деңгейінде орын алған.

**ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ,  
ТАРАТУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ**


Жылу энергиясы көздерінен, жылу желілерінен және жылу тұтынушы құрылғылардан тұратын Қазақстан жылумен қамту жүйесі кеңестік кееңде ірі жылу көздерінің айтарлықтай үлесінен тұратын орталықтандырылған жылумен қамту жүйесін (ОЖЖ) қарастыратын қадам аясында қалыптасқан. Осылайша, 90-ға жуық қазақстандық қаланың басым бөлігі ОЖЖ-не қосылды.

Қазақстанда жылу энергиясын 40 ЖЭО, ірі 28 қазандық (қуаты 100 Гкал/с-тан жоғары) және 5,6 мың шағын қазандық (қуаты 100 Гкал/с-тан төмен) өндіреді. Бұл ретте ЖЭО және ірі қазандықтар жылу энергиясының 80%-ын өндірсе, кіші қазандықтар қалған 20% үлесті береді. Екіқұбырлы есептеудегі жылу желілерінің соңғы (2014 жыл) ресми бағалау бойынша ұзындығы – 12 мың км, олардың тозу деңгейі – 71%, ал нормативті шығындар 25%-ға барады. Жылу желілерінің басым бөлігі коммуналдық меншікте.

2015 жылы елдің ЖЭО және қазандықтары 78,74 млн Гкал жылу энергиясын өндірсе, бұл 2014

**Қазақстанда жылу энергиясын өндіру, млн Гкал**

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті



жылғы көрсеткіштен 3% кем. Мәліметтер 2013 жылы байқалған жылу энергетикасындағы өндірістің қысқару трендін дәлелдей түседі. Соңғы үш жыл бойынша өндірістің қысқару қарқыны -9%. Төмендеуге бірнеше фактор әкеліп отыр: нормативті шығындарды қысқартқан жылу желілерін жаңғырту жұмыстары, сондай-ақ, тұтынушылар деңгейінде

энерготиімділікті арттыру бойынша жалпыреспу-бликалық ауқымдағы бағдарламаның өндірілуі.

Жылу энергиясы – әлеуметтік тауар болып табылады. Оның негізгі тұтынушыларының біріне – елде өндірілетін жылу энергиясының 40%-ын дәстүрлі түрде тұтынатын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтар (оның ішінде әлеуметтік-бюджеттік саланың 22 мың нысаны мен 160 мыңға жуық көпқабатты үйлер) жатады.

Қазақстан аумағында жылу беру маусымы қыркүйек-қарашада басталып, сәуір-мамырда аяқталады (орташа күндік температура 8–10 °С-тан төмен кезеңнің ұзақтығына байланысты). Жылу энергиясын тұтынудың жоғарғы нүктесі электр энергиясын тұтынудың жоғарғы нүктесімен сәйкес келеді. 2015 жылы жылу энергиясын өндірудің ең жоғарғы нүктесі қаңтар айына тура келді (11,6 млн Гкал).

**ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТАРИФТЕРІ**

Елдің энергетика саласы компаниялары табиғи монополиялар субъектілері болып табылады, олардың қызметі ҚР үкіметінің өкілетті органымен қадағаланады. Қазіргі таңда ол – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті. Комитет электр және жылу энергиясын беру және тарату бойынша қызмет көрсететін компаниялар орналасқан нарықты реттейді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, электр желілік компаниялардың тарифтері операциялық шығындардың (реттеу қызметін көрсетуге қажетті), сондай-ақ, капиталды шығындардың (инвестициялық бағдарлама) өтелуін қамтамасыз етуі қажет.

**Қазақстанда электр және жылу энергиясы тарифтерінің өсімі, %**

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті



Электр энергиясы өндіріс секторында 2009–2015 жылдары ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Инвестицияға айырбас тариф» бағдарламасы бойынша барлық энергия өндіруші ұйымдарда шекті тарифтер әрекет етті. Өндіруші қуаттылықтарды жаңғырту мақсатында бұл тарифтерге инвестициялық құрамдас бөлік қосылған. ҚР Энергетика министрлігі инвестициялық міндеттемелер туралы жасалған келісімдердің орындалуына қадағалау жүргізді. 2015 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі Бағдарламаны 2018 жылға дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

2016 жылдан бастап электр желілік және жылумен қамтушы компаниялар 5 жылдық шекті тарифтер бойынша тариф қалыптастыруға көшті. Бұл қадам инвестициялық тартымдылықты арттыруға, базалық субъекттердің табиғи монополия жағдайынан бәсекелестік нарық жағдайына өтуіне бағытталған және барлық нарық қатысушыларына үлкен айқындылықты қамтамасыз етеді: энергетиктердің инвестициялық бағдарламаны, ал тұтынушылардың өз шығындарын жоспарлау мүмкіндігі туады.

ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеттің мәліметі бойынша, 2015 жылы электр энергиясын босату бағамы 8,3%-ға өссе, жылу энергиясына – 14%-ға өскен. Электр энергиясы бағасы соңғы он жыл ішіндегі ең төменгі өсімді көрсетті. Жылу тарифтері, керісінше, соңғы жылдардағы ең жоғарғы өсімге жеткен.

**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР**

Энергетикалық сектор компанияларының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 2015 жылы 7,4%-ға төмендеген. Бұл 2007–2015 жылдардағы секторға салынған инвестицияның ең рекордты төмендеуі. Ең төменгі нүктелердің біріне секторға шетелдік инвестицияның салынуы сәйкес келеді.

Салаға 2009–2015 жылдары салынған инвестицияның жоғарғы қарқыны негізінен шекті тарифтер бағдарламасының есебінен қалыпты болды. ҚР Энергетика министрлігінің мәліметінше, шекті тарифтер саясатын жүргізу арқасында электр энергетикасы саласына 900 млрд-тан астам теңге инвестиция салынған, бұл 2009–2014 жылдары жаңа 2 764 МВт қуаттылықты енгізуге мүмкіндік берсе, ол өз кезегінде экономиканың электр энергиясына деген сұранысын толықтай жапты. 2015 жыл ішінде 160 МВт жаңа қуаттылықты қолданысқа енгізу жоспарланған болса, 2015 жылға жоспарланған инвестиция көлемі – 172 млрд теңге.

2015 жылы Қазақстан энергетикасында бірнеше маңызды жоба жүзеге асырылды. Петропавл 2-ЖЭО-нда К-63-90 турбоагрегаты іске қосылып,



**Қазақстан энергосекторындағы инвестиция динамикасы, %**

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті




станцияның орнатылған қуатын 21 МВт-қа арттырып, 455 МВт-қа жеткізді. Павлодар 3-ЖЭО-нда екі турбоагрегат іске қосылды: ПТ-65/75-130-13 және Т-120/130-130ПР2, нәтижесінде станцияның орнатылған қуаты 540 МВт-қа дейін артса, жаңартылған негізгі қондырғылардың үлесі 67%-ға жетті.

Маңызды жобалардың бірі «Самұрық-Энерго» АҚ-нда жүзеге асты: компания өнеркәсіптік қолдануға орнатылған қуаты 45 МВт Ерейментау ЖЭС-н берді. Жақын уақытта станцияның қуаты 90 МВт-қа артады, ал ұзақмерзімді перспективада бұл көрсеткішті 300 МВт-қа жеткізу көзделуде.

Өскемен СЭС-нда жаңғыртылған №3 су агрегаты қолданысқа енгізіліп, №2 су агрегатын жаңғырту

**Қазақстан энергосекторындағы тікелей шетелдік инвестиция ағыны, млн долл.**

Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі



\* үш квартал қорытындысы бойынша

жұмыстары басталды. Екі жоба да станцияның қуатын 18 МВт-қа арттыруға негізделген.

Ірі жобалар электр желілерінде жүзеге асырылуда. 2015 жылы КЕГОС ұзындығы 600 км 500 кВ Екібастұз – Шүлбі СЭС – Өскемен желісін салу бойынша жобаны (бір жылда 218 км салынды, барлығы 348 км дайын) жүзеге асырып, 500 кВ «Семей» ШС, 500 кВ «Өскемен» ШС және 1150 кВ «Екібастұз» ШС-нда құрылыс-монтаж жұмыстары басталды.

ҚР Энергетика министрлігінің есебінше, 2016–2030 жылдары электр энергетикасына 5 трлн теңгеге жуық инвестиция тарту керек.

**НАРЫҚТЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

Қысқамерзімді перспективада ҚР энергетикасы бірнеше негізгі фактор ықпалында болады.

Оның біріншісі – сыртқы сұраныс пен өнеркәсіптік өндірістің төмендеуіне байланысты орын алған ҚР экономикасындағы негативті тенденциялар. Басты электр энергиясының өнеркәсіптік тұтынушысы – металлургия саласы айналымын төмендетпегеніне қарамастан, өзге секторлар өндірісінің құлдырағанын байқатты, ал транспорт жағдайында – темір жолы транспортының жүк айналымы көлемі төмендеп, 16% құрады.


Екінші фактор – қуаттылықтың артық болуына байланысты туындаған ішкі нарықтағы электр энергиясы бағасының төмендеу мүмкіндігі тренді. Жалпы жүйе бойынша жоғары тозу деңгейін есепке алғанда, капиталды шығын көздерінің дефициті жағдайында, 3–5 жылдық перспективада азырақ жаңғыртылған кәсіпорындарға өндірістің ағымдағы көлемін, тиісінше нарықтағы үлесін ұстап тұру қиынға соғады.

Мұнымен бірге жақын жылдар ішінде электр энергиясын беру саласында екі ауқымды жоба жүзеге асырылады: Екібастұз–Семей–Өскемен және Семей–Ақтоғай–Талдықорған–Алматы (500 кВ Солтүстік–Шығыс–Оңтүстік транзит жобасы) ЭБЖ құрылысы. Бұл жобалардың мақсаты – Солтүстік–Оңтүстік (Солтүстік – энергопрофицитті аймақ, Оңтүстік – энергодефицитті аймақ) бағыты бойынша ұлттық энергожүйенің транзитті мүмкіндігін 1 350 МВт-тан 2 100 МВт-қа арттыру, Ақтоғай–Мойынты, Ақтоғай–Алматы, Ақтоғай–Достық темір жол учаскелерін электрлендіруге жағдай жасау, Шығыс Қазақстан облысының қолданыстағы және енді енгізілетін (Ақтоғай KAZ Minerals және басқалар) тау-металлургиялық кәсіпорындарының электр энергиясының ірі көлемдеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады.

Транзиттік мүмкіндікті кеңейтіп, жаңа тұтынушыларды енгізу міндетті түрде Қазақстан электр

**Қазақстан электр станцияларының шекті тұтынатын электр қуаты, МВт**

Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі



энергетикасы нарығындағы бәсекелестікті күшейтеді.

Бұдан бөлек, 2011–2020 жылдарға арналған ҚР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

бағдарламасын жүзеге асырудың екінші кезеңі 2016–2020 жылдарға келеді, оның бір міндеті – республиканың коммуналдық жүйелерін, оның ішінде, электр және жылу желілерін жаңғырту болып табылады. Бағдарлама аясындағы шаралар электр және жылу энергиясына деген қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін отын шығынын айтарлықтай қысқартуға шақырады. Жаңғырту жұмыстары энергоүнемдеуші технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның екінші кезеңін жүзеге асыру барысында жөндеуді қажет ететін республиканың жылу желілерінің үлесі 2016–2020 жылдары 50-ден 40%-ға, электр желілері 63-тен 53%-ға қысқаруы тиіс.

2016 жылдың 1 шілдесіне дейін Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) қатысушылары ЕАЭО ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бағдарламасын қабылдауды жоспарлап отыр, ол 2019 жылдан бастап жүзеге асады. Бұл фактор ішкі нарықтағы бәсекелестікті арттыруы тиіс.



## ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Компания кәсіпорындарында өндіріс активтерінің қуатын арттыру, қондырғылардың тозуын төмендету, энергия шығындарын азайту, энерготиімділік пен энергоүнемділікті өсіру, өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту және энергетикалық кешеннің жалпы жұмысын жақсарту мақсатымен негізгі қорларды жаңғырту және қайта құру инвестициялық бағдарламасы жүзеге асырылуда.



### 2015 ЖЫЛЫ



электр энергия өндірісі 2 809 млн кВт·с құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 2,7% өсті. Петропавл 2-ЖЭО электр энергиясы өндіріс көлемінің өсуіне №1 және №7 турбоагрегаттардың пайдалануға берілуі айтарлықтай ықпал етті. Бұдан бөлек, турбиналар облысқа және Петропавл қаласына қосымша 45 МВт электр қуатын берді. Осылайша, қуат өсімі 2014 жылмен салыстырғанда, 10,4% құрады.

### ШЕКТІ ТАРИФТЕР БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУ НӘТИЖЕЛЕРІ (2009–2015 ЖЫЛДАР)

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық дамуының негізгі аспектілерінің бірі – негізгі қорларды жаңарту арқылы өндірістің тиімділігін арттыру болып табылады. Компания негізгі қорларды жаңғырту және қайта құру бойынша ауқымды инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырады.

Инвестициялық шаралар жүзеге асырылған 2009–2015 жылдары, Шекті тарифтер бағдарламасы аясында, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның жобаларға салған инвестициясының көлемі 30,7 млрд теңгені құрады.

#### 2009–2015 жылдардағы инвестициялық бағдарламаның нәтижелері

**36,3%**  
Өндірістік қуат

ЖАҢАРТЫЛДЫ

ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ

Күл шығарылымы  
**75%-ға**

ТӨМЕНДЕДІ

Петропавл 2-ЖЭО:

№1 турбоагрегат (жаңа)  
№4 турбоагрегат (жаңа)  
№6 турбоагрегат  
№7 турбоагрегат

№6 қазандық агрегат  
№7 қазандық агрегат  
№8 қазандық агрегат (жаңа)

ӨСІМ ДИНАМИКАСЫ

**479 МВт**

Орнатылған  
электр  
қуаты

26%

**2 809**  
млн кВт·с

Электр  
энергия  
өндірісі

18,2%

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаны жүзеге асыру шараларының негізгілері:

- бу қуатының дефицитін 100 т/с-қа қысқартуды қамтамасыз еткен №6 және №7 (2011–2012 жж.) қазандық агрегаттарын қайта құру;
- станцияның бу қуатын сағатына 270 тоннаға арттыруға мүмкіндік берген жаңа №8 (2011–2014 жж.) қазандық агрегатты пайдалануға беру;
- станцияның орнатылған қуатын 30 МВт-қа арттырған жаңа №4 (2011–2013 жж.) турбоагрегатты пайдалануға беру;
- орнатылған электр қуатын 24 МВт-қа арттырумен №6 турбоагрегатты қайта маркалау орындалды;
- станцияның орнатылған қуатын 21 МВт-қа арттырған жаңа №1 (2014–2015 жж.) турбоагрегатты пайдалануға беру;
- орнатылған және иеліктегі қуат айырмашылығын 2 МВт-қа қысқартқан және шартты отын шығынын азайтқан №3 (2013–2014 жж.) турбоагрегатты жаңғырту;
- станцияның орнатылған қуатын 24 МВт-қа арттырған және шартты отын шығынын азайтқан №7 (2014–2015 жж.) турбоагрегатты пайдалануға беру.

Шекті тарифтер бағдарламасы шараларын орындау келесілерге мүмкіндік берді:

- станцияның орнатылған қуатын 99 МВт-қа арттыру;
- негізгі қордың тозуын 26,76 пайыздық пунктке (89,24%-дан 62,48%-ға), қазандық агрегаттар бойынша – 24,37 пайыздық пунктке (91,64%-дан 67,27%-ға), турбоагрегаттар бойынша – 31,84 пайыздық пунктке (86,10%-дан 54,26%-ға) азайту;
- өзіндік қажеттіліктерге электр энергиясы шығынын 1,96 пайыздық пунктке (с 14,04%-дан 12,08%-ға) төмендету;
- электр энергиясына шартты отын шығынын 13,4 г/кВт-с-қа (423,5 г/кВт-с-тан 410,1 г/кВт-с-қа), жылу энергиясын босатуға шартты отын шығынын 3,64 кг/Гкал-ға (200,0 кг/Гкал-дан 196,4 кг/Гкал-ға) төмендету;
- көмір шығынын 12,23% арттыру кезінде электр энергиясы өндірісін 18,16% арттыру.

## 2015 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Компания кәсіпорындарында өндіріс активтерінің қуатын арттыру, қондырғылардың тозуын төмендету, энергия шығындарын азайту, энергоімімділік пен

энергоүнемділікті өсіру, өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту және энергетикалық кешеннің жалпы жұмысын жақсарту мақсатымен негізгі қорларды жаңғырту және қайта құру инвестициялық бағдарламасы жүзеге асырылуда.

## ӨНДІРІСТІ АРТТЫРУ

Петропавл 2-ЖЭО-нда 2015 жылдың қыркүйегінде қайта құру жұмыстарынан кейін №7 турбоагрегат іске қосылып, жаңа №1 турбоагрегат пайдалануға берілді. Турбиналар облысқа және Петропавл қаласына қосымша 45 МВт электр қуатын берді. Осылайша, 2016 жылдың 1 қаңтарына қуаттың өсуі 2014 жылмен салыстырғанда 10,4% құрады.

2015 жылы электр энергия өндірісі 2014 жылмен салыстырғанда 2,7% құрады. Петропавл 2-ЖЭО электр энергиясы өндіріс көлемінің өсуіне №1 және №7 турбоагрегаттардың пайдалануға берілуі айтарлықтай ықпал етті. №1 турбоагрегатты пайдалануға бергеннен кейін қосымша электр энергиясының өсімі жылына 223 600 мың кВт-с құраса, №7 турбоагрегатты қайта құрудан кейін жылына 29 284 мың кВт-с құрады. Бұған дейін, 2012 жылы станцияда №6 және №7 қазандық агрегаттар, 2013 жылы №4 турбоагрегат қайта құрылса, 2014 жылы Петропавл 2-ЖЭО-нда №8 жаңа қазандық агрегат пайдалануға берілді. Барлық аталған нысандарда жетекші Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ТПБ АЖ) ендірілді.

Сондай-ақ, 2015 жылы Петропавл 2-ЖЭО-нда №5 турбоагрегатты ауыстыру және №12 қазандық агрегатты қайта құру бойынша жобалар жалғастырылды. Жаңа қондырғыны іске қосудың арқасында станцияның мүмкіндіктері артады, ол аймақтың өсіп келе жатқан электр мен жылу энергиясына қажеттілігін қамтамасыз етеді, сонымен бірге Солтүстік Қазақстан облысы өнеркәсібі мен бизнес-жобаларының дамуына ықпал етеді.

2012–2020 жылдарға арналған «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО кеңейту және қайта құру концепциясына сәйкес, 7 турбоагрегат және 6 қазандық агрегатты ауыстыру және қайта құру жобалары жүзеге асырылады, нәтижесінде турбиналық цехтің қондырғылары 71,4%, қазандық цехтікі 50% жаңартылады.

## ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ ШЫҒЫНДАРЫН АЗАЙТУ

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда заманауи энергоүнемдеуші технологияларды қолданудың арқасында нормативтен тыс шығындар жойылып, нормативті техникалық

## Негізгі өндірістік көрсеткіштер

Атауы	2013	2014	2015
Орнатылған электр қуаты, МВт	397	434	479
Электр энергиясын өндіру, млн кВт-с	2 603	2 733	2 809
Қазақстандық электр энергиясы өндірісіндегі үлесі, %	2,8%	2,9%	3,1%
Электр энергиясын тасымалдау, млн кВт-с	1 182	1 225	1 187
Электр энергиясын тауарлы босату, млн кВт-с	2 080	2 207	2 308
Орнатылған жылу қуаты, Гкал/с	874,8	791,65	678
Жылу энергиясын өндіру, мың Гкал	1 791	1 946	1 861
Жылу энергиясын тасымалдау, мың Гкал	1 262	1 333	1 330
Жылу энергиясын тауарлы босату, мың Гкал	1 249	1 319	1 316

шығындар 10,2%-дан 9,7%-ға төмендеді (жоспар бойынша 13,43%). Бұдан бөлек, инвестициялық бағдарлама аясында атқарылған шаралар негізгі жабдықтардың тозуын 2015 жылдың басындағы 72,5%-дан есептік жылдың аяғындағы 71,1%-ға төмендетуге, технологиялық бұзушылықтар саны мен электр энергиясының жетпей қалуын болдырмауға, сол арқылы тұтынушыларды сенімді электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Кәсіпорында ЭКЕАЖ орнату және ӨОС сымын қолдану арқылы электр беру желілерін қайта құру бойынша жұмыстар шығындардың айтарлықтай қысқаруына әкеледі.

ЭКЕАЖ автоматтандырылған жүйесі есеп дәлдігін арттыруға, электр энергиясы сапасын бақылауға, шығындарды анықтауға және оқшаулауға, ұрлықты табуға және электр энергиясын тарату процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге арналған. Бөлшек нарықтың ЭКЕАЖ жұмысының принципі абонент есептегіштері көрсеткіштерін автоматты түрде алуға және оны интернет-байланыс арқылы электр желілік компаниялардың серверлеріне жіберуге негізделді. Бұл электр энергиясы шығындарын қысқартып, мәліметтерді алу және тәулік зоналары бойынша электр энергиясы есебінің дифференциациялау процесін жеңілдетеді.

ӨОС технологиясы – прогресті және перспективалы технология болып табылады, өйткені ол тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға, өндірістік шығындарды (тасымалдау кезіндегі электр энергиясы шығындары, ЭБЖ және энергетикалық қондырғыларды жөндеу шығындары,

апаттық жағдайларды жою шығындары) азайтуға бағытталған. Сондай-ақ ӨОС орнату электр энергиясын келісім-шартсыз тұтынуға жол бермейді, энергиямен қамтудың сенімділігіне кепілдік береді, электр энергиясының техникалық шығындары ең төменгі шекке жақындайды.

Инвестициялық бағдарламаның «Құрылыс және қайта құру» бағыты бойынша электр желілік компания келесі шараларды жүзеге асырды: №4 ТП тарату пунктін қайта құру, Петропавл қ. бойынша 16,4 км 10–0,4 кВ кабельді желілерін ауыстыру, 5 10/0,4 кВ трансформаторлы шағын станциясының қондырғыларын мен ғимаратын қайта құру, 5 10/0,4 кВ трансформаторлы шағын станциясының қондырғыларын қайта құру, Петропавл қаласында 4 км 10 кВ әуе желісін қайта құру, 110/35/10 кВ «Литейная», 220/110/35/10 кВ «Тимирязево» және 110/10 кВ «Бескөл» №5 шағын станцияларында 110 кВ ашық тарату құрылғыларын қайта құру; 110/35/10 кВ «Сергеевка» және 110/35/6 кВ «Булаево-Нефть» шағын станцияларында күрделі жөндеу.

«Негізгі жабдықтарды жаңғырту» бағыты бойынша 110/35/10 кВ «Сергеевка» және 220/110/35/10 кВ «Тимирязево» шағын станцияларында жоғары жиілікті байланыс орнатылды.

2015 жылғы инвестициялық бағдарламаның «электр қондырғыларын ауыстыру» бойынша шаралары аясында 110/35/10 кВ «Молодогвардейская» шағын станциясында ауыстыру үшін қуаты 2 500 кВА күш трансформаторы, қуаты 250 кВА–400 кВА сыртқа қолданылатын үш кешенді трансформатор шағын станциялары, облыс шағын станциясын



қайта құру үшін RIP-оқшаулағышты жоғары вольтті ену нүктелері сатып алынды.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде инвестициялық бағдарламаны орындау аясында жылу энергиясы шығындарын төмендету динамикасын сақтауға мүмкін болып тұр. Осылайша, 2010–2015 жылдары төмендеу 2,8 пайыздық пунктті (70,015 мың Гкал) құрап, 30,67%-дан (583,648 мың Гкал) 28,87%-ға (513,633 мың Гкал) төмендеді, сонымен бірге жылу энергиясын өткізу 2010 жылғы 1 319,134 мың Гкал-дан 2015 жылы 1 329,586 мың Гкал-ға өсті.

2015 жыл ішінде кәсіпорын жалпы ұзындығы 13,6 км (4,2 км магистральды және 9,4 км тарату желілері) құбырды ауыстырып, магистральды және тарату желілерін жоспарлы жөндеу жұмыстарын атқарды. Құбыр желілерінің зақымдалған жылу қаптамаларын және жалаңаштанған бөліктерін жалпы ұзындығы 5,2 км шыны-мақталы плиталарды қолдану арқылы жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары атқарылды.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС жылу магистральдерін қайта құруда дәстүрлі құбырлардан (құбыр – темір қабаты мен минералды мақталы маталардан әзірленген жылу оқшаулаушы) энергия тасымалдау кезінде жылу шығынын төмендетуді қамтамасыз ететін жоғары жылу оқшаулағыш көрсеткіштерімен (жылу қаптамасы ылғалданбайды, тозбайды, пайдалану мерзімінде ауыстыруды қажет етпейді), қондырғының жоғары сенімді ресурсы мен пайдалану мерзімін нормативті мәнге (25 жыл) жеткізуімен, аса қалың полиэтилен сыртқы қаптамасы есебінен құбырдың сыртқы қабатының жоғары коррозиялық төзімділігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, мұндай құбырларды жер үстімен жүргізген кезде ешқандай темір-бетон жолдар салу қажеті жоқ және олар белгі беру жүйесімен қамтылған. Бұл жүйе ағын болған жағдайда оның нақты орнын табуға мүмкіндік береді.

Тағы бір қолданылатын технология – жылу желілеріндегі шығынның алдын алу үшін құбырларды пенополиуретанды (ППУ) қаптамамен оқшаулайды. Бұл материалдың ерекшелігі – 30 жылға дейін оның жылу оқшаулаушы қасиетінің қалыпты болуында. «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде осылайша ескі және жартылай бұзылған қаптама мәселесі шешілуде.

#### ЭНЕРГОҮНЕМДІЛІК

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда 2014 жылы жүргізілген энергоаудит нәтижесінде алынған ұсыныстарға сәйкес әзірленген, станцияның энерго-тиімділігін көтеруге арналған арнаулы бес жылдық бағдарлама жүзеге асырылуда. Бұл бағдарламаны

орындау нәтижесінде 2015 жылы қол жеткен үнем 50,7 мың тонна көмірді құрады.

Жылу-электр орталығы үшін 2015 жылдың қыркүйегіндегі маңызды оқиға – К-63-8,8 типті №1 турбоагрегаттың пайдалануға берілуі болды. Жаңа турбина станция жұмысының сенімділігі мен үнемділігін арттырып, орнатылған қуатты 21 МВт көтеріп, электр энергия өндірісін жылына 223,6 млн кВт-с-қа арттыруға мүмкіндік берді.

Шартты жылы турбина бойынша отын үнемділігі 37,3 мың тоннаны құрайды деп күтілуде. Сондай-ақ, 2015 жылы қуаттылығы 100 МВт-қа артқан (станцияның орнатылған қуаты 24 МВт-қа артты) Т-76-90/2,5 типті №7 турбоагрегат жаңғыртылды. Шартты жылдағы үнем 13 мың тонна көмірді құрайды деп жоспарлануда.

Энергоүнемдеу бойынша атқарылған шаралардың арқасында 2015 жылы отынның үлестік шығындарын азайтудан болған үнем 2014 жылмен салыстырғанда Петропавл 2-ЖЭО-нда 32,1 мың тонна көмірді құрады. 2015 жылы Петропавл 2-ЖЭО 2 809 млн кВт-с электр энергиясын өндірді. 2016 жылы станцияда 3 233 млн кВт-с электр энергиясын өндіру жоспарланса, бұл 2015 жылғы көрсеткіштен 15% жоғары. Станцияның орнатылған электр қуаты 2016 жылдың 1 қаңтарына 479 МВт құраса, 2016 жылдың аяғында бұл көрсеткіш 541 МВт құрайды.

#### ӨНДІРІСТІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІН ЖАҚСARTУ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда экологиялық параметрлерді жетілдіру мақсатында №1 турбоагрегат пайдалануға берілді, бұл ластаушы заттардың шығарылымын жылына 287,9 тоннаға жеткізді. №7 турбоагрегаттың ЦНД роторын ауыстыру арқасында ластаушы заттар шығарылымы жылына 41,816 тоннаны құрады. 2015 жылы шығарылымдардың барлық көлемі 34 158,66 тонна болды. Жалпы, кәсіпорын негізгі және көмекші қондырғыларды қайта құру және жаңғырту жұмыстарынан кейін 2008–2015 жылдары ластаушы заттар шығарылымының жалпы көлемін 25% азайтты.

Сондай-ақ, Петропавл 2-ЖЭО-нда жыл сайын тазалаушы қондырғының техникалық ауытқуларын жойып, үздіксіз жұмысын жалғастыру мақсатында күл аулағыш элементтерді жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы экологиялық талаптарына сәйкес келу мақсатымен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2015 жылы бұрынырақ аяқталған №3 күл үйіндісін рекультивациялауға кірісті. Рекультивациялау аумағы 32,8 га құрады. Аталған шараны жүзеге асыру үшін 2015–2018 жылдарға арналған

№KZ79VDD00033585 08.10.15 ж. берілген Қоршаған ортаға эмиссияға келісім алынды. Тиісінше, 2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ №3 күл үйіндісін рекультивациялаудың барлық сатысын аяқтауды жоспарлап отыр.

Парник газы шығарылымына квота бөлудің ұлттық жоспарына енген парник газы шығарылымының жаңа көзінің (№1 турбоагрегат) пайдалануға берілуіне байланысты, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2015 жылы 8 215,64 мың тонна парник газының шығарылымына квота алды.

Сондай-ақ, кәсіпорында энергоресурстарды тұтынуды төмендетуге бағытталған бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Олардың ішіндегі ең маңыздылары:

- №1 турбоагрегатты ауыстыру;
- №7 турбоагрегаттың ЦНД роторын ауыстыру;
- №7 турбоагрегаттың ПНД-2 латунды құбыршасын ауыстыру;
- №1 турбоагрегаттың конденсатты сорғыларын ауыстыру.

Жоғарыда аталған шараларды атқару кезінде парник газы шығарылымдарын төмендетудің жалпы көлемі 78,7 мың тоннаны құрады, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 13,5 мың тоннаға артық (2014 жылы энергоресурстарды тұтынуды төмендетуге бағытталған шараларды жүзеге асырудан төмендеу дерегі 65,3 мың тоннаны құраған).

2015 жылы келесі экологиялық жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді:

- «№1 турбоагрегатты ауыстырып, 2-ЖЭО-н қайта құру» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы;
- «№1 турбоагрегатты ауыстырып, 2-ЖЭО-н қайта құру кезіндегі қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары»;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қоршаған ортаға эмиссияға келісім алу мақсатымен 2016–2018 жылдарға табиғат қорғау шараларының жоспары.

#### ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Компанияның 2015 жылғы қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес әзірленді. Есеп саясатының принциптері Компания кәсіпорындарының бәріне бірегей.

Компанияның басты қаржы-экономикалық көрсеткіштері операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелелігі мен тиімділігін, сондай-ақ Компанияның стратегиялық дамуының негізгі бағыттары орындалғанын көрсетеді.

#### 2013–2015 жылдардағы негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

КӨРСЕТКІШТЕР	2013	2014	2015
Негізгі қызмет табыстары	20 962	24 079	26 608
Кезең шығындарын есепке алғандағы өзіндік құн	(15 915)	(18 316)	(20 462)
Операциялық қызметтен түскен пайда	5 047	5 763	6 146
Бір жылғы жалпы EBITDA*	7 650	8 857	10 487*
Бір жылғы жалпы EBITDA, айырма %	36,5	36,8	39,4
Табыс салығы бойынша шығындар	(1 022)	(1 194)	(110)
Бір жылғы таза пайда	2 790	3 181	(303)
Активтер	61 845	92 948	99 261
Капитал	29 713	52 264	51 118
Негізгі жабдықтар бойынша капиталды шығындар	9 855	11 327	10 739

\* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген



### ТАУАР/ҚЫЗМЕТ ӨТКІЗУДЕН ТҮСКЕН ТАБЫС

2015 жыл қорытындысы бойынша, Компания жалпы сомасы 26 608 млн теңге немесе 2014 жыл қорытындысымен салыстырғанда, 10,5% жоғары электр және жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу қызметтерін жүзеге асырды. Бұл электр энергиясын өткізу көлемінің артуымен байланысты.

Өткен кезеңмен салыстырғанда, 2015 жылғы өткізуден түскен табыс деңгейіне ықпал еткен басым факторларға келесілер жатады:

- Электр энергиясын өткізу көлемі инвестициялық бағдарлама нәтижесінде және тұтынушылар тарапынан сұраныстың оң динамикасына байланысты жаңа өндірістік қуаттылықтардың енгізілуіне орай, электр энергиясын өткізу көлемінің 100,9 млн кВт-с-қа (4,6%) өсуі есебінен 2014 жылмен салыстырғанда, 2 507 млн теңге немесе 15,6%-ға ұлғайды.
- Электр энергиясын беруден түсетін табыстар тарифтің 4,2%-ға өсуі есебінен 40 млн теңге немесе 1%-ға аз ғана төмендеді.
- Жылу энергиясын өткізу табыстары беру қызметін есепке алғанда, 3 913 млн теңгеге өсті, бұл 2014 жыл деңгейімен сәйкес келеді.
- Энергия түрлері бойынша орташа босату тарифтері электр энергиясы бойынша 2015 жылғы 1 қаңтарға 0,70 теңге/кВт-с немесе 6,1%-ға өссе, жылу энергиясы бойынша тарифтер бұрынғы деңгейінде қалды.

### ӨТКІЗІЛГЕН ТАУАР/ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

2015 жылы өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны 18 260 млн теңгені құрап, 2014 жылмен салыстырғанда өсім 2 730 млн теңге немесе 17,6% болды. Ол «Отын», «Тозу және амортизация», «Еңбекті төлеу», «Сатып алынатын энергия» және «Сыртқы ұйымдар қызметтері» баптары бойынша операциялық шығындардың артуымен байланысты орын алды.

Компанияның өзіндік құн құрылымында басым бөлшек үлеске (40%) «Отын» бабы ие. Аталған бап бойынша қымбаттау тасымалды есепке алғанда, көмір құнының 3,7%-ға артуы есебінен 282 млн теңге немесе 4% құрады.


Электр энергиясы өндіріс көлемінің 100,9 млн кВт-с немесе 4,6% өсуі көмір шығынының 6,3 мың тонна немесе 0,3%-ға өсуіне әкелсе, бұл өнім бірлігіне шаққандағы отын шығыны тиімділігін арттыру нәтижесі болып табылады. 31.12.2014 жылы активтерге қайта бағалау жүргізу және 2015 жылы 10 739 млн теңгеге негізгі жабдықтарды енгізу есебінен амортизациялық аударымдар 1 133 млн теңге

немесе 42%-ға жоғарылады. Еңбекті төлеу бойынша шығындардың 649 млн теңге немесе 34%-ға артуы қызметкерлердің санаттарын қайта қараумен және әкімшілік пен өндірістік процестерді бірегейлендірумен байланысты. Техникалық диспетчерлеу және теңгерімдеу бойынша KEGOC қызметі шығындары мен күл үйінділерін рекультивациялау шығындарының өсуімен байланысты өндірістік сипаттағы қызмет шығындары 494 млн теңге немесе 24%-ға артты.

### ЖАЛПЫ ЕВІТДА ДИНАМИКАСЫ

2015 жылғы EBITDA көрсеткіші, курстық айырмашылық шығынын есепке алмағанда, 10 487 млн теңгені құрады, 2014 жылмен салыстырғанда өсім 1 629 млн теңге немесе 18,4% құрады. Операциялық тиімділік көрсеткіші өсімінің негізгі факторларына электр энергиясын өндіруге 13% өсіммен шекті тарифтер бекіту және электр энергиясын өткізу көлемін 100,9 млн кВт-с немесе 4,6%-ға арттыру жатады.

Бір жылғы жалпы EBITDA, млн теңге



\* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

### СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЕВІТДА КӨРСЕТКІШІ

Компания өндірістік қызметін бағалауда операциялық EBITDA көрсеткіші негізгі болып таңдалған. Бұл көрсеткіш – Компанияның базалық өндірістік қызметіне әсер етпейтін өзге кірістер, қаржыландыру кірістері, курстық айырмаға қатысты міндеттемелердің сенімсіз компоненті, еңбекке қабілеттіліктен айрылу бойынша әлеуметтік төлемдер, амортизация мен қайталанбайтын немесе тұрақсыз баптарды қарастырмайды.

Компанияның 2015 жылғы операциялық EBITDA көрсеткіші 10 127 млн теңге құрап, 2014 жылмен салыстырғанда өсім 1 527 млн теңге немесе 1,8% құрады. Операциялық EBITDA көрсеткіш құрылымында негізгі (бірінші кезектегі) айырмалы сегмент – электр және жылу энергия өндірісі (10 709 млн теңге) болып

табылады, мұнда 2015 жылы өсім қосымша өндірілген электр энергиясының 100,9 млн кВт-с немесе 4,6%-ға өсуі, енгізілген қуаттылықтар жұмысының тиімділігі, сондай-ақ, электр энергиясын өндіру шекті тарифтері 12,6% арттыру есебінен 1 924 млн теңге немесе 12,6%-ға артқан.

### Сегменттер бойынша 2015 жылғы қаржылық-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	Электр және жылу энергиясын өндіру	Электр энергиясын беру және тарату	Жылу энергиясын беру және тарату	Электр және жылу энергиясын өткізу	Басқасы	Нәтижесі
Өткізу табыстары	20 666	4 107	1 793	32	11	26 608
Өзіндік құны	(12 272)	(3 534)	(1 959)	(285)	(211)	(18 260)
Жалпы пайда	8 394	573	(165)	(253)	(201)	8 348
Кезең шығындары	(768)	(510)	(519)	(406)		(2 202)
Операциялық қызметтен түскен пайда	7 627	63	(685)	(659)	(201)	6 146
Қаржылық шығындар, нетто	(1 242)	(19)	(53)			(1 314)
Курстық айырмашылық шығыны	95	41	20	3		158
Өзге табыстар	(3 367)	(1 304)	(512)			(5 183)
Табыс салығы бойынша шығындар	(644)	218	184	132		(110)
Бір жылғы пайда/(шығын)	2 468	(1 001)	(1 045)	(524)	(201)	(303)
Сегменттер бойынша операциялық EBITDA	10 709	612	(350)	(643)	(201)	10 127

### ТАЗА ТАБЫС/ШЫҒЫННЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2015 жылғы операциялық қызметтен түскен пайда 6 146 млн теңге (өткізу табысынан айырмасы 23,1%) құраса, табыстың 383 млн теңгеге төмендеуі электр энергиясы өндірісінің 10,5%-ға өсуімен байланысты.

Қаржылық нетто шығындары ұзақмерзімді инвестициялық қарыздарды өтеу мен айналымдық желілерді қысқарту есебінен 150 млн теңге немесе 10%-ға төмендеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-кредиттік саясатына өтуі және 2015 жылғы 20 тамызда еркін айырбас курсы бекітумен байланысты Компания валюталық несие бойынша курстық айырмадан 5 183 млн теңге көлемде шығын көрді, тиісінше, 2015 жыл қорытындысы бойынша қаржылық нәтиже минус 303 млн теңгені құрады. Ұлттық валютаның құнсыздануының компенсациялық әсері курстық


айырмашылық есебінен салықтық активті тану болып табылады, нәтижесінде есептік жылдағы корпоративтік табыс салығы 110 млн теңгені құрады, ол 2014 жылғы деңгейден 1 083 млн теңгеге төмен.

### АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жиынтық активтері 99 261 млн теңгені құрады, бұл 2014 жылдың сәйкес көрсеткішінен 6,4%-ға жоғары.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі жабдықтар құны 91 887 млн теңге немесе барлық активтер құнының 92,6%-ын құрады. Кең ауқымды инвестициялық бағдарлама аясында 10 739 млн теңге соманың негізгі жабдықтары сатып алынып, аяқталмаған құрылыс құрамына бағытталды, 8 815 млн теңге сомаға ағымдағы кезең және өткен жылдардан келе жатқан жаңа және

Активтер, млн теңге




қайта құрылған нысандар енгізілді. Нақтырақ айтқанда, бұл Петропавл 2-ЖЭО-нда №1 турбоагрегаттың пайдалануға берілуімен байланысты.

Басқа қаржылық активтер 155 млн теңге көлемінде бөлшектеп толтыру және алуға мүмкіндік беретін жұмсақ шарттары бар депозит түрінде берілген. Депозиттер қарыздарға қызмет көрсету, инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру және айналымдық капиталды ұстап тұру үшін жиналған ақшалай қаражат түрінде берілген.

Компанияның жарияланған жарғылық капиталы 143,9 млн дана жай акцияларды құрайды. 2015 жылғы 31 желтоқсанға толықтай төленген жай акциялар 16 292 млн теңгені құрайды.

Компания «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның 2 726 млн теңге сомасындағы облигацияларын 2020 жылғы 10 қаңтарға дейін өтеу мерзімімен орналастырды. Бұл қаражат Компания стратегиясына сәйкес, инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға және даму жобаларын жүзеге асыруға бағытталған.

Пассивтер, млн теңге



Ұзақмерзімді қарыздар негізінен Компания активтерін қайта құру және жаңғырту бойынша ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыруға бағытталған ЕҚДБ және басқа халықаралық қаржылық институттар қарызын қамтиды.


Қазақстан экономикасының 2015 жылғы 20 тамыздан бастап теңгені еркін айналымға жіберуі қаржылық міндеттемелердің 5 086 млн теңгеге артуына ықпал етті. Компания басшылығы инвестициялық бағдарламаның тиімділігі валютадағы кредиттік келісімдер бойынша төмен мөлшерлемелер мен қарызды өтеудің 10 жылдан астам мерзімі теңгенің құнсыздануын жұмсартып, болашақта нысандардың өзін-өзі ақтауын қамтамасыз етеді.

Жалпы қаржылық қарыз есептік жыл аяғында 27 398 млн теңгені құраса, бұл ретте Компания қаржылық тұрақтылығы мен ликвидтілігін сақтап қалды. Компания ЕҚДБ-ның 31.12.2015 жылға қаржылық ковенанттардың аз ғана бұзылуына байланысты қарыздар бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығын қайтарып алуына қол жеткізді.

#### АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

2015 жылы операциялық қызметтен ақшалай қаражат ағынының артуы байқалады, бұл өткізу көлемінің артуы мен электр және жылу энергиясы тарифтерінің жоспарлы түрде өсуімен байланысты болды. Операциялық қызметтен келетін таза ағын, шетелдік валютадағы қалдық ақша қаражатына курстық өзгерудің ықпалын есепке алғанда, 8 468 млн теңгені құрады. Айналымдық капиталдың айтарлықтай өзгеруі қордың артуы мен сауда-дебиторлық қарыздың өсуімен байланысты. Негізінен, инвестициялық бағдарлама шаралары бойынша ірі жеткізілімдерге қатысты кредиттік қарыздың артуы айналымдық капиталдың өсуіне әкелді.

Ақша қаражатының қозғалысы, млн теңге



2015 жылы инвестициялық қызметтен түскен 8 076 млн теңге көлемдегі ең маңызды ақша ағындары үдемелі инвестициялық бағдарламамен байланысты.

2015 жылы Компания 2 726 млн теңге сомасында облигацияларды орналастыру есебінен қаржыландыру алды.

Жыл соңында ақшалай қаражаттар мен депозиттер 622 млн теңгені құрады, ақша қаражатының жеткілікті резерві Компанияға қажетті ликвидтілік деңгейін ұстап тұруға және қарыздарға қызмет көрсету үшін ішкі ресурстарды ұстап тұруға мүмкіндік береді.

#### 2016 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2016 жылы инвестициялық бағдарлама шараларын орындауға 8,4 млрд теңге бағыттауды жоспарлап отыр. Бағдарламаны іске асыру аясында Компания өндірісті арттыруға, электр және жылу энергиясын тасымалдау кезінде шығындарды азайтуға және қызметтің экологиялық параметрлерін жақсартуға бағытталған қондырғыларды жаңғырту бойынша ірі ауқымды шараларды жүзеге асыруды жалғастырады.

Петропавл 2-ЖЭО-нда Т-95/105-8,8 типті №5 турбоагрегат құрылысы бойынша жұмыстар жалғасады. Турбинаны желіге қосу 2016 жылдың қарашасына жоспарланған, одан кейін станцияның орнатылған қуаты электр энергиясы бойынша 62 МВт және жылу энергиясы бойынша 35 Гкал артады. Бұдан бөлек, 2015 жылы ақпанда жылу-электр орталығында №12 қазандық агрегатты қайта құру бойынша жұмыстар басталса, оны пайдалануға беру 2016 жылға жоспарланып отыр. Қайта құру бұ өнімділігін сағатына 50 тоннаға арттырып, қазандықтың сенімділігі мен үнемділігін көтереді, ал шартты жылдағы жоспарлы отын үнемділігі 4,2 мың тонна көмірді құрайды. Жаңа қондырғы іске қосылғаннан кейін станцияның орнатылған қуаты 541 МВт құрайды. Электр энергиясы өндірісінің болжамды өсімі 2016 жылы 3 233 млн кВт-с құрайды немесе 2015 жылғы деңгейден 15,1% артық болады.


«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ 2016 жылы инвестициялық шараларды жүзеге асыруға 1,3 млрд теңге бағыттайды. Компанияда сонымен бірге 5,34 млрд теңге болатын «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ 2016–2020 жж. негізгі жабдықтарын қайта құру және жаңғырту ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламасы әзірленді. Бағдарламаны жүзеге асыру аясында 75 км 0,4–10 кВ кабельді желілерін ауыстыру және салу, Петропавл қаласында 42 км 10 кВ

әуе желілерін қайта құру, 35 кВ және одан жоғары қысымды 12 шағын станцияның қондырғыларын қайта құру, 66 10/0,4 кВ трансформатор шағын станциясын қайта құру (оның ішінде 33-і ғимаратын қайта құрумен бірге), жоғары вольтті ену нүктесін ауыстырумен 13 трансформаторға күрделі жөндеу жоспарланған. Сондай-ақ, Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысында жалпы ұзындығы 180 км «жалаңаш» сымды ӨОС маркалы желіге ауыстырып, 0,4 кВ әуе желілерін қайта құруды жоспарлап отыр.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС 2016 жылы өз қаражатына 12,9 км құбыр желісін, оның ішінде 8,8 км тарату желісін және 4,1 км магистральдық желіні ауыстыруды жоспарлап отыр. Кәсіпорынның инвестициялық бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2016 жылы жалпы ұзындығы 8,1 км жылу желісін алдын ала оқшауланған құбырды қолдану арқылы салу және 1,114 км желіні ППУ-қаптаманы қолданып қалпына келтіру жоспарланған. Петропавл қаласы бойынша жалпы ұзындығы 31 км жылу желісін алдын ала оқшауланған құбырды қолдану арқылы қайта құру бойынша 11 жобаны әзірлеуге «КазНИПИЭнергопром» институты АҚ институтымен келісім-шарттар жасалған. Жұмыстар 2016-2020 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламалар аясында жоспарланған және кәсіпорынның өз қаражаты, сонымен бірге ЕҚДБ жаңа инвестициялық несиеі мен «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша Ұлттық экономика министрлігінің бюджеттік субсидиясы есебінен қаржыландырылады.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«СЕВКАЭНЕРГО» АҚ корпоративтік басқару жүйесі Компанияның басқару, ішкі бақылау органдары, акционерлері, өзге мүдделі тұлғаларының өзара қызмет процесін реттейді, аталған тараптардың көзқарас теңгерімін қамтамасыз етеді. Корпоративтік басқару Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды көзқарастарын сыйлау және қорғау принципіне негізделген, сонымен қатар, Компанияның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын сақтап, активтер өсіміне ықпал етеді.



## 2015 ЖЫЛЫ



Компанияның корпоративтік басқару тәжірибесі Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына толықтай сәйкес келді. Бұл құжат Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына жауап береді: құжат корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибеге сай және қазақстандық акционерлік қоғамдармен корпоративтік басқару принциптерін қолдану ұсыныстарына сай әзірленген.

## АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қаржылық есептіліктің деректеріне сәйкес, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қоғамның жарғылық капиталы 16 291 512 мың теңгені құрайды. «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ акциялардың 100%-ына ие жалғыз акционер болып табылады.

Ұстаушының атауы	Жай акциялар		Артықшылығы бар акциялар	Барлық акциялар	
	саны	үлесі		саны	үлесі
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ	143 863 799	100%	–	143 863 799	100%

## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

«СЕВКАЭНЕРГО» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы компетенциясына жататын шешімдер «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысымен (АЖЖ) 2015 жылы келесі мәселелер бойынша қабылданды:

- «СЕВКАЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау туралы және «СЕВКАЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіліктерін,

оларға төленетін сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын анықтау туралы шешім;

- 2014 қаржылық жыл үшін «СЕВКАЭНЕРГО» АҚ таза табысын бөлу тәртібі туралы шешім;
- «СЕВКАЭНЕРГО» АҚ Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы шешім;
- «СЕВКАЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту туралы шешім.

## ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Дивидендтерді есептеп жазуға, оларды жариялау тәртібіне, мөлшеріне, төлеу нысанына және мерзімдеріне қатысты Компанияның саясаты Жарғыда айқындалған.

Төменде аталғандар Компанияның дивидендтік саясатының негізгі принциптері болып табылады:

- дивидендтік төлемдердің мөлшерлерін айқындаған кезде Компания және оның акционері мүдделерінің теңгерімі;
- Компанияның инвестициялық тартымдылығын, қаржылық тұрақтылығын, капиталын және өтімділігін арттыру;
- салынған капиталдың нарықтық табыстылығын қамтамасыз ету;
- акционерлер құқықтарын сақтау және сыйлау, олардың әл-ауқатын арттыру.

Компания таза табыстың өз дамуына қажетті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретіндей бөлігін дивидендтерді төлеуге жұмсайды.


Акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның Директорлар кеңесінің ұсынымы бойынша жылдық дивидендтерді төлеу жөніндегі шешімді қабылдайды. Алдын-ала қарастырылмаған негативті жағдайлар болған кезде, Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына дивидендтерді төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдамауға ұсыныс беруге міндетті.

### ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ

2015 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысында «СЕВКАЭНЕРГО» АҚ акционерлеріне 843 253,5 мың теңге көлемінде, 2015 жылдың 10 шілде мен 31 желтоқсаны аралығында өтеу мерзімімен дивиденд төлеу туралы шешім қабылданды. Дивидендтер уақытылы және толық көлемде төленді.



ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ





## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Компания Жарғысы мен «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен Акционерлердің жалпы жиналысының компетенциясына берілген мәселелерді есепке алмағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Компанияның атқарушы органын қалыптастырады және қадағалайды. Қызмет мақсатына қол жеткізу үшін Директорлар кеңесі келесі принциптерді басшылыққа алады:

- Компания қызметі турасында шынайы және толық ақпаратты қолдана отырып, ұжымдық және салмақты негізде талқыландырылған мәселелер бойынша, бизнес жүргізудің ең жоғарғы стандартына сәйкес шешім қабылдау;
- Акционерлердің Компанияны басқаруға қатысу, дивидендтер, Компания туралы ақпарат пен есеп алу сынды заңды көзқарастары мен құқықтарын шектеуге жол бермеу;
- Компания акционерлері көзқарастарының теңгерімді болуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Компания акционерлерінің көзқарастарына сай келетін объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізу;

- Компания акционерлерін шынайы және уақытылы ақпараттармен қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ, «Севказэнергосбыт» ЖШС, «Петропавл жылу желілері» ЖШС сияқты заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері жөніндегі шешімдерді қабылдайды, бұл заңды тұлғалардың (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) 100%-ы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на тиесілі. «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ның («СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның еншілес кәсіпорны) Директорлар кеңесі де электр желілік компанияны басқару функцияларын атқарады. Директорлар кеңесіне берілетін сыйақы мөлшері Компания акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі негізінде анықталады. 2014 жылы Директорлар кеңесі мен атқарушы органға берілген сыйақылардың жалпы сомасы 29 931 мың теңгені құрады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акционерлік қоғамдардың Директорлар кеңесі құрамы:

Атауы, ұйымдық-құқықтық формасы	Директорлар кеңесінің мүшелері	Лауазымы	Сайланған күні/өкілеттігі аяқталатын күн
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	Әмірханов Еркін Адамияұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	17.04.2015–16.04.2017
	Артambaева Гүлнәр Жұмағалиқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі	17.04.2015–16.04.2017
	Табанов Эльдар Рашиұлы	тәуелсіз директор	17.04.2015–16.04.2017
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	Әмірханов Еркін Адамияұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	13.06.2015–13.06.2017
	Ларичев Леонид Викторович	Директорлар кеңесінің мүшесі	13.06.2015–13.06.2017
	Табанов Эльдар Рашиұлы	тәуелсіз директор	13.06.2015–13.06.2017



**ӘМІРХАНОВ ЕРКІН АДАМИЯҰЛЫ**  
(1967 ж.т.)

Директорлар кеңесінің төрағасы.

«ОАЭК» АҚ Президенті, «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі, акционері болып табылады.  
**01.07.2001** «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК Төрағасы;  
**30.06.2004** «Эксимбанк Қазақстан» АҚ ДК мүшесі;  
**20.08.2007** «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі;  
**16.03.2009** «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі;  
**28.05.2009** «Каустик» АҚ ДК Төрағасы;  
**22.04.2011** «ОАЭК» АҚ Президенті;  
**25.10.2011** «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК Төрағасы;  
**25.02.2013** «АЭҮК» АҚ ДК Төрағасы;  
**13.11.2013** «СҚ ЭТК» АҚ ДК Төрағасы;  
**20.01.2014** «ПЭТК» АҚ ДК Төрағасы.



**АРТАМБАЕВА ГҮЛНӘР ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ** (1969 ж.т.)  
Директорлар кеңесінің мүшесі.

«ОАОЭК» АҚ Президенті, «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі, акционері болып табылады.  
**16.06.2000** «ОАОЭК» АҚ Президенті;  
**27.06.2002** «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі;  
**27.06.2002** «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі;  
**07.10.2002** «ПЭТК» АҚ ДК мүшесі;  
**31.03.2004** «Эксимбанк Қазақстан» АҚ ДК мүшесі;  
**27.04.2007** «ОАОЭК Инвест» ТЖАИҚ» АҚ ДК Төрағасы;  
**16.03.2009** «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі;  
**07.07.2011** «Астана-Инвест» инвестициялық үйі» АҚ ДК төрағасы;  
**22.03.2013** «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі;  
**14.11.2009** «АЭҮК» АҚ ДК мүшесі.



**ТАБАНОВ ЭЛЬДАР РАШИТҰЛЫ**

(1968 ж.т.)  
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры.

**мамыр, 2012** «Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ вице-президенті;  
**03.01.2013** «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі (тәуелсіз директор);  
**01.01.2014** «СҚ ЭТК» АҚ тәуелсіз директоры.



**ЛАРИЧЕВ ЛЕОНИД ВИКТОРОВИЧ**

(1969 ж.т.)  
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

**22.08.2014** «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ ДК мүшесі;  
**10.09.2014** «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры.

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ**

Аса маңызды мәселелерді қарау мен Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін 2013 жылғы 11 наурызда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылды. 2015 жылғы 31 желтоқсан бойынша 3 комитет жұмыс жасайды:

- Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті;
- Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті;
- Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Комитеттің құзыретіне Компания қызметінің басым бағыттарын, оның даму стратегияларын айқындауға және іске асыруға, корпоративтік басқару нәтижелілігіне, инвестициялық жобаларды іске асыруға және стратегияның орындалуын қадағалауға байланысты мәселелер жатады.

Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Комитеттің құзыретіне тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге және нығайтуға, Директорлар кеңесі мен Атқарушы органға берілетін ұсыныстарды әзірлеуге қатысты мәселелер жатады.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Комитеттің құзыретіне атқарушы орган, ішкі аудит басқармасы, тәуекел менеджменті басқармасы, Компанияның басқа да органдары мен қосалқы бөлімшелері мүшелерінің лауазымдарына, корпоративтік хатшының лауазымына үміткерлерді сайлау/тағайындау, сыйақыларды тағайындау және төлеу, кадрлық саясат және оны іске асыру, Компанияның қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету саясаты және әлеуметтік мәселелерді шешу мәселелері жатады.

Комитет атауы	Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелері	Сайланған күні/өкілеттігінің аяқталу күні
Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет	Табанов Эльдар Рашитұлы/Комитет төрағасы	17.04.2015–16.04.2017
	Әмірханов Еркін Адамияұлы	17.04.2015–16.04.2017
	Ларичев Леонид Викторович	17.04.2015–16.04.2017
Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет	Табанов Эльдар Рашитұлы/Комитет төрағасы	17.04.2015–16.04.2017
	Артамбаева Гүлнәр Жұмағалиқызы	17.04.2015–16.04.2017
	Ларичев Леонид Викторович	17.04.2015–16.04.2017
	Рахимберлинова Жанар Жандарбекқызы	17.04.2015–16.04.2017
	Станбаева Айжан Орманқызы	17.04.2015–16.04.2017
Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет	Табанов Эльдар Рашитұлы/Комитет төрағасы	17.04.2015–16.04.2017
	Әмірханов Еркін Адамияұлы	17.04.2015–16.04.2017
	Ларичев Леонид Викторович	17.04.2015–16.04.2017
	Константинова Наталья Валерьевна	17.04.2015–16.04.2017

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2015 жылы Директорлар кеңесінің 11 мәжілісі өткізілді. Директорлар кеңесінің назарында болған негізгі мәселелер төмендегілер болды:

- Жылжымалы мүлік – №8 қазандық агрегатты ЕҚДБ-ға кепілге беру;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің комитет мүшелерін сайлау, олардың мерзімдері мен өкілеттіліктерін анықтау;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2014 жылғы аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- Директорлар кеңесіне есепті құрылымдық бөлімшелердің ішкі нормативті құжаттарын бекіту;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ 2014 жылғы қаржылық есептілігін бекіту және таза табысты бөлу;

- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін ұзарту туралы;
- Жылжымалы мүлікті «Сбербанк» ЕБ АҚ-ға кепілге беру туралы;
- Ашық несиелік желі туралы шартқа сәйкес, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үшін «Сбербанк» ЕБ АҚ қаржыландыру шарттарын өзгерту туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобы жұмысшыларының еңбектерін төлеу жағдайлары туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мүдделі топтармен келісім жасау;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесіне есепті қызметкерлерді лауазымға тағайындау туралы;
- Директорлар кеңесі және оның комитеттерінің 2016 жылға күндізгі отырыстар күнтізбелік жоспарын бекіту.

## АТҚАРУШЫ ОРГАН

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда атқарушы орган болып Бас директор есептеледі. Бас директор Компанияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді, Директорлар кеңесінің және Акционерлердің жалпы жиыналысының шешімдерін орындайды.

Атқарушы орган сыйақысының көлемі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры Ларичев Леонид Викторович. Оның акционерлік қоғамның жарғы капиталында, сондай-ақ, еншілес және тәуелді ұйымдар капиталында үлесі жоқ.

### ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕ

Энергетика саласындағы жолын 1993 жылы «Қарағанды 3-ЖЭО-нда» орталықтандырылған жөндеу цехінің шебері болып бастаған. «Қарағанды 3-ЖЭО»,

«Астана-Энергия» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда басшылық қызметтер атқарған. 2014 жылы 22 тамызда Директорлар кеңесінің шешімімен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды. 2014 жылдың 10 қыркүйегінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры міндетін атқаруға кірісті.

Леонид Викторович Ларичев «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі» белгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 2011 жылы Ларичев Леонид Викторовичке «ТМД еңбек сіңірген энергетигі» атағы берілді.

Компания еншілес кәсіпорындары («Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ, «Петропавл жылу желілері» ЖШС, «Севказэнерго-сбыт» ЖШС) атқарушы органдарының басқару формасы – Бас директор болып табылады.

Атауы, ұйымдық-құқықтық формасы	Атқарушы орган	Лауазымы	Сайланған күні/өкілеттілігінің аяқталу күні
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	Ларичев Леонид Викторович	Бас директор	10.09.2014–09.09.2016
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	Казановский Анатолий Антонович	Бас директор	16.10.2015–15.10.2017
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	Рыбас Игорь Николаевич	Бас директор	16.09.2014–15.09.2016
«Севказэнерго-сбыт» ЖШС	Сағандықов Мағауия Карипуланович	Бас директор	12.06.2014–11.06.2016

## ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Бизнес-процестерді жетілдіру және қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында Компанияда ішкі бақылау механизмдері жолға қойылған, ол «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда өз қызметін жүзеге асыруда барлық бөлімшелерді қамтитын барлық деңгейдегі стратегиялық және оперативті басқаруға біріккен, жүйеленген.

Компанияның Ішкі аудит басқармасы (ІАБ) Компанияның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді, сонымен бірге оған Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет жетекшілік етеді. Комитет қаржылық есептіліктің шынайылығын қамтамасыз ету және ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесін бақылау үшін қабылданған шешімдер мен процестерге мониторинг жасайды.

ІАБ өз қызметін Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. ІАБ «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаментіне (ІАД) Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитетке орындалған жұмыс туралы жылдық есеп, сондай-ақ, әр тоқсанның қорытындысы бойынша тоқсан сайынғы есеп ұсынады.

ІАБ қызметі Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына (ISA), сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ішкі аудиторлар этикасы кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Ішкі аудиторлар өз жұмысында келесі принциптерді ұстанады: адалдық, нақтылық, конфиденциалдық және кәсіби компетенттік.

ІАБ қызметі ІАД талаптарына сәйкес бірегейлендірілген және Компанияда қабылданған аудит әдістемесі мен тәжірибесіне сәйкес келеді. 2015 жылы ІАБ-да нақты 3 аудитор қызмет етті.

2015 жылы Ішкі аудит департаменті «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Тобында мына бағыттар бойынша жоспарлы тексерулер жүргізді:

- Бизнес үрдістерді ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау;
  - «СЕВКАЗЭНЕРГО 2-ПЖЭО» АҚ жөндеулерін басқару;
  - «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ, «Петропавл жылу желілері» ЖШС техникалық шарттарын беру үдерісін басқару.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО 2-ПЖЭО» АҚ негізгі қорлары мен тауарлы-материалдық қорларын ішінара түгендеу;
- Ішкі аудит департаменті және «Делойт» ЖШС аудитордық ұйымының ұсыныстарын орындау бойынша түзеу қызметіне мониторинг;
- Ішкі нормативтік құжаттар жобаларын талдау және ұсыныстар беру, кадр таңдау.

2015 жылы ІАБ қызметін регламенттейтін негізгі құжаттар – «ІАБ туралы ереже», «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ішкі аудит жүргізу саясаты мен ережесі» және аудиторлардың лауазымдық нұсқаулығы жаңартылды.



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компанияның корпоративтік басқару тәжірибесі 2015 жылы Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне толықтай сәйкес келді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ корпоративтік басқару жүйесі акционерлер, өзге мүдделі тұлғалар және Компанияның ішкі бақылау, басқару органдарының өзара қызмет процесін реттейді және аталған тараптардың көзқарас теңгерімін қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқару жүйесі Компанияның ішкі құжаттарымен регламенттеледі және ол Корпоративтік

басқару кодексінде көрініс тапқан. Кодекс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына толықтай сәйкес келеді: құжат корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибеге және қазақстандық акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару принциптерін қолдануы бойынша ұсыныстарға сүйеніп жасалған.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері	Принциптерді сақтау туралы ақпарат	Түсіндірмелер
<b>ӘДІЛЕТТІЛІК</b>		
Капиталдағы қатысу үлесі мен орналасқан жеріне қарамай, барлық акционерлерге теңдей қарым-қатынас жасау және олардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік беру.	Сақталады	Корпоративтік басқару Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мен құрметтеу, сондай-ақ активтер өсімі мен қаржылық тұрақтылықты және Компания табыстылығын қамтамасыз ету принципіне негізделген.
<b>ЕСЕП БЕРУШІЛІК</b>		
Компанияның Директорлар кеңесінің акционерлерге, атқарушы органдардың Компанияның Директорлар кеңесіне, қызметкерлердің атқарушы органына (Компания Бас директорына) есеп берушілігі. Бұл принцип есеп берушілік пен Компанияның басқару органдарының өкілеттіліктерін бөлуді, сондай-ақ Компанияның акционерлерге толығымен есеп беруін қамтамасыз етеді, бұл Компанияның ағымдағы қаржылық жағдайына, қол жеткізген экономикалық көрсеткіштеріне, қызмет нәтижелеріне, Компанияны басқару құрылымдарына қатысты сенімді ақпаратты Компания акционерлеріне уақытылы әрі толық беру арқылы жүзеге асады.	Сақталады	Корпоративтік басқару Кодексінің аталған принципі Компанияның Жарғысында және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған ұйымдастырушылық құрылымды жүргізумен сақталады. Сондай-ақ, есеп берушілік принципі Компанияның әрбір басшылық органы/құрылымдық бөлімшелер туралы ережеде көрініс тапқан, ол Компания басқарушы органдарының өкілеттіліктерін шектеуін, сондай-ақ, Компанияның акционерлеріне есеп беруін жүзеге асырады.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері	Принциптерді сақтау туралы ақпарат	Түсіндірмелер
<b>ЖАУАПКЕРШІЛІК</b>		
Компанияның өз акционерлері, қызметкерлері, тұтынушылары мен серіктестері алдындағы жауапкершілігі, Компанияның активтерін көбейту, оның тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру мақсатында олармен тығыз ынтымақтастықта болу.	Сақталады	2011 жылы Компанияда Іскерлік этика кодексі қабылданған, ол іскерлік өзара қарым-қатынастарды реттеу стандарттарын біріктіреді. Сондай-ақ, мүдделі тараптармен өзара жұмыс шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған, оның негізінде Компания жыл сайын Жоспардың орындалуы бойынша есеп береді.
<b>АШЫҚТЫҚ</b>		
Компанияның қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, оның қызметіне қатысты барлық маңызды деректер туралы сенімді ақпаратты заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген көлемде уақытында ашу, сондай-ақ, заңнамада және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен оны оңай қол жеткізілетін көпшілікке арналған дереккөздерге орналастыру арқылы барлық мүдделі тұлғаларға еркін қолжетімді болуын қамтамасыз ету.	Сақталады	Компанияның ашықтық принципін сақтау бойынша негізгі міндеттері: <ul style="list-style-type: none"> <li>• Компанияға қатысы бар барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру;</li> <li>• Компания туралы жария ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді болуын қамтамасыз ету;</li> <li>• Компания мен мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынаста ашықтық пен сенім деңгейін арттыру;</li> <li>• Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру;</li> <li>• Компанияның оң имиджін қалыптастыру.</li> </ul>
<b>ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК</b>		
Компания өз қызметі барысында қоршаған ортамен мұқият әрі ұқыпты қатынаста болуды қамтамасыз етеді және қоғам алдында әлеуметтік тұрғыдан жауапты.	Сақталады	«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда Компанияның қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік салалары бойынша саясатын реттейтін экологиялық және әлеуметтік жұмыстар бойынша шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған.
<b>ТИІМДІЛІК</b>		
Компания Бас директоры мен оның Директорлар кеңесі Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін, акционерлік меншіктің ұлғаюын, сондай-ақ, тиімді кадрлық саясатты белгілеуді, Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, еңбекті ынталандыру және әлеуметтік қамсыздандыруды, Компания қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін Компанияны парасатты әрі әділ басқаруға міндетті.	Сақталады	Корпоративтік басқару кодексінің тиімділік принципі Бас директор туралы ережемен реттеледі. Бас директор — Компанияның жеке атқарушы органы, ол ағымдағы қызметке басшылық етеді, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асырады.
<b>БАҚЫЛАУҒА АЛУШЫЛЫҚ</b>		
Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен саясат пен рәсімдеріне сәйкес, жоғарыда тұрған басшылардың өздерінен кейін тұрған басшыларды бақылауы, сондай-ақ тәуекелге бағытталған ішкі бақылаудың орнатылған тиімді жүйесімен қатар, ішкі және сыртқы аудиторлардың жұмыстарын тиімді пайдалану.	Сақталады	Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры тарапынан ішкі құжаттарда қарастырылған талаптарға сәйкес жүргізіледі. Сондай-ақ, Компанияда Директорлар кеңесінің консультативті-ақпараттандырушы органы болып табылатын Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет жұмыс жасайды.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Компания Трэдуэя комиссиясы (COSO) және Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым (ISO) әзірлеген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі саласындағы халықаралық стандарттарды басшылыққа алады.



### 2015 ЖЫЛЫ



электр және жылу желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру саласындағы тәуекелдерді бақылау, сонымен бірге техникалық шарттар берудің уақытылы болуын қамтамасыз етіп, алаяқтықты азайту мақсатында Компания кәсіпорындарында жалпы қызметке, оның ішінде «Электр және жылу желілеріне қосылуға техникалық шарттар беруді басқару» бизнес-процесін ішкі бақылау жүйесі бойынша талдау жүргізілді.

Компанияда барлық тәуекелдерді бірегейлендіру, бағалау және мониторинг жасауға бағытталған тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесі (ТБЖ) қызмет етеді, сондай-ақ, ішкі бақылау стандарттары (ІБЖ) енгізілген.

Компания Трэдуэя комиссиясы (COSO) және Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым (ISO) әзірлеген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі саласындағы халықаралық стандарттарды басшылыққа алады.

Тәуекел менеджменті басқармасы Компанияның Директорлар кеңесі жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетке есеп береді. Басқарманың жұмысы Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2015 жылы Тәуекел менеджменті басқармасы мынадай негізгі жұмыстарды жүргізді:

- Бизнес үрдістердегі ІБЖ тиімді ұйымдастырылуына талдау жасау және сынақтан өткізу:
  - Техникалық қызмет көрсетулер мен жөндеу жұмыстарын (электр және жылу желілері) басқару.
  - Жылу және электр желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру процесін басқару.
  - Қоршаған ортаны қорғау процесін басқару (Электр және жылу өндірісі кезінде);
- Компанияның Тәуекелдер реестрін және Тәуекелдер картасын жаңарту;
- ІБЖ және тәуекелдерді басқарудың ұйымдастырылуын жетілдіру бойынша іс-шараларды орындау мониторингі.

### «СВКАЗЭНЕРГО» АҚ ҚЫЗМЕТІНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ТАЛДАУ

Бекітілген Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, 2015 жылы жүргізілген Компания Тәуекелдерінің корпоративтік реестрі мен Тәуекелдер картасын жаңарту қорытындылары бойынша, білікті өндірістік-техникалық қызметкерлердің жетімсіздігі мен сатып алу шараларының тиімсіз ұйымдастырылуымен байланысты тәуекелдер сыни аймақтан

ірі аймаққа ауысқан. Бұл уақытта ликвидтілік тәуекелдері (кассалық айырмашылықтар) және шетелдік валютаға шаққандағы ұлттық валюта курсының өзгеруі (валюталық тәуекел) айқын аймақтан ірі аймаққа ауысса, экология тәуекелдері (су қолдану бойынша) ірі аймақтан сыни аймаққа ауысты.

«СВКАЗЭНЕРГО» АҚ тәуекелдер картасында 2014-2015 жылдары тәуекелдердің орын ауыстыруы

Тәуекел атауы	2014	2015	Тренд
БІЛІКТІ ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖЕТІМСІЗДІГІ	■■■	■■■■	↻
САТЫП АЛУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТИІМСІЗ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ	■■■	■■■■	↻
ӨТІМДІЛІК ДЕФИЦИТІ	■■■■	■■■	↻
ШТЕЛДІК ВАЛЮТАҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КУРСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ	■■■■	■■■	↻
СУ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ	■■■	■■■	↻

### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

2015 жылы Тәуекелдер реестрі мен картасына сәйкес қабылданған маңыздылық классификациясы мен деңгейіне сәйкес, Компанияның операциялық тәуекелдерін басқару қызметтің мынадай бағыттары бойынша жүзеге асырылды:

- Техникалық қызмет көрсету және жөндеулер (тәуекел – «Инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру кезінде құрылыс-монтаж жұмыстарының мерзімдерін сақтамау»);
- Тұтынушылардың энергожеліге қосылуына техникалық шарттар беру процесін басқару (тәуекел – «Компанияға қызметкерлер немесе үшінші тұлғалар тарапынан адал емес әрекеттер арқылы зиян келтіру» және тәуекел – «Компания репутациясын түсіру»);
- Қызметкерлерді басқару (тәуекел – «Білікті өндірістік-техникалық қызметкерлердің жетімсіздігі»);
- Қоршаған ортаны қорғауды басқару (тәуекел – «Су қолдану бойынша заңнама талаптарының бұзылуы»).

Жөндеу бағдарламаларын атқаратын мердігер ұйымдармен өзара қызмет кезіндегі тәуекелдерді бақылау аясында Компанияның келісімшарт қызметіне, оның ішінде техникалық қызмет көрсету мен жөндеулерді басқару саласы бойынша ішкі бақылау жүйесіне

талдау жасалды. Нәтижесінде мердігер ұйымдармен өзара қызмет бойынша ішкі нормативті құжаттарды жетілдіру жұмыстары басталып, құрылыс, қондырғыларды жаңғырту мен жөндеу бойынша жұмыстарды сапалы және уақытылы атқару жауапкершілігін және оны бақылауды күшейтетін келісімшарттың типті формасы әзірленді.

Электр және жылу желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру саласындағы тәуекелдерді бақылау, сонымен бірге техникалық шарттар берудің уақытылы болуын қамтамасыз етіп, алаяқтықты азайту мақсатында Компания кәсіпорындарында жалпы қызметке, оның ішінде «Электр және жылу желілеріне қосылуға техникалық шарттар беруді басқару» бизнес-процесін ішкі бақылау жүйесі бойынша талдау жүргізілді. Компания кәсіпорындарында техникалық шарттар беру құжат айналымының автоматтандырылған жүйесін ендіру мәселесі қарастырылып, сондай-ақ, интернет-сайтты энергоқамту учаскелеріндегі жұмыстары туралы ақпаратпен толтырып, электронды тапсырыс рәсімдеу, тұтынушылардың қысымдар есебін өздігімен жасауын жүзеге асыру бойынша жұмыстар атқарылуда.

Кадр тәуекелдерін төмендету мақсатында 2015 жылы Компанияда «PROFENERGY» жобасы әзірленді, ол қызметкерлердің білім деңгейін дамытып, арттыруға, негізгі қызметкерлерді ұстап қалуға, жас мамандарды тартуға бағытталған.

### ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

**Өтімділік тәуекелі.** Компанияның өтімділік тәуекеліне ұшыраған жағдайлары бар, оның ішінде өтеу мерзімі келген кезде қаржы міндеттемелерін орындамау да орын алған. Компания өтімділік тәуекелін қаржы жағдайына, болжалған және іс жүзіндегі ақша қаражаты қозғалысына, капитал шығындары бойынша алдағы міндеттемелерге қатысты жоспарланған болашақты ескере отырып, Компанияның таза қарызына үнемі мониторинг жасау есебінен тиісті резервтерді, банктік қарыздарды, расталған кредиттік желілерді және айналымдағы капитал қорларын сақтау арқылы басқарады.

**Сатып алынатын жабдық, шикізат және материал бағаларының өсу тәуекелі.** Компания сатып алынатын көмір бағасының көтерілу қаупіне тәуелді, өйткені ЖЭО жабдықтары бір шығу көзінен сатып алынатын көмірдің белгілі бір түріне сәйкес жобаланған. Алайда Компанияның бұл тәуекелге және оның операциялық пайдаға әсер ету деңгейіне мониторинг жасау бойынша мүмкіндігі мемлекеттің көмірге деген бағаны реттеу деңгейімен және төтенше реттеу шараларының тетігі арқылы тарифті көтерудің орнын толтырумен қамтамасыз етілген.

**Нарықтық тәуекелдер.** Компания валюталық тәуекел мен пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне тәуелді. Компанияның АҚШ долларымен деноминацияланған айтарлықтай міндеттемелері бар. АҚШ долларының бағамын өзгерту тәуекелін басқару үшін Компания валютаның айырбастау бағамының өзгеруіне мониторинг жүргізеді. 2015 жылы Компания АҚ валюталық тәуекелді хеджирлеу бойынша операция жүргізілмеді, өйткені Қазақстанның қаржы құралдары нарығында өнімді қаржы құралдары болмады. Осыған орай, Компания АҚШ долларымен деноминацияланған депозиттерге еркін қаражат орналастыру, ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жасау арқылы табиғи хеджирлеу әдісін қолданады.

Компания пайыздық мөлшерлемелердің құбылмалылығына тәуелді, өйткені пайыздық мөлшерлемелері өзгеріп тұратын қарыз қаражаты бар. ЕҚДБ қарыздары бойынша пайыздық мөлшерлеме банкаралық кредиттерге және LIBOR мен KazPrime депозиттері бойынша мөлшерлемеге негізделеді. Кредиттік ресурстардың ұзақ мерзімділігі салымдардың инвестициялық сипаты есебінен тәуекелдердің аталмыш тобының Компанияны табиғи хеджирлеумен қамтамасыз етеді.

**Кредиттік тәуекел.** Компанияның контрагенттерінің шарттар талаптарын орындамауы нәтижесінде туындайтын кредиттік тәуекел Компания осы контрагенттер алдындағы міндеттемелерінен асып

түсетін контрагенттердің міндеттемелерінің мөлшеріне тең сомамен шектеледі.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ экономиканың түрлі сегментіндегі жоғары дифференциалды тұтынушылар портфеліне ие, ол кредиттік тәуекелдің болу мүмкіндігін төмендетеді.

### ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Табиғатты қорғау (экологиялық) заңнама талаптарын бұзу маңызды тәуекел болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша тәуекелдерге мониторинг жүргізу және қоршаған ортаға бөлінетін зиянды заттарды азайту бойынша көрсеткіштерді жақсарту мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО-да Компанияда енгізілген экологиялық менеджмент жүйесінің ISO 14001 халықаралық стандартына негізгі сәйкестігін сақтау бойынша соңғы процедуралардың тиімділігіне бағалау жүргізілді. ІАЖ талдауы нәтижесінде ҚОҚ саласы бойынша бизнес-процестерді ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.



## ТҰРАҚТЫ ДАМУ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тұрақты даму принциптерін ұстанады. Өз қызметінің жоғары қоғамдық маңызын сезіне отырып, Компания барлық мүдделі тараптармен өзара қызмет тиімділігін кеңейту және арттыру кешенді шараларын жүзеге асырады.



## 2015 ЖЫЛЫ



Компания мүдделі тараптармен жұмыс жоспары есебін – Stakeholder Engagement Plan (SEP) әзірледі. Тұрақты дамуды қамтамасыз ету және Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу көзқарастарды сақтаған жағдайда және барлық мүдделі тараптарға жауапкершілікпен қараған кезде жүзеге асады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаты – тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету, халықаралық индустриялық және экологиялық стандарттарды сақтау, корпоративтік басқару деңгейін арттыру, жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды өткізу сынды жалпы қабылданған тұрақты даму принциптерін сақтайтын жетекші жеке энергетикалық компания құру болып табылады.

### ЕЛЕУЛІ АСПЕКТТЕР МЕН ШЕКАРАЛАР


GRI G4 нұсқаулығының есептің мазмұнын анықтау принциптеріне сәйкес, есепте баяндалатын тақырыптардың маңыздылығына бағалау жүргізілді. Маңыздылықты анықтау үдерісі келесі кезеңдерден тұрады:

**1-кезең.** GRI G4 нұсқаулығының базасында тұрақты дамуға қатысты тақырыптардың бәрі айқындалды.

**2-кезең.** Тізімде көрсетілген тақырыптардың Компания ішінде және оның сыртында ықпал ету деңгейіне талдау жасалды. Одан арғы тереңдетіліп баяндалатын тақырыптарды таңдау мүдделі тараптармен өзара қызмет ескеріліп жасалды. Бұдан бөлек, тақырыптар Компания қызметіне және оның даму стратегиясына ықпал ету тұрғысынан талданды.

**3-кезең.** Мүдделі тараптардың пікірлері мен Компанияның стратегиялық жоспарларына сәйкес, маңызды тақырыптар Маңыздылық картасына орналастыру үшін реттеліп, орындары анықталды. Әрбір қызмет аспектісіне Компанияға ықпалы (көлденең ось) және мүдделі тараптарға ықпалы (тік ось) ескеріліп, орташа балл берілді. Аса жоғары басымдылыққа ие аспектілер көк аспектіге орналасты – есеп құруда оларға бірінші кезекте мән берілді. Сондай-ақ, есепте көгілдір аумақта орналасқан аспектілер де ішінара баяндалды.

**4-кезең.** Есеп қорытындысы бойынша Компанияның келесі есептерінде Маңыздылық картасын жетілдіру мақсатымен кері байланыс жүргізілетін болады.



Аспекттер тізімі

№	Аспекттер	№	Аспекттер
1	Экономикалық нәтижелілік	24	Еңбек қатынастары тәжірибесіне қатысты арыздану механизмдері
2	Нарықтарда қатысу	25	Инвестициялар
3	Тікелей емес экономикалық әсерлер	26	Алалаушылыққа жол бермеу
4	Сатып алулар тәжірибесі	27	Ассоциация және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі
5	Материалдар	28	Балалар еңбегі
6	Энергия	29	Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек
7	Су	30	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі
8	Биоәртүрлілік	31	Негізгі және ұсақ халықтардың құқықтары
9	Шығарылымдар	32	Бағалау
10	Қалдықтар	33	Жеткізушілердің адам құқықтарын сақтауын бағалау
11	Өнімдер мен қызметтер	34	Адам құқықтарының бұзылуына қатысты арыздану механизмдері
12	Талаптарға сәйкестілік	35	Жергілікті қоғамдастықтар
13	Транспорт	36	Жемқорлыққа қарсы әрекет
14	Жалпы ақпарат	37	Мемлекеттік саясат
15	Жеткізушілерді экологиялық бағалау	38	Жемқорлықтың алдын алу
16	Экологиялық мәселелерге қатысты арыздану механизмдері	39	Талаптарға сәйкестік
17	Жұмыспен қамту	40	Жеткізушілердің қоғамға әсерін бағалау
18	Қызметкерлер мен басшылардың өзара қарым-қатынасы	41	Денсаулық және тұтынушылар қауіпсіздігі
19	Денсаулық пен жұмыс орнындағы қауіпсіздік	42	Өнімдер мен қызметтерді маркалау
20	Дайындық және білім беру	43	Маркетингтік коммуникациялар
21	Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	44	Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық
22	Ерлер мен әйелдерді тең марапаттау	45	Талаптарға сәйкестік
23	Жеткізушілердің еңбек қатынастары тәжірибесін бағалау		

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ЖҰМЫС

Тұрақты даму жүйесінің маңызды элементі – мүдделі тараптармен жұмыс болып табылады. Оларды анықтау және іріктеу принципі аймақтық аспектпен белгіленген. Тұрақты дамуды қамтамасыз ету және Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу көзқарастарды сақтаған жағдайда және барлық мүдделі тараптарға жауапкершілікпен қараған кезде жүзеге асады. 2015 жылы Компания мүдделі тараптармен жұмыс жоспары есебін – Stakeholder Engagement Plan (SEP) әзірледі.

Есепті әзірлеу барысында «СВКАЗЭНЕРГО» АҚ менеджментіне жедел сұрау жүргізіліп, оның негізінде Компанияның мүдделі тараптарының рангтық картасы талданды. Бірінші кезекте Компанияның қызметіне айтарлықтай ықпал ететін мүдделі тараптармен, сондай-ақ, Компанияның өзіндік стратегиялық бастамаларын жүзеге асыруда ортамерзімдік перспективада ықпал ететіндермен өзара қызмет жолға қойылады. Одан бөлек, Компания қызметінің мүдделі тараптарға әсері де назарға алынды. **G4-SO1**

Негізгі мүдделі тараптар	Өзара қызмет процесі	Қозғалатын басты мәселелер
Қызметкерлер	Ішкікорпоративтік газет және интернет-сайттар арқылы жүргізіледі. Қызметкерлерге арналған электронды пошта жәшіктері және сенім телефондары жұмыс істейді. Компаниялар тобы басшылығының қызметкерлерді қабылдауы жүргізіледі. Еңбек келіспеушіліктері келісім комиссиясында жұмыс беруші және жұмысшы өкілдерінің қатысуымен шешіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Еңбек және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;</li> <li>Қызметкерлерді Компания қызметі туралы ақпараттандыру;</li> <li>Кәсіби дамуға атсалысу.</li> </ul>
Жергілікті қоғамдастықтар	Компанияда тұтынушылар хабарламаларымен жұмыс жүйеленіп, кері байланыс жолға қойылған. Ол интернет-сайт пен электронды пошта арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық тыңдаулар, «деңгелек үстелдер» және өзге де шаралар өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тариф өтімдерін қарау, оларды монополиялық реттеуші қызмет түрлеріне бекіту;</li> <li>Инвестициялық бағдарламаны орындау;</li> <li>Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің сапа деңгейі, талаптардың орындалуына мониторинг.</li> </ul>
Мемлекеттік билік органдары және бақылаушы органдар	Мемлекеттік және бақылаушы органдардың хаттары өңделеді: кейбіріне жауап берілсе, кейбірі ақпараттандыру сипатына ие. Топ компанияларының қызметкерлері салалық отырыстары мен жиналыстарға қатысады. Ресми делегациялардың кездесулері өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қала мен өңірге негативті әсер етуді азайту;</li> <li>Жылу беру маусымына дайындықты қамтамасыз ету;</li> <li>Инвестициялық міндеттемелерді орындау;</li> <li>Заңнамаларды сақтау, оның ішінде экология және қоршаған орта талаптарын сақтау мәселелері бойынша.</li> </ul>
Жеткізушілер, мердігерлер, клиенттер	Тендерлер ұйымдастырылады және өткізіледі, мердігерлер мен клиенттермен кездесулер өткізіледі. Топ компанияларының сайттарында кері байланыс қамтамасыз етілген.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Өзара тиімді әріптестікті қалыптастыру;</li> <li>Тендер өткізуде ашықтықты қамтамасыз ету.</li> </ul>
Оқу орындары	Қызмет ету өңірлеріндегі ЖОО өкілдерімен кездесулер өткізіледі. Топ компанияларының қызметкерлері емтихан комиссиялары, біліктілік комиссиялары, білім беру бағдарламаларын аккредитациялау процестеріне қатысады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кәсіпорынға қызметкерлер тандау;</li> <li>Түлектерді тәжірибеден өткізу және қызметке орналастыру.</li> </ul>



Негізгі мүдделі тараптар	Өзара қызмет процесі	Қозғалатын басты мәселелер
Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)	Жыл сайын топ компаниялары пресс-тур, БАҚ-қа арналған брифинг, пресс-конференция, өткізіп, пресс-релиз таратады, ақпараттық сұрауларға жедел жауап беріледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Әріптестікті қалыптастыру;</li> <li>Активтерді жаңғырту мен жаңарту бойынша инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру туралы ақпараттандыру;</li> <li>Экологиялық нормаларды орындау;</li> <li>Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру.</li> </ul>
Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	ҮЕҰ өкілдері жыл ішінде өткізілген пресс-тур және қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырылды. Топ компаниялары қызметкерлері шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерімен ашық кездесулерге қатысты. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген топтарға қолдау көрсететін ҮЕҰ жетекшілермен, тұтынушыларды қорғау қоғамдары өкілдерімен кездесу өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысу.</li> </ul>
Кәсіподақ	Кәсіподақтармен өзара қызмет жұмыс барысында кездесулер ұйымдастырып, сұрауларды өңдеу арқылы жүргізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ұжымдық келісімшартты орындау;</li> <li>Қызметкерлердің бос уақытын және демалысын ұйымдастыруға атсалысу.</li> </ul>

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУДІ БАСҚАРУ\* G4-СПМ

Қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ), қызметтің табиғат қорғау және энерготиімділік көрсеткіштерін тұрақты түрде жақсарту – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі және қызмет тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады. 2015 жылы Компания 2 809 млн кВт-с электр энергиясын және 1 860,7 мың Гкал жылу энергиясын өндірді. Энергия өндірісіне 2 461,5 мың тонна Екібастұз көмірі мен 3,3 мың тонна мазут жұмсалды.

Қоршаған ортаға ықпал етуді азайту мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес болу және ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін қолдану мақсатында Компанияның даму стратегиясында қарастырылған экологиялық саясатты жүзеге асырады. **G4-EN1**

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ экологиялық қызметінің басымы бағыттары қоршаған ортаға тигізетін ықпалына негізделеді. Мұндай ықпал етулерге келесілер жатады:

- ластаушы заттардың атмосфераға шығарылуы;
- парник газдарының атмосфераға шығарылуы (CO<sub>2</sub>);
- су тұтыну есебінен су нысандарына ықпал ету;

- өндірістік қалдықтарды орналастыру.

Басты экологиялық аспектерді басқару экологиялық көрсеткіштерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу және қызметтің заңнамалық пен корпоративтік талаптарға сәйкестігін бағалау барысында жүзеге асырылады. Еншілес компаниялардың аталған экологиялық ықпал етулерін бақылау, есепке алу және талдауды қамтамасыз ету функциялары «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қоршаған ортаны қорғау бойынша жауапты тұлғаларына жүктелген.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет туралы ақпараттандыру Компанияның сайтында ҚОҚ туралы саясат пен регламенттерді, Тұрақты даму туралы, Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік есептерін жариялау жолымен жүзеге асырылады.

Одан бөлек, Компания еншілес ұйымдар мердігер ұйымдарды қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптар туралы оларды келісімшарттарға, техникалық шарттарға және мердігерлерге қойылатын талаптарға қосу жолымен ақпараттандырады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ негативті экологиялық ықпал етудің алдын алуға мүмкіндігінше жұмыс жасап, ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкес келетін жұмыс тәсілдерін енгізуге ниетті.

2009 жылдан бері Инвестициялық бағдарлама аясында және ЕҚДБ саясатына сәйкес, Компания ЕҚДБ қаржыландыратын жобалар бойынша ҚОҚ қатысты

Экологиялық және әлеуметтік қызмет жоспарын (ESAP) жүзеге асырады. Экологиялық және әлеуметтік қызмет жоспарының шаралары өндірістің экологиялық параметрлерін, сондай-ақ, кәсіпорында қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саясатын жақсартуға бағытталған.

### АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ G4-EN27

Ауаға шығарылымдар негізгі экологиялық ықпал етулердің бірі болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ шығарылымдарын төмендетуге негізгі ықпал ескірген, энергетикалық және экологиялық тиімділігі төмен өндірістік нысандарды ҚОҚ саласы бойынша заманауи талаптарға жауап беретін жаңа қуаттылықтармен ауыстыру есебінен орын алады. Экологиялық параметрлерді жетілдіру мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2009–2014 жылдары инвестициялық бағдарлама аясында

станцияның барлық қазандықтарында күл аулағыш қондырғыларды (КАҚ) қайта құрып, эмульгаторларды орнату нәтижесінде кәсіпорын шығындарын төмендетуді қамтамасыз етті. Эмульгаторларды орнатудан кейін түтін газдарын тазалау коэффициенті 95,9% орнына 99,5%-ға жетті. Бұл шара көмір күлі шығарылымдарының жалпы жылдық көлемін жылына 19,3 мың тоннадан 4,9 мың тоннаға (75%) төмендетуге мүмкіндік берді. 2015 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда 2 турбина түріндегі қосымша қуаттылықтар енгізілді.

### ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЫҚПАЛ ЕТУДІ ТӨМЕНДЕТУ, ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

2015 жылы қоршаған ортаға ықпал ету деңгейін төмендетуге бағытталған келесі негізгі шаралар жүзеге асырылды:


- ластаушы заттар шығарылымы көздерінен бөлінетін газдардағы ластаушы заттарды тиімді тазалауды, жоюды, бейтараптандыруды, басуды және залалсыздандыруды қамтамасыз ететін негізгі қондырғыларды ауыстыру, қайта құру және жаңғырту, өзіндік қажеттіліктерге энергия тұтынуды төмендету, отын шығынын есептеуді жақсарту, босатылатын өнім бірлігіне отынның бөлшек көрсеткіштерін төмендету;
- шаң-газ тазалау қондырғыларына күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізілді (күл аулағыш қондырғылар (КАҚ) мен газ өту жолдарының тозған элементтерін жөндеу);
- нәтижесінде атмосфераға бөлінетін зиянды заттардың шығарылымын төмендеткен қазандық қондырғыны қайта құрудың кешенді шаралары жүзеге асырылды (түтін газдары түріндегі жоғары концентрациялы зиянды заттарға толы ескірген қазандықтарды демонтаждау, оттықтарды ауыстыру);
- ҚР Техникалық регламентіне (№1232, 14.12.2007 ж.) сәйкес, негізгі қондырғылардың жұмыс режимін сақтау бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындау;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ №1 К-63-90 ТА-да технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесін (ТПБ АЖ) орнату.

### ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ (CO<sub>2</sub>) G4-EN15


2009 жылы Киот хаттамасы Қазақстан Республикасында күшіне енгеннен кейін Компания парник газдары шығарылымын түгелдей жүргізуге және озон бұзушы заттарды тұтынуға дайындық бойынша жұмыс ұйымдастырылды.

### G4-EN1

2009–2015 жж. ластаушы заттардың атмосфераға жалпы шығарылымы, мың тонна



2009–2015 жж. ластаушы заттардың атмосфераға бөлшек шығарылымы, мг/МВт-с



\* Экология бойынша барлық сандық мәліметтер қоршаған ортаға басым ықпалына байланысты «өндіріс» блогі бойынша берілді.

Парник газдарына мониторинг жасау үшін басқарушы нормативті құжаттарға сәйкес, қалыпты (тұрақты) өндірістік қызметтен, арнаулы тәжірибе-ден (пуск-реттеу жұмыстары, үдерісті тоқтату, жөн-деу және техникалық қызмет көрсету) және апаттық жағдайлардан шығарылымдар есебін қамтамасыз ететін есеп тәсілі қолданылды.

2011 жылы 26 наурызда «Петропавл жылу желілері» ЖШС мен Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі (ЕҚДБ) арасында Таза технологиялар қоры («СТФ») қаражатынан инвестиция тартумен қарыз туралы шартқа қол қойылды. Жоба энергия қолдану тиімділігін арттыру, шығындарды азайту және экологиялық стандарттарды жақсарту (желілерден беру кезінде жылу шығынын азайтумен байланысты көмір шығынын үнемдеу есебінен CO<sub>2</sub> шығарылымдарын төмендету) мақсатымен Петропавл қаласында 2011–2015 жылдары орталықтандырылған жылумен қамту желілерін қалпына келтіру мен жаңғыртуға бағытталған.

Парник газдары шығарылымдарын төмендетудің қосымша ұйымдастырушылық құралы – Энергоүнемділік және жаңа энергоблоктармен өндіріс үлесін арттырумен байланысты отынды қолданудың жалпы тиімділігін арттыру, сондай-ақ, кәсіпорындарда энергетикалық менеджмент жүйесі ISO 50001 стандартын ендіру бағдарламасы болып табылады. Оның мақсаты – өндіріс үдерістерінің энерготімділігін арттыру және парник газдары шығарылымдарын төмендету. 2015 жылы парник газдары шығарылымдары 2014 жылмен салыстырғанда кішкене артып 68,070 млн тонна CO<sub>2</sub> (1,8%) құраса, ол отын (көмір, мазут) санының артуымен байланысты болды. Жылу және электр энергиясы өндірісімен байланысты парник газдары шығарылымдарының бөлшек көрсеткіштері де 2015 жылы көтерілген. **G4-EN19**

**G4-EN18**

2009–2015 жж. CO<sub>2</sub> жалпы шығарылымы, млн тонна



2009–2015 жж өндірілген энергияның бірлігіне CO<sub>2</sub> бөлшек шығарылымы, тонна/МВт·с



**ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ШЫҒЫНДАРЫ**

ҚОҚ саласындағы қызмет тиімділігін арттыру үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ табиғат қорғау қызметін қаржыландыруды жүзеге асырады. Шығындардың жалпы сомасы 2015 жылы 3 424,4 млн теңгені құраса, ол 2014 жылғы көрсеткіштен (62,1 млн теңге) 1,81% жоғары. 2014 жылы сома 3 362,3 млн теңгені құрады. Құрылыс және қайта құру бойынша жаңа жобалардың бәріне ҚОҚ мәселелеріне арналған «Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау» (ҚОЫБ) жобасы әзірленеді. Оның материалдары жергілікті қоғамдастықтар мен мүдделі топтардың назарына қоғамдық тыңдау түрінде жеткізіледі.

Қазақстан Республикасы экологиялық стандарттарына сәйкестікті растау үшін барлық жобалар ҚОҚ саласы бойынша аймақтық бақылау органдарында мемлекеттік экологиялық сараптаудан өтеді.

Компания қызметінің жалпы құрамдас бөлігі қоршаған орта және энергетиканы қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтау болып табылады. 2015 жыл ішінде мемлекеттік өкілетті органдар тарапынан экологиялық заңнаманы және кәсіпорынның табиғат қорғау қызметі саласындағы өзге нормативтік талаптарын бұзу деректері тікелген жоқ (Солтүстік Қазақстан облысы ЭД РМБ тарапынан «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на бір жоспардан тыс тексеру жүргізілді). Айыппұлдардың жалпы сомасы 2014 жылмен салыстырғанда 89%-ға төмендеп, 396 мың теңгені құрады. **G4-EN29**

**СУ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ G4-EN8**

Су ресурстарын қолдану кәсіпорындардың өндірістік үдерістерінің негізгі бөлігі болып табылады және қондырғыларды салқындату үдерісінде маңызды роль ойнайды. Петропавл 2-ЖЭО-нда энергия

**G4-EN31** Табиғат қорғау шаралары шығындары, млн теңге

Шығындар атауы	Шығындар сомасы, млн теңге		
	2013	2014	2015
Инвестициялық шығындар	2 999,9	2 911,7	3 000,0
Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	259,5	212,9	131,5
Ағымдағы шығындар	29,9	237,7	292,9
Барлығы	3 289,3	3 362,3	3 424,4

өндіру үшін 1959–1961 жылдары Большое Белое (қаладан 8 км) көлінің шекарасында құрылған, аса қорғалатын табиғи нысандарға немесе ұлттық және/немесе халықаралық маңызы бар аймақтарға жатпайтын, сондай-ақ биоәртүрлілік тұрғысынан құндылығы жоқ су қоймасынан су қолдануды қажет етеді. Жобалық мәліметтерге сәйкес, салқындатқыш пруд айнасының ауданы 10 км<sup>2</sup> құрайды. Сәйкес келетін НПУ = 20,187 млн м<sup>3</sup>. Су қоймасы 15,3 млн м<sup>3</sup> жауап беретін 130–131 м көрсеткішінде қолданылады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ зертханасында судың гидрохимиялық көрсеткіштеріне және су нысандарына өндірістік мониторинг ұйымдастырылды. Судағы тиісті ластаушы заттарды бақылау Ишим өзені, Большое Белое көлі су нысандары үшін судың гидрохимиялық көрсеткіш ерекшеліктерімен, олардың маусымдық және жыл ішіндегі өзгерістерімен, сондай-ақ жабық су қоймасы (салқындатқыш) жағдайындағы сапалық және сандық көрсеткіштерді қалыптастыру сипатымен негізделген. Аккредиттелген зертхана мамандары қалдық тасталатын су нысандарының құрамы мен ластану деңгейіне апта сайын бақылау жүргізеді.

Су қолдануды басқарудың негізгі мақсаты – суды тиімді пайдалану, ол қоршаған ортаға негативті ықпал етуді төмендетеді. Кәсіпорында ауыз сумен қамту, ағын және коммуналдық-тұрмыстық кәріз жүйелері бар. Шаруашылық-тұрмыстық, ауыз су, өрт қажеттіліктеріне су әкелу және су әкету жүйелері келісім бойынша қалалық су жүргізу және кәріз жүйелері есебінен орталықтандырылып жүргізіледі. Өндірістік сумен қамту жүйесі – айналымды.

2015 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ сумен қамту мақсатында 11 159 мың м<sup>3</sup> су қолданса, оның негізгі бөлігін айналымды сумен қамту жүйесінің суы құрайды.

2015 жылы жүзеге асырылған су қолдану және су өткізу саласындағы маңызды табиғат қорғау

жұмыстарының ішінде келесілерді атап өтуге болады:

- өндірістік мақсаттағы, қайтадан қолданылатын сумен қамту айналымды жүйесін, су ресурстарының ластануы мен аяқталуын болдырмайтын жүйені жаңғырту (3 дана дренажды сорғыларға ағымдағы жөндеу жүргізіліп, 2 дана артезиан сорғыларына техникалық қызмет көрсетілді);
- судың сандық-сапалық сипаттамаларына мониторинг (бекітілген графикке сәйкес, суға талдау жүргізілді);
- әкетілетін судың сапалық құрамын жақсарту, тазалау құрылғыларының тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін шараларды ұйымдастыру (Рубеж 45 маркалы тұрақты жүзетін бекітілген бонды қоршауларды тазалау жүргізілді).

Биоәртүрлілікке жылу-электр станцияларының гидротехникалық құрылғылары ерекше ықпал етеді – су алу орындарында гидробионттарды жаппай өлімі тәуекелі туындайды. Аталған тәуекелді төмендету мақсатында су қоршауларын балық қорғау құрылғыларымен жабдықтау және олардың өмір сүруін бақылау бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылуда:

- 2011 жылдан бері «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда балықтың су қоршау құрылғыларына түсуінің алдын алу үшін 3\*3 мм кем емес торды су қоршау клапаны мен қорабында қолдану арқылы балық қорғау құрылғысы орнатылды, ол жыл сайын тазаланып тұрады;
- жыл сайын су нысанына мұнай өнімдері түсуінің алдын алу мақсатында өткізуші каналда бонды қоршауларды тазарту жүргізіледі;
- судың температуралық режимін төмендетіп, суды оттегімен байыту мақсатында жыл сайын қалдықты каналдың биологиялық жағдайын жақсарту үшін каналдың түбін тазалау жүргізіледі.

**G4-EN9, G4-EN10 Көздерге бөлгендегі қолданылған судың жалпы саны, мың м³**

Көрсеткіш	2013	2014	2015
Барлық қолданылған су, оның ішінде:	13 404	11 690	11 159
Беткі су нысандарынан	14 309	11 562	11 032
Сыртқы жеткізушілерден	116	128,8	127
Жерасты су нысандарынан	-	-	-
Айналымды сумен қамту жүйелерінен	0	0	0
Суды қайталама қолдану жүйесінен	0	0	0

**G4-EN22 Ағын су әкету көлемі, мың м³**

Көрсеткіш	2013	2014	2015
Пайда болған барлық ағын су	116,1	128,8	126,9
Сыртқы ұйымдармен әкетілді	116,1	128,8	126,9
Беткі су нысандарына әкетілді. Оның ішінде			
Нормативті таза	0	0	0
Нормативті тазартылған	0	0	0
Толықтай тазартылмаған	0	0	0
Тазартылмаған	0	0	0

**ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЖОЮ G4-EN23**

Барлық қалдық көлемінің 99% құрайтын күл-қож қалдықтары жазық типті арнайы жасақталған гидротехникалық құрылғы – күл үйінділерінде қоймаланады. Күл-қож қалдықтарын қоймалауға арналған жаңа орынды құру кезінде Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамаларын сақтау қоршаған ортаны өндірістің күл-қож қалдықтарымен ластануын болдырмайды және ЖЭО қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді. Кәсіпорында 2015 жылы қалыптасқан қалдық көлемі – 1 036 мың тонна, оның ішінде күл-қож қалдықтары – 1 029 мың тонна, өнеркәсіптік және коммуналдық қалдықтар – 6,7 мың тонна. 2014 жылмен салыстырғанда қалыптасқан қалдықтар көлемінің 75,9 мың тоннаға өсуі қауіпті «жасыл» тізіміне жататын күл-қож қалдықтары үлесінің өсуімен байланысты. Ол бірінші кезекте «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ отын балансындағы көмір шығыны үлесінің артуынан туындаған.

Компания өндірістік қызметінің нәтижесінде пайда болатын басқа қалдық түрлері өз қызметін республика территориясында жүзеге асыратын арнаулы ұйымдарға қайта өңдеуге, жоюға және соңғы орналастыруға беріледі. Жер қыртысын өндірістік

қалдықтардан қорғау бойынша ең маңызды шаралардың бірі қалдықтарды уақытша сақтау және жою талаптарын сақтау болып табылады.

Күл үйінділерін тиімді басқару және күл-қож қалдықтарының тиімді пайдалану үлесін арттыру Компанияның қалдықтарды басқару саласындағы басты бағыттарының бірі болып табылады. 2015 жылы жасалған келісімшарттар негізінде жол құрылысында пайдалану мақсатымен 14,04 мың тонна күл-қож қалдығы (күлдің жеңіл фракциясы) жүзеге асырылды.

2015 жылы атқарылған қалдықтармен жұмыс бойынша ең айтулы шаралар күл-қож үйінділері мен өзге қалдық орналастыру нысандарының өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған:

- №3 күл үйіндісін рекультивациялау;
- энергосандарды қайта құру және салу барысында пайда болатын қалдықтарды қоймалау орындарын ұйымдастыру (алаңдарды жасақтау, контейнерлерді орнату).

Айта кету керек, күл үйінділерінің жаңа карталарын салу кезінде күл үйіндісінің табанында фильтрациялық экранға қарсы жаңаша технология – канадалық полисинтетикалық геомембрана қолданылды. Арнаулы пленка – геомембрананы

**Қалыптасқан қалдықтардың жалпы массасы, мың тонна**

Көрсеткіш	2013	2014	2015
Күл-қож қалдықтары	1 024	1 022	1 029
Қалдықтардың өзге түрлері	2,8	2,9	6,7

**Қауіптілік деңгейіне бөлгендегі қалдықтар, мың тонна**

Көрсеткіш	2013	2014	2015
Қалыптасқан қалдықтар:	1 027	1 025	1 036
Жасыл тізім	1 027	1 025	1 036
Янтарь тізім	0,012	0,011	0,014
Қызыл тізім	–	–	–

**Қолдану тәсіліне бөлгендегі қалдықтар, мың тонна**

Көрсеткіш	2013	2014	2015
Қалыптасқан қалдықтар:	1 027	1 025	1 036
Оның ішінде күл-қож қалдықтары	1 024	1 022	1 029
Кәсіпорында қолданылған қалдықтар	1,8	1,4	0,651
Залалсыздандырылған қалдықтар	0,019	0,018	0,009
Сыртқы ұйымдарға берілген қалдықтар	0,988	1,6	6,0
Кәсіпорынның өзіндік нысандарында орналастырылған қалдықтар	1 026	1 023	1 016
Оның ішінде күл-қож қалдықтары	1 024	1 022	1 015

қолдану су оқшаулануын 100% қамтамасыз етеді. Бұл – гидрокүлжою (ГКЖ) айналымды жүйесінің жарықтандырылған суының құрамында кездесетін химиялық құрамдас бөліктердің есебінен ластанатын жер қыртысы және жерасты суларды қорғауды қамтамасыз ететін сенімді және ұзақмерзімді фильтрацияға қарсы экран.

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Солтүстік Қазақстан облысында алғашқылардың бірі болып ISO 14001 сериялы халықаралық экологиялық стандарттарға сәйкестік сертификатын алды.

ISO 14001 сериялы стандарттарға сәйкес әзірленген, сәтті жүзеге асырылып жатқан және сертификатталған экологиялық менеджмент жүйесінің болуы Компанияның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, акциялардың нарықтық бағасының артуына,

сыртқы мүдделі тараптармен қарым-қатынаста оң имидж қалыптастыруға негіз болатын ҚОҚ саласындағы жүйелі, тиімді жұмыстың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Есептік кезеңде TÜV Rheinland Inter Cert компаниясы (тәуелсіз сараптама және сертификация саласының үздігі) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ еншілес кәсіпорындарының ISO 14001 (Экологиялық менеджмент жүйесі), ISO 9001 (Сапа менеджменті жүйесі), OHSAS 18001 (Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджментінің жүйесі), ISO/IEC17025:2005 (Сынақ және калибрлі зертханалардың компетенттілігіне жалпы талаптар), ISO/CD 50001 (Энергетикалық менеджмент жүйесі) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке бақылау және қайта сертификаттау аудитін жүргізді. Нәтижесінде менеджменттің біріктірілген жүйесі (МБЖ) сертификаты беріліп, оның жұмыс қабілеттілігі, нәтижелілігі және жақсаруға бағытталғаны расталды.

#### АРЫЗДАР МЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ ҚАРАУ МЕХАНИЗМІ G4-EN34

Тұтынушылармен және қоғаммен тікелей жұмыс жасайтын Компанияның бөлімшелерінде арыздар мен өтініштер келесі жолдармен есепке алынады:

- «Сенім телефоны»;
- Жеке және заңды тұлғалардың арыздарын арнаулы журналдарда тіркеу;
- Мәліметтер 30 күн сақталатын аудиожазба жүргізу (тұтынушылардың барлық өтініштері қаралып, жазбаша жауаптар беріледі және шаралар қолданылады);
- Энергоисандарды жаңғырту және қайта құру жобасын жүргізу алдында БАҚ қатысуымен (жергілікті телеканалдар) қаланың аудан тұрғындарымен қоғамдық тыңдаулар өткізу және жергілікті БАҚ-та жариялау;
- Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығының (ТҚО) қызметкерлері жұмысына қанағаттанғаны/қанағаттанбағанын анықтау мақсатымен тұтынушылар арасында сауалнама жүргізу;
- Толық емес жылумен қамту бойынша күн сайын тұтынушылардан телефон арқылы және жазбаша түрде өтініштер қабылдау;

- Ресми корпоративтік сайтта арыздарды қарау механизмдерін жетілдіру бойынша шаралар ретінде «Тұтынушылармен жұмыс жөніндегі штаб», «Жемқорлықпен күрес», «Сұрақ - жауап», «Кері байланыс» айдарлары ұйымдастырылған, оларда БАҚ, облыс және қала басшылығының блогтарында жарияланған, сыртқы ортадағы ақпараттық алаңға жасалған мониторинг нәтижесінде алынған сыртқы мүдделі тұлғалардың өтініштері қаралады.

Есептік кезеңде Компанияға тұтынушылардан 26 097 өтініш түссе, оның 328-і «арыз» сипатына ие болды не негативті деректер туралы хабарлады, оның ішінде сенім телефонына 24 арыз түскен. Барлық өтініштерге жауап беріліп, барлық арыз қарастырылып, негативті салдарлар жойылды. Мемлекеттік және бақылаушы органдардан «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниялар тобына 4 001 хат пен арыз түсіп, олардың 1 783-іне жазбаша жауап берілді, қалғандары таныстыру сипатына ие.

Қатысу аймақтарында экологиялық ықпал етуіне арыздар түскен жоқ.

#### АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

Компанияның ақпараттық саясаты корпоративті ақпаратты тарату және мақсатты аудитория арасында Компанияның бірыңғай бейнесін қалыптастыру процестерін бақылауға мүмкіндік беретін әрекеттер, шаралар және регламенттерден тұрады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ туралы ақпаратты ашудың мақсаты – Компанияның ашықтығы мен сенімділігін мақсатты аудитория мен мүдделі тұлғаларды акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын сатып алу және Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне ықпал ететін өзге де шаралар туралы шешім қабылдауға толықтай қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету жолымен арттыру болып табылады.

Компанияның басшылығы өзінің жоғары әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді және нысаналы аудиториялармен үнемі ашық диалог жүргізуді қолдап отырады, корпоративтік беделін нығайтады, жалпы Компанияның ақпараттық әлеуетін дамытады.

Компания заңнамаларды сақтайды, ашық, әділ, тұрақты даму принциптеріне сүйенеді.

Төменде аталғандар Компанияның ақпараттық саясатының принциптері болып табылады:

- ақпараттың акционерге, инвесторларға және басқа да мүдделі тұлғаларға тең дәрежеде қолжетімділігі;
- акционерлер мен олардың өкілдеріне ақпарат беруде олардың тең құқықтылығы;
- ақпарат берудің мерзімділігі және уақыттылығы;
- ақпараттың шынайылығы және толықтығы;
- ашылатын ақпараттың жеделдігі және қолжетімділігі;

- мемлекеттік, қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты құпиялықты сақтау;
- инсайдерлік ақпараттың пайдаланылуын қадағалау.

Ақпараттық саясат қоғамның түрлі топтарымен тиімді өзара қызмет жүргізуге бағытталған, оның ішінде:

- Мемлекеттік және бақылаушы органдар;
- Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ);
- Акционерлер мен инвесторлар;
- Тұтынушылар мен серіктестер;
- Қызметкерлер мен кәсіподақтар;
- Үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ).

2015 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өз қызметі туралы жоғарыда аталған қоғамдық топтарды Компания және оның еншілес кәсіпорындарының корпоративті сайттарын жаңарту, БАҚ-та ақпарат орналастыру, сауалдарға жауап беру, бұқаралық тыңдаулар, пресс-тур және өзге де шаралар ұйымдастыру арқылы тұрақты түрде ақпараттандырып отырды.

2015 жылы Компанияда Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің саясатына сәйкес, Мүдделі тараптармен өзара жұмыс жоспары (SEP) жүзеге асырылды.

Аталған жоспарды орындау нәтижесінде Компания және оның еншілес компанияларының сайттарында мүдделі тараптармен өзара жұмысқа бағытталған қызмет туралы ақпаратты қамтитын бұқаралық есеп жарияланды.

## КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлерді басқару саясаты Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және қамтамасыз етуге бағытталған қызметкерлермен өзара жұмыс жүйесі болып табылады.

Қызметкерлерді басқару саясатының мақсаты – қызметкерлер мүмкіндігін толық ашудың барлық мүмкіндіктерін беретін тиімді корпоративтік басқару жүйесі бар компания құру.

Компания қызметкерлерді басқару саласындағы саясатын түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, жоғары кәсіби қызметкерлерді ұстап қалу,

қызметкерлерді үздіксіз кәсіби оқыту және дамыту, жас қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндіктер беру, кадрлық резервті құру және дарындарды басқару жолымен бекемдеу болып табылады.

Компанияның кадрлық саясаты келесі принциптерге негізделеді:


- Бос орындарды толтыру процесінің ашықтығы мен айқындылығы;
- Кәсіби компетенциялардың құндылығы;
- Жеке, кәсіби, корпоративтік тұрғыда даму бағыты;
- Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі.

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Компания қызметкерлерді сандық құрамы 2015 жылдың 31 желтоқсаны бойынша 2 586 адамды құрады, 2014 жылы – 2 576 адам, 2013 жылы – 2 544 адам болатын. Қызметкерлер санының 2014 жылмен

салыстырғанда 0,4% артуы, 2013 жылмен салыстырғанда 1,3% артуы тұрақсыздықтың азайып, өндірістік қызметкерлер бос орындарының толуымен байланысты.

#### Сандық құрамның өзгеру динамикасы, адам



#### 2015 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары бойынша сандық құрамның бөлінісі G4-LA1

Компания атауы	Қызметкерлер саны
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	841
«Солтүстік қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	1 235
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	286
«Севказэнергосбыт» ЖШС	224
<b>Барлығы:</b>	<b>2 586</b>

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КАТЕГОРИЯ МЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ

Компания қызметкерлерінің жынысы бойынша құрылымының ара қатынасы ерлердің 64,3% жоғары үлесімен сипатталады. Өндіріс қызметкерлері негізінен «жұмысшылар» категориясынан тұрады, оның 72,2% пайызын ерлер құрайды.

«Басшылар» категориясындағы қызметкерлердің үлесі 2015 жылы қызметкерлердің барлық санының 14% құрады, бұл оңтайлы көрсеткіш болып табылады. Бұл ретте аталған категорияда ер қызметкерлердің үлесі 72,9% құраса, әйелдер үлесі – 27,1%.


Қызметкерлер категориясы	Барлығы		Оның ішінде:			
	адам	%	Ерлер		Әйелдер	
			адам	%	адам	%
Саны	2 586	100	1 663	64,3	923	35,7
басшылар	361	14	263	72,9	98	27,1
мамандар/қызметкерлер	691	26,7	292	42,3	399	57,7
жұмысшылар	1 534	59,3	1 108	72,2	426	27,8

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІң ЖАСЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ G4-LA1, G4-LA12

Компания қызметкерлерінің жас құрамы кәсіби еңбек өнімдігі жоғары қызметкерлер үлесінің жоғары деңгейімен сипатталады. 40 жасқа дейінгі қызметкерлер саны барлық қызметкерлердің 57,7% құрайды. 60 жастан асқан қызметкерлер үлесі – 4,7%.

Қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру аясында Компанияда кәсіби білім мен білікті беру және ізбасарлықты қамтамасыз ету мақсатында жас мамандар мен тәжірибелі, жоғары білікті қызметкерлердің оңтайлы қатынасына қол жеткізу үшін түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, ұстап қалу, сапалы жоспарлау және жас мамандардың кәсіби өсуіне мүмкіндіктер жасауға бағытталған шаралар қолға алынған.

#### Қызметкерлерің жас құрамы




### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІң БІЛІМ БОЙЫНША ҚҰРАМЫ G4-LA10

Компанияда 2013–2015 жылдары техникалық/кәсіби білімі бар өндірістік қызметкерлер үлесінің өсу динамикасы байқалады.

2015 жылы сырттай оқу формасында 22 қызметкер жоғары білім алса, оның ішінде 15 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды, ал 35 қызметкер техникалық/кәсіби білім алса, оның ішінде 12 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды.

Жалпы Компания бойынша 2015 жылы жоғары білімді қызметкерлердің үлесі барлық қызметкерлердің 28,7% құрады: 2014 жылмен салыстырғанда өсім 1,5% құраса, 2012 жылмен салыстырғанда – 3,4%.

#### Білім деңгейінің динамикасы



Қызметкерлер санының өсінде жалпы орта білімі бар қызметкерлер үлесінің азаюы байқалады.

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ G4-LA10

Компанияның оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды қарастырады:

- Міндетті, нормативті оқыту;
- Басқарушылық компетенцияларды дамыту;
- Кәсіби компетенцияларды дамыту.

Қызмет тиімділігін арттырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын орнату үшін Компания кәсіпорындарында корпоративтік форматта және жеке даму жоспары бойынша оқытулар жүргізіледі.

2015 жылы барлық қызметкерлердің 77,4%-ын құрайтын 2 001 адам оқытудан өтсе, оның ішінде

53,8% құрайтын 1 392 өндіріс саласының адамы міндетті оқудан өтті.

Кәсіби және басқарушылық компетенцияларды дамыту мақсатында 2015 жылы топ-менеджерлер, басқару тізбегінің барлық басшылары қатарынан 121 қызметкер корпоративтік оқуға қатысты.

2015 жылы Компания қызметкерлерінің кәсіби профилін кеңейту және аралас мамандықтар бойынша жұмысқа дайындау мақсатында 288 адам оқытылды.


Атауы	2013	2014	2015
Дайындықтан, қайта даярлаудан және біліктілік көтеруден өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	1 275	1 537	2 001
Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, техникалық пайдалану ережелері (алғашқы оқыту, біліктілікті растау, аттестация/қайта аттестация), басшыларға арналған курстар	985	1 162	1 392
ISO9001, ISO14001, OHSAS1800 сапа менеджменті жүйесі бойынша оқытулар (қоршаған ортаны қорғау, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелерін қоса алғанда)	26	17	2
Аралас мамандықтарды оқыту	150	250	288
АҚ және ТЖ бойынша оқыту	0	1	2
Өзге (біліктілікті арттыру, семинарлар, тренингтер және т.б.)	114	107	317

#### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ G4-LA1

2015 жылы тұтас Компания бойынша қызметкерлердің тұрақсыздығы 6,7% құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 2,2%, 2013 жылмен салыстырғанда 5% төмендеді. Қызметкерлер тұрақсыздығының төмендеуі көрсеткішті жақсартуға бағытталған келесі шараларды жүзеге асыру нәтижесінде мүмкін болды:

- Еңбекақы деңгейін жыл сайын дифференциалды түрде көтеру;
- Тәлімгерлік институтын және жас мамандарды қолдау жүйесін дамыту;
- Компания есебінен оқыту, біліктілік көтеру және корпоративтік тренингтер ұйымдастыру;
- Қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру.

Тұрақсыздық коэффициенті



#### КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ G4-LA10

Түрлі деңгейдегі басқарушылық лауазымдарды толтыру үшін қажетті резервті қалыптастыру мақсатында 2015 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда 317 басшыдан құралған жоғарғы, орта және бастапқы басшылық буындарының кадрлық резерві қалыптасқан. Кадрлық резервті дамыту – өзіндік оқу орындарында оқыту, біліктілік арттыру, тәлімгерлік алу, басқарушылық функцияларды атқару, уақытша ауыстыруды қамтитын жеке кәсіби және

ұйымдастырушылық-басқарушылық бағдарламаға негізделеді. Сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. 2015 жылы кадрлық резервте тұрған қызметкерлердің 14-і басқарушылық қызметке ауыстырылды. Компанияда сыртқы резервті қалыптастыру, оның ішінде оқу орындары түлектерінен құралған резервті қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2015 жылы 10 экскурсия өткізіліп, 147 студент кәсіби тәжірибеден өтті.

#### ЖАС МАМАНДАРДЫ ТАРТУ G4-LA12

2015 жылы «PROFENERGY» жобасы басталып, оның аясында жас мамандарды қолдау және оқу орындарының түлектерін кәсіпорынның негізгі/сыни

мамандықтарына тарту, қызметкерлердің білім деңгейін дамыту және арттыру, негізгі қызметкерлерді ұстап қалу жүйесі бойынша бағдарлама бастау алды.

2015 жылы 30 қарашада Жас мамандарды қолдау жүйесі бойынша бағдарлама аясында өзара әрекет ету мақсатымен «СЕВКАЗЭНЕРГО» басшылық құрамы, жоғары және орта-арнаулы оқы орындары мен Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлер палатасы арасында әлеуметтік әріптестік жөнінде үш-жақты шартқа қол қойылды.

Аталған бағдарлама төменде аталған студенттер тобына қатысты шараларды қарастырады:

- кәсіби тәжірибені төлеу;
- ғылыми жұмыстар конкурсы;
- емтихан комиссияларына қатысу;
- каникул уақытына уақытша жұмысқа орналастыру;
- атаулы стипендиялар тағайындау;

Компания кәсіпорындарында жұмыс жасайтын жас мамандарға бағытталған Бағдарлама аясындағы шаралар:

- профильді мамандықтар бойынша сырттай оқу ақысын төлеу;

- оқу демалысын төлеу;
- Петропавл қаласынан тыс аумақта оқу орнына бару жол шығындарын өтеу;
- оқу орнын үздік аяқтағаны үшін бонус төлеу.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындарында 61 жас маман қызмет етсе, 2015 жылы олардың 22-сі жұмысқа алынды. Қызметке қабылданғандар ішінде техникалық/кәсіби білім барлар – 21 адам (95,5%), жоғары білімі барлар – 1 адам (4,5%).

60 жұмысшы сырттай жоғары білім алып жатса, оның 48-і кәсіпорын саласы бойынша (80%), 57 жұмысшы сырттай техникалық/кәсіби білім алып жатса, оның 56-сы кәсіпорын саласы бойынша (98%).

Компанияда техникалық кәсіби білімі бар қызметкерлер үлесінің арту тенденциясы байқалады. «PROFENERGY» жобасы техникалық кадрлар дайындау бойынша мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

#### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Компаниядағы ынталандыру мен марапаттау жүйесінің мақсаты – Компанияның өз міндеті мен бизнес-мақсаттарына аз шығынмен қол жеткізуіне жұмыс жасайтын қызметкерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру болып табылады.


«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындары бойынша 2015 жылғы орташа табыс 2014 жылмен салыстырғанда 6,7%-ға артса, 2013 жылмен салыстырғанда 18,7%-ға көбейді.

2015 жылы Еңбекті төлеудің бірыңғай жүйесіне көшу бойынша шаралар жүргізілді, оның мақсаты – ішкі және сыртқы факторларды есепке алып, материалдық ынталандыру жүйесін құру болып

табылады, оның ішінде өндірістік процеске қатысу сипаты бойынша еңбекті төлеуді бөлу, әлеуметтік факторлар мен қатысу аймағы бойынша еңбек нарығын талдау қарастырылған.

Еңбекті төлеудің жаңа жүйесі қызметкерді еңбек өнімділігін, біліктілігі мен кәсіби қызметін атқаруға компетенттілігін арттыруға ынталандыру мақсатымен қызметкерге еңбекақы деңгейін жұмыс орнының қиындығы мен кәсіби және жеке компетенцияларының деңгейіне байланысты белгілеу бойынша кешенді шараларды жүзеге асыруды көздейді.

#### «СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындарына шаққандағы орташа табыстың арту деңгейі



### МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС ЫНТАЛАНДЫРУ

Қызметкерлерді жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін моральдық ынталандыру, тиімді еңбекке ұмтылдыру үшін Компанияда жыл сайын наградалар, құрмет грамоталарын, атақтар беру, корпоративтік ақпарат көздерінде жариялау шаралары жүзеге асырылады.

2015 жыл қорытындысында тиімді еңбегі үшін 28 қызметкер корпоративтік наградалармен, 12 қызметкер мен ардагер мемлекеттік наградалармен, 2 қызметкер ТМД Электроэнергетикалық Кеңес наградасымен, 4 қызметкер Қазақстан Энергетикалық Қауымдастығының наградасымен марапатталды.

### КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ G4-LA4

«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындарында 2014–2016 жылдарға Бірегей ұжымдық шарт жасалған және кәсіподақ ұйымдары құрылған және қызмет етеді. Компанияның әлеуметтік саясаты жұмысшылармен және олардың өкілдері – кәсіподақ ұйымдарымен анықталады.

Ұжымдық шартта Кормпания қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ кәсіпорын

зейнеткерлері мен ардагерлеріне әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер қарастырылған. «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобына Ұжымдық келісімшартты жасауда экономикалық мақсаттылық, жетімділік, бірлескен жауапкершілік пен айқындылық принциптері басшылыққа алынған.

Атауы	2013	2014	2015
Кәсіподаққа мүше қызметкерлер саны	1 862	1 844	1 822
Барлық қызметкерлер ішіндегі үлесі, %	73,2	71,5	70,5

### ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

#### ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР ЖӘНЕ ШАРАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Денсаулық пен қызметкерлердің қауіпсіздігі Компания үшін Стратегиялық даму бағдарламасында қарастырылған басым міндеттер тобына жатады. Өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алу электр және жылу энергиясы өндірісі қызметінде шешім қабылдауда айқындаушы фактор болып табылады.

Компанияның қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттары:

- Жарақаттану жағдайларын төмендету;
- Кәсіби қауіпсіздік деңгейін арттыру және кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру;
- Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын жақсарту;

- Жұмыстың қауіпсіз әдіс-тәсілдері бойынша жүйелі оқыту тренингтер өткізу есебінен қызметкерлердің қауіпсіз емес әрекеттерінің алдын алу;
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша қызметкерлерді ынталандыру жүйесін дамыту;
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша бірыңғай корпоративтік стандарттарды әзірлеу және енгізу;
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша заманауи жетекші тәжірибені, үздік әлемдік тәжірибелерді зерттеу және тарату.

2015 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда OHSAS 18001 кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау халықаралық стандартының талаптарына сәйкестікке аудит жүргізілді. Кәсіпорын оның қызметін және жүйенің талаптарға сәйкестігін растады.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғауда негізгі міндеттемелерге келесілер жатады:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындары қызметкерлері мен оның аумағында орналасқан сыртқы ұйым өкілдерінің өмірі мен денсаулығын сақтау;
- кәсіби қауіпсіздік және денсаулық саласындағы тәуекелдер мен олардың нәтижелілігімен байланысты тиісті заңнамалық және нормативті талаптарды орындау;
- алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге қажетті ресурстар бөлу;
- апаттылықты азайту мен алдын алуға бағытталған шараларды өткізу;
- пайдалану мен жөндеу сапасын тұрақты түрде жақсарту, жарақаттануды азайту, энергия өндірісі қалдықтары мен шығарылымдары үлесін төмендету, экологиялық жағдай мен еңбекті қорғауды жақсарту. **G4-LA5**

Аталған міндеттемелерге қол жеткізу үшін 2015 жылы келесі құжаттар әзірленіп, енгізілді:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО қызметкерлерін медициналық куәландыру тәртібі туралы регламент;
- Қызметкерлердің еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі саласындағы, электр станциялары мен желілерін пайдалану техникасы, жарақаттанғандарға дәрігерге дейінгі көмек көрсету, өрт қауіпсіздігі, арнаулы ережелерді білуіне біліктілік тексеруін жүргізу бойынша регламент;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындарында қайғылы оқиғаларды тіркеу және зерттеу бойынша регламент;
- IMS 06.06/01 Басшылық ескертпелер. Еңбекті қорғауды басқару.

Одан бөлек, келесі тәжірибелер енгізілді:

- Жұмыс орнында алғашқы және тұрақты инструктор техникалық оқыту құралдарын және презентациялық слайдтар мен фильмдерді қолдану арқылы өткізіледі, оның нәтижесінде әрбір қызметкер білімді қаншалықты игергені тексеріледі.
- Үшсатылы бақылау: 1-бақылау сатысы – күн сайын (ауысым сайын) басында және жұмыс күні (ауысымы) бойы жұмыс жетекшісі (бригадир, станция кезекшісі, ауысым шебері және т.б.) тексеру жасайды. 2-бақылау сатысы – еңбекті қорғау бойынша өкілетті тұлғалардың қатысуымен айына 1 мәртеден кем емес бөлім басшысымен (учаске, цех басшысы, аға шебер және т.б.) жүргізіледі. 3-бақылау сатысында бақылау айына бір мәртеден кем емес, кәсіпорын басшыларының бірі жетекшілік ететін комиссия тарапымен жүргізіледі және барлық өндірістік бөлімшелерді қамтиды. Үшінші бақылау түрі жазғы және қысқы жұмыс жағдайына дайындау мақсатындағы ғимараттарды,

қондырғыларды, құрылғыларды, транспорттарды көктемгі және күзгі тексеруден тыс жүргізіледі.

- Нормативті талаптардың сақталуын түбегейлі тексеруге мүмкіндік беретін Техникалық қауіпсіздік күндерін өткізу.
- Техникалық инспекторлар жұмыс орындарын тиісті талаптардың сақталуына күнделікті тексереді.
- Қызметкерлердің еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі саласындағы, электр станциялары мен желілерін пайдалану техникасы, жарақаттанғандарға дәрігерге дейінгі көмек көрсету, өрт қауіпсіздігі, арнаулы ережелерді білуіне біліктілік тексеруі екі кезеңде тексеріледі – тестілеу және билет бойынша ауызша тапсыру. Бұл қызметкердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, электр станциялары мен желілерін пайдалану техникасы, жарақаттанғандарға дәрігерге дейінгі көмек көрсету, өрт қауіпсіздігі, арнаулы ережелерін білуін теңеңірек тексеруге мүмкіндік береді.
- Компанияда әрбір жұмыс орнына әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, пайда болу жағдайлары, ықпал ету нысаны, күтпеген оқиғалар, тәуекелдерді бағалау және бақылау шаралары көрініс тапқан қауіптер мен тәуекелдер тізімі әзірленген. Жыл сайын құрылымдық бөлімше басшылары қауіптер мен тәуекелдерді төмендету шараларын әзірлеп, орындайды, мониторинг жасайды және ықпал етуіне талдау жасайды.



**ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ДЕҢГЕЙЛЕРІ**

Есептік жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» топ кәсіпорында-рында 2 қайғылы оқиға орын алды:  
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда 1 оқиға;  
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде 1 оқиға;

Қайғылы жағдайға әкелген оқиға түрлері:  
- жарақаттанушының құлауы;  
- қозғалыстағы, ұшатын және айналатын бөлшектердің ықпалы.

Қайғылы оқиғалардың себептері:  
- жарақаттанушының өрескел байқамаушылығы;  
- жұмыстың қанағаттанусыз ұйымдастырылуы.


Айта кету қажет, 2015 жылы өлім жағдайымен аяқталған оқиғаларға жол берілген жоқ.

Компаниядағы өндірістік жарақаттанудың деңгейі мен коэффициенті төмендегі кесте мен диаграммаларда берілген. **G4-LA6**

**Өндірістік жарақаттану деңгейі**

	2013	2014	2015
Қызметкерлер саны	2 544	2 576	2 586
Жарақаттану оқиғаларының саны	1	1	1
Жарақаттанғандар саны / олардың ішінде әйелдер	1/0	1/0	1/0
Өліммен аяқталған жағдайлар саны	1	1	0

Өндірістегі барлық жарақаттану жағдайларының (TIFR – Total Incident Frequency Rate) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті




1000 адамға шаққандағы өндірістегі барлық қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (TIFR) келесі формуламен есептелген:

$$Жк = n \cdot 1000/N, \text{ мұнда}$$

**n** – есептік кезеңде өндірістегі қайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің жалпы саны;  
**N** – қызметкерлердің орташа саны.

Өліммен аяқталған жарақаттану жағдайларының (FIFR – Fatality Incident Frequency Rate) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті



1000 жұмысшыға шаққандағы өліммен аяқталған қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (FIFR) келесі формуламен есептелді:

$$Жқ_1 = n_1 \cdot 1000/N, \text{ мұнда}$$

**n<sub>1</sub>** – есептік кезеңде өліммен аяқталған өндірістегі қайғылы оқиғалардың саны;  
**N** – қызметкерлердің орташа саны.

2015 жылы Компанияда келесі тәжірибелер енгізілді:

- ірі жарақат пен шығындарға негіз болатын кіші жарақаттар, оқиғалар, қауіпті жағдайларды зерттеу;
- себептерін анықтап, болашақта мұндай жағдайлардың қайталануын болдырмау мақсатында қайғылы оқиғалар нәтижесі бойынша ақпараттық бюллетеньдер шығару және онымен қызметкерлерді ақпараттандыру.

Өндірістік жарақаттануды алдын ала хабарлау және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарының бұзылуы жағдайларына мониторинг жасап, есепке алу мақсатында Компанияда келесі жұмыстар атқарылды:

- қауіпсіздік және еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту және білімдерін тексеру;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайына жоспарлы және тосын тексерулер жүргізу;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау күндерін өткізу;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша жиындар өткізу;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жұмыс орнын жасақтау;
- жұмыс орындарын ақпараттық плакаттармен және қауіпсіздік белгілерімен қамтамасыз ету;
- кәсіби жарыстар өткізу;
- көрсеткіш наряд-допуск бойынша және басқа да шаралар өткізу.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша профилактикалық жұмыс жүргізудің негізгі көрсеткіштері төмендегі кестеде берілген.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау шараларын орындау, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша 2015 жылы атқарылған шаралардың нақты шығыны 68,4 млн теңгені құрады.

Қызметкерлер қажетті жеке қорғаныш заттарымен, оның ішінде электрден қорғау заттары, арнайы тағам, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді.

**КОМПАНИЯНЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІ ЖАРАҚАТ АЛУДЫҢ ЖОҒАРЫ ТӘУЕКЕЛІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ G4-LA7**

Энергетикалық қондырғыға қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстар өндірісі жоғары тәуекелдермен байланысты. Кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары тәуекелімен байланысты қызметкерлерге электриктер/электромонтерлар жатады.

Электр құрылғыларында жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін:

- қызметкерлерді оқыту жүргізіледі;
- ұйымдастырушылық және техникалық шаралар жүргізіледі, оларды орындауға бақылау жасалды;
- қызметкерлер қажетті жеке қорғаныш және электрден қорғау заттарымен қамтамасыз етіледі.

Есептік кезеңде қызметкерлердің электр тоғымен жарақаттану дерегі тіркелген жоқ.

**Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізудің негізгі көрсеткіштері**

	2013	2014	2015
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша өткізілген жиындар саны	226	184	190
Өткізілген Қауіпсіздік және еңбекті қорғау күндерінің саны	76	76	86

**АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ ЖОСПАРЛАР**

2016 жылы Компания өндірістік нысандарды еңбек жағдайларына аттестациядан өткізуді жоспарлап отыр.

Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің саясатына сәйкес, Компания Экологиялық және әлеуметтік

қызмет жоспарын (ESAP) және мүдделі тараптармен өзара қызмет жоспарын (SEP) жүзеге асырады. ESAP жоспары аясында Компания жыл сайын «СЕВКАЗЭНЕРГО» топ кәсіпорындары бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғауды жетілдіру туралы ақпаратты қамтитын жазба есеп әзірлейді.



КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР



«СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы қызметкерлері жыл сайын кәсіпорын ішінде, сонымен бірге облыстық, аймақтық деңгейде ұйымдастырылатын спорттық және сауықтыру шараларына белсенді түре қатысады. Кәсіпорын ішінде спорттық жарыстар өткізу тәжірибесі командаға сыртқы жарыстарда жүлделі орындарды иеленуге мүмкіндік береді.

2015 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы қызметкерлері «Денсаулық» жыл сайынғы қалалық спартакиадасында түрлі сайыс бойынша екінші орын алды.

Энергетик күні қарсаңында жыл сайын бірнеше спорт түрі бойынша ішкі спартакиада өткізіледі. Олардың қатарында волейбол, үстел теннисі, мини-футбол, жүзу, шахмат, балық аулау бар.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС 50 жылдық мерейтойына орай, салтанатты шара өткізіліп, оның барысында кәсіпорын қызметкерлері салтанатты түрде марапатталды. Мерекелік шара аясында компания қызметкерлері балалары мен «Ата-ана қамқорлығынсыз қалған жетім балалардың облыстық мектеп-интернатының» тәрбиеленушілері – «Жұлдыздар» отбасылық үйінің балалары арасында сурет конкурсы ұйымдастырылып, оның жеңімпаздары сыйлықтар мен грамоталармен марапатталды.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ПЕН ДЕМЕУШІЛІК

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ұзақ жылдардан бері Солтүстік Қазақстан облысындағы «Ата-ана қамқорлығынсыз қалған жетім балалардың облыстық мектеп-интернатының» тәрбиеленушілері – «Жұлдыздар» отбасылық үйінің балаларына демеушілік көмек көрсетіп келеді. Компания оның тәрбиеленушілері мен түлектеріне түрлі мерекелік даталарға орай, естелік сыйлықтар беріп, каникул кезінде түрлі шаралар ұйымдастырады.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында «СҚ ЭТК» АҚ қызметкерлерінің бастамасымен «Жеңіс сквері» ашылып, ағаштар отырғызылды, мемориалды тақта орнатылды.

Топ кәсіпорындарында жыл сайын Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, жұмыс жасамайтын зейнеткерлерге азық-түлік, ақшалай сыйақы, көмірмен қамтамасыз ету түріндегі қамқорлық жасалады. Мерейтойлар мен мерекелік даталар қарсаңында кәсіпорын өкілдері зейнеткерлердің жағдайымен танысып, олардың өмірі мен кәсіпорындағы еңбек жолы жайлы корпоративтік басылымда мақала жарияланады.

2015 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қатысуымен мемлекеттік-жеке әріптестік аясында топ кәсіпорындары қызметкерлерінің балалары, сонымен қатар Петропавл қаласының өзге тұрғындарының балаларына да арналған 320 орындық «Алақай» балабақшасы ашылды.





ЕСЕПТЕ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТТЕР МЕН КӨРСЕТКІШТЕРДІ АШЫП КӨРСЕТУ  
ЖӘНЕ GRI 4 НСҚАУЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІК («ӘЛЕУМЕТТІК» КАТЕГОРИЯСЫ)

Есептің GRI G4 нұсқаулығына сәйкестік кестесі

№	Көр-сеткіш индексі	Көрсеткіш атауы	Ашылуы	Есептегі орны мен түсіндірмелер
<b>Стратегия және талдау</b>				
1.	G4-1	Ұйымда шешім қабылдайтын ең үлкен тұлғаның тұрақты даму мәселелерін шешуде ұйым қолданатын стратегия және тұрақты даму мәні туралы мәлімдемесі	Толықтай	Бөлім: Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі, 10–11-бет Бөлім: Президент үндеуі, 12–13-бет
2.	G4-2	Негізгі ықпал етулер, тәуекелдер, мүмкіндіктерге сипаттама	Толықтай	Бөлім: Қызметке айтарлықтай ықпал ететін тәуекелдерге талдау, 55–57-бет
<b>Ұйым профилі</b>				
3.	G4-3	Ұйым атауы	Толықтай	Бөлім: Компания профилі, 3-бет
4.	G4-4	Басты брендтер, өнім және/немесе қызмет түрлері	Толықтай	Бөлім: Компания профилі, 3-бет Бөлім: Бизнес-модель, 16-бет
5.	G4-5	Ұйымның штаб-пәтерінің орналасқан жері	Толықтай	Бөлім: Байланыстар, 96-бет
6.	G4-6	Ұйымның өз қызметін жүргізіп жатқан елдер саны және оның негізгі қызметі жүзеге асырылатын немесе есепте қамтылған тұрақты даму мәселелері тұрғысынан алғанда айрықша маңызды болып табылатын ел атаулары	Толықтай	Бөлім: Қызмет ету географиясы, 6-бет
7.	G4-7	Меншік сипаты және ұйымдастырушылық-құқықтық форма	Толықтай	Бөлім: Компания құрылымы, 17-бет
8.	G4-8	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар (оның ішінде географиялық топтастырылғандар, қызмет көрсетілетін секторлар, тұтынушылар мен бенефициарлар санаты)	Толықтай	Бөлім: Қызмет ету географиясы, 6-бет Бөлім: Еншілес ұйымдар туралы ақпарат, 18–19-бет
9.	G4-9	Ұйым ауқымы, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>Қызметкерлердің жалпы саны;</li> <li>Бөлімшелердің жалпы саны;</li> <li>Өткізудің таза көлемі;</li> <li>Несие және өзіндік капиталға бөлгендегі жалпы капитал;</li> <li>Жеткізілетін өнім не қызмет көлемі</li> </ul>	Толықтай	Бөлім: Кадрлық және әлеуметтік саясат, 70–74-бет Бөлім: 2013–2015 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштері, 5-бет Бөлім: 2015 жылғы қызмет нәтижелері, 34–37-бет Бөлім: Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер, 37–40-бет
10.	G4-10	Жалдану және аймағы туралы шарт, жұмыспен қамтылу түрі бойынша топтастырылған жұмысшылардың жалпы саны; <ul style="list-style-type: none"> <li>Жұмыспен қамту және жынысына бөлгендегі тұрақты қызметкерлердің жалпы саны;</li> <li>Штатағы және штаттан тыс, сондай-ақ, жынысына бөлгендегі жұмыс күшінің жалпы саны;</li> <li>Аймағы мен жынысына бөлгендегі жұмыс күшінің жалпы саны;</li> <li>Заң жүзінде жеке еңбек және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жұмысшылардың және штаттағы мен штаттағы және штаттаны тыс мердігерлерді қоса алғанда, штаттан тыс қызметкерлерден ерекшеленетін, жұмысшылардың үлесі;</li> <li>Жұмыспен қамтылғандар санының маусымдық өзгерісі</li> </ul>	Ішінара	Бөлім: Кадрлық және әлеуметтік саясат, 70–74-бет

№	Көр-сеткіш индексі	Көрсеткіш атауы	Ашылуы	Есептегі орны мен түсіндірмелер
11.	G4-11	Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлер үлесі	Толықтай	Қызметкерлердің 63%-ы ұжымдық шартпен қамтылған.
12.	G4-12	Тізбекті жеткізілімдерге сипаттама	Толықтай	Бөлім: Бизнес-модель, 16-бет
13.	G4-13	Есептілік мерзім ішінде болған ауқымдардың, құрылымдардың немесе меншіктердің елеулі өзгерістері, келесілерді қоса алғанда: <ul style="list-style-type: none"> <li>Кәсіпорынның ашылуы, жабылуы және кеңеюін қоса алғанда, қызметтегі өзгерістің орны мен сипаты;</li> <li>Акционерлік аапитал құрамындағы өзгерістер және капиталды қалыптастыру, ұстап тұру және өзгерту бойынша әрекеттер;</li> <li>Жеткізушіні таңдау және жеткізушімен қарым-қатынасты үзуді қоса алғанда, жеткізушіні мекен-жайы, жеткізу құрылымы немесе жеткізушімен қарым-қатынастағы өзгерістер</li> </ul>	Ішінара	Бөлім: Ұйымдық құрылым, 44–45-бет Бөлім: Акционерлік капитал құрылымы, 43-бет
14.	G4-14	Сақтық принципін қолдану	Толықтай	Бөлім: Табиғат қорғау шаралары шығындары, 64-65-бет
15.	G4-15	Ұйым қолдайтын немесе қосылған сыртқы тараптармен әзірленген экономикалық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, қағидаттар немесе басқа да бастамалар	Толықтай	Бөлім: Экологиялық ықпал етуді басқару, 62-63-бет Бөлім: Парник газдар шығарылымы, 64-бет Бөлім: Экологиялық менеджмент жүйесі, 68-бет
16.	G4-16	Мүдделерді қорғау жөніндегі қауымдастықтарға және/немесе ұлттық және халықаралық ұйымдарға мүшелік, оның ішінде ұйым: <ul style="list-style-type: none"> <li>Басқару органындағы орынға ие;</li> <li>Жобалар мен комитеттерге қатысады;</li> <li>Жалпы мүшелік салымдардан тыс маңызды қаржыландыруға қатысады;</li> <li>Өзінің мүшелігін стратегиялық тұрғыда қарастырады</li> </ul>	Ішінара	Компания Қазақстан Электро-энергетикалық қауымдастығының мүшесі болып табылады.
<b>Анықталған маңызды аспектер мен шекаралар</b>				
17.	G4-17	Шоғырландырылған қаржылық есептілікке есептіліктері қосылған заңды тұлғалар тізбесі	Толықтай	Бөлім: Есеп туралы, 3-бет
18.	G4-18	Есептің мазмұнын және аспектер шекараларын анықтау әдістемесі; Есеп мазмұнын анықтауда ұйымның есептілікті дайындау принциптерін қалай қолданғаны жөнінде түсіндірме	Толықтай	Бөлім: Маңызды аспектер мен шекаралар, 59-60-бет
19.	G4-19	Есеп мазмұнын белгілеу барысында анықталған барлық маңызды аспектер тізбесі	Толықтай	Бөлім: Маңызды аспектер мен шекаралар, 59-60-бет
20.	G4-20	Әрбір маңызды аспектке, ұйым ішіндегі аспект шекарасына (оның ішінде 3.2 тармағында көрсетілген және осы аспект маңызды болып табылатын заңды тұлғалар мен заңды тұлғалар тобының тізбесі) сипаттама	Ішінара	Бөлім: Маңызды аспектер мен шекаралар, 59-60-бет
21.	G4-21	Әрбір маңызды аспектке, ұйым ішіндегі аспект шекарасына (оның ішінде осы аспект маңызды болып табылатын заңды тұлғалар мен заңды тұлғалар тобы, нысандар мен географиялық аймақтардың тізбесі) сипаттама	Ішінара	Бөлім: Маңызды аспектер мен шекаралар, 59-60-бет
22.	G4-22	Алдыңғы есептерде келтірілген көрсеткіштерді қайта тұжырымдаулар нәтижесі және оның себебі	Толықтай	Көрсеткіштер өзгерген жоқ және Компанияның өткен жылдық есептерімен сәйкес келеді.



№	Көр-сеткіш индексі	Көрсеткіш атауы	Ашылуы	Есептегі орны мен түсіндірмелер
23.	G4-23	Қамту, шекара саласындағы есептілік кезеңдерінің алдыңғыларымен салыстырғандағы елеулі өзгерістер	Толықтай	Тұрақты даму саласындағы қызмет туралы есеп бірінші рет әзірленді.
<b>Мүдделі тараптармен өзара қызмет</b>				
24.	G4-24	Ұйым өзара әрекеттескен мүдделі тараптар тізбесі	Толықтай	Бөлім: Мүдделі тараптармен өзара қызмет, 61-62-бет
25.	G4-25	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу мақсатында оларды табу және іркітеу принциптері	Толықтай	Бөлім: Мүдделі тараптармен өзара қызмет, 61-62-бет
26.	G4-26	Мүдделі топтар мен түрлері бойынша өзара әрекет жиілігін қоса мүдделі тараптармен өзара әрекеттерге деген көзқарас; Есепті дайындау процесінің бөлігі ретінде арнайы қшара қарым-қатынас элементтері қолданылған-қолданылмағаны жөнінде ақпарат	Ішінара	Бөлім: Мүдделі тараптармен өзара қызмет, 61-62-бет
27.	G4-27	Мүдделі тараптармен өзара әрекет процесінде көтерілген немесе табылған түйінді тақырыптар мен қызығушылықтар, ұйым оларға қалай жауап қайтарды, соның ішінде өз есептілігі арқылы	Толықтай	Компания әзірге мүдделі тараптарды жылдық есепті әзірлеу процесіне қоспайды, алайда мұны алдағы жылдарда жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Бұл ретте осы Тұрақты даму туралы есептің элементі ретінде мүдделі тараптардың пікірлерін білу үшін Кері байланыс формасын әзірледі.
<b>Есеп туралы жалпы ақпарат</b>				
28.	G4-28	Ұсынылып отырған ақпарат енетін есептілік мерзім	Толықтай	Бөлім: Есеп туралы, 3-бет
29.	G4-29	Осының алдындағы тұрақты даму саласындағы есептің жарияланған күні	Толықтай	Бөлім: Есеп туралы, 3-бет
30.	G4-30	Есептілік мерзімі	Толықтай	Бөлім: Есеп туралы, 3-бет
31.	G4-31	Есеп пен оның мазмұнына қатысты мәлімдемелер үшін байланыс тұлғасы	Толықтай	Бөлім: Байланыстар, 96-бет
32.	G4-32	Ұйым таңдаған GRI нұсқаулығына сәйкес есеп дайындау нұсқасы туралы ақпарат. Таңдалған есеп дайындау нұсқасы үшін GRI мазмұны көрсеткіші. Құжат сыртқы тараппен мақұлданған жағдайда, есепті (сыртқы) қоғамдық мақұлдау қорытындысы	Ішінара	Бөлім: Есеп туралы, 3-бет Бөлім: Есептің GRI G4 нұсқаулығына сәйкестік кестесі, 80-85-бет
33.	G4-33	Тұрақты даму туралы есептілікті (сыртқы) қоғамдық мақұлдауды қамтамасыз етуге қатысты ұйым қолданатын саясат пен тәжірибе	Толықтай	Осы есеп сыртқы мақұлдаудан өткен жоқ. Компания оны ортамерзімдік перспективада мақсатты деп санамайды.
<b>Корпоративтік басқару</b>				
34.	G4-34	Ұйымның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік ықпалдары бойынша шешім қабылдауға жауап беретін корпоративтік басқарудың жоғарғы басқарушы органы комитеттерін қоса алғанда, ұйымды корпоративтік басқару құрылымы	Толықтай	Бөлім: Ұйымдық құрылым, 44-45-бет Бөлім: Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер және олардың қызметі, 49-бет
<b>Әдеп және адалдық</b>				
35.	G4-56	Тәртіп кодексі мен әдеп кодексі сынды құндылықтар, принциптер, стандарттар және ұйымның тәртіп ережелері	Толықтай	Бөлім: Корпоративтік басқару кодексінің сақтау туралы есеп, 52-бет

№	Көр-сеткіш индексі	Көрсеткіш атауы	Ашылуы	Есептегі орны мен түсіндірмелер
<b>«Экология» категориясы</b>				
<b>«Материалдар» аспекті</b>				
36	G4-СПМ	Менеджмент саласындағы әдістер туралы ақпарат	Толықтай	Бөлім: Экологиялық ықпал етуді басқару, 62-63-бет
37	G4-EN1	Массасы мен көлемі көрсетіліп пайдаланылған материалдар	Толықтай	Бөлім: Экологиялық ықпал етуді басқару, 62-63-бет
<b>«Су» аспекті</b>				
38	G4-СПМ	Менеджмент саласындағы әдістер туралы ақпарат	Толықтай	Бөлім: Су қолдану және су ресурстарын қорғау, 65-66-бет
39	G4-EN8	Су көздеріне шаққандағы алынған судың жалпы көлемі	Толықтай	Бөлім: Су қолдану және су ресурстарын қорғау, 65-66-бет
40	G4-EN9	Ұйымның су алымы айтарлықтай ықпал ететін су көздері	Толықтай	Бөлім: Су қолдану және су ресурстарын қорғау, 65-66-бет
41	G4-EN10	Бірнеше қайтара және қайта пайдаланылатын судың үлесі мен жалпы көлемі	Толықтай	Бөлім: Су қолдану және су ресурстарын қорғау, 65-66-бет
<b>«Шығарылымдар» аспекті</b>				
42	G4-СПМ	Менеджмент саласындағы әдістер туралы ақпарат	Толықтай	Бөлім: Парник газдар шығарылымы, 64-бет
43	G4-EN15	Парник газдарының тікелей шығарылымдары	Толықтай	Бөлім: Парник газдар шығарылымы, 64-бет
44	G4-EN18	Парник газ шығарылымдарының интенсивтілігі	Толықтай	Бөлім: Парник газдар шығарылымы, 64-бет
45	G4-EN19	Парник газ шығарылымдарының қысқаруы (CO <sub>2</sub> )	Толықтай	Бөлім: Парник газдар шығарылымы, 64-бет
46	G4-EN21	NO <sub>x</sub> , SO <sub>x</sub> және басқа да елеулі ластағыш заттардың шығарылымы	Толықтай	Бөлім: Атмосфералық ауаны қорғау, 63-бет
